

«СУ БАСТАМАЛАРЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРИ

БЕКІТЕМІН

ҚҚ «Су бастамаларының
орталығының» төрағасы

_____ С.Ахметов

« » _____ 2015 ж.

**КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТЕҢІЗ ОРТАСЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ
НЕГІЗДЕМЕЛІК КОНВЕНЦИЯСЫН ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ 2014
ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
БАЯНДАМАСЫ**

соңғы нұсқасы

Астана қ, 2015 ж

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
БӨЛІМ I. Жалпы ережелер	4
БӨЛІМ II. Тегеран конвенциясының және оған хаттамалардың ережелерін іске асыруға бағытталған қызметті шолу	12
БӨЛІМ III. Жалпы тұжырымдар мен нұсқамалар	83

КІРІСПЕ

Қазақстанның Каспий өңірі аймағы өзіне Атырау және Маңғыстау облыстарын қосады. Бұл аймақ еліміз үшін өте маңызды мәнге ие. Мұнда көмір-сутегі шикізатының негізгі қоры жинақталған және де осында Қазақстанның жалғыз теңіз порты орналасқан. Көбінесе дәл осы аймақтың экономикалық әлеуетін ескеруімен еліміздің дамуының ауқымды жоспарлары байланысқан.

Соңғы бірнеше онжылдықта Қазақстанның каспий өңірі, жалпы Каспий теңізі де ауыр антропогендік әсерлерге шалдығады, оның салдары теңіз ортасының ластануына және теңіздің биологиялық ресурстарының азаюы болды. Осыған байланысты каспий өңірі елдері өткен ғасырдың 90-жылдардың ортасында 2003 жылғы қарашада Тегеран қаласында (Ислам Республикасы Иран) қол қойылған Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі конвенцияны әзірлеуді шешті. Конвенция 2006 жылғы 12 тамызда күшіне енді. Қазақстанда Тегеран конвенциясы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы № 97 Заңымен бекітілді. «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 тамыздағы № 749 қаулысымен Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі (қазір ҚР Энергетикалық министрлігі) Қазақстан Республикасының аумағында Конвенция ережелерін орындауды үйлестіруші ұлттық орган болып белгіленді.

Конвенция оның ережелерін орындау бойынша нақты шараларды, рәсімдерді және стандарттарды белгілейтін хаттамаларды әзірлеуді қоса, Каспийдің экологиялық проблемаларының жан-жақты спектры бойынша Тараптардың ынтымақтасыуын көздейді.

Қазіргі уақытқа Тегеран конвенциясына 4 Хаттама дайындалды:

- Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өңірлік әзірлік, ден қою және ынтымақтастық туралы хаттама (Ақтау хаттамасы);
- Каспий теңізін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі хаттама (Мәскеу хаттамасы);
- Биологиялық сан алуандықты сақтау туралы хаттама (Ашгабад хаттамасы);
- Қоршаған ортаға трансшекаралық контексте әсер етуді бағалау (ҚОӘБ).

Аталған бірінші үш Хаттамалардың жобалары бойынша келіссөздер процестері аяқталды. Ақтау және Мәскеу хаттамаларына барлық елдермен қол қойылды, Ашгабад хаттамасы әзірше Иран және Түркіменстанмен қол қойылды, ал ҚОӘБ жөніндегі хаттамаға қол қою мүмкін Тегеран конвенциясы Тараптарының Конференциясының келесі сессиясында өтеді.

Тегеран конвенциясының хатшылығымен каспий өңірінің елдеріне Ақпаратпен аламсу және оған қол жетімділік, бағалау, мониторинг бойынша хаттама - бесінші хаттаманың жобасы жіберілді, сарапшылар деңгейінде оны талқылау ағымдағы жылғы қазан айына көзделді.

Тараптардың конференциясының шешіміне сәйкес каспий өңірі елдері Тегеран конвенциясының хатшылығына 2011 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында Тараптардың конференциясының үшінші сессиясында келісілген стандартты есеп нысанына сәйкес өздерінің Ұлттық баяндамаларын Тегеран конвенциясының хатшылығына ұсынуды келісті. Есептің қабылданған стандарты Конвенция хаттамаларының ережелеріне көптеген сілтемелерді қамтитынын атап өткен жөн, ол Конвенцияға хаттамалардың біреуінің де күшіне енбеген кездегі шартында Ұлттық баяндамаға дайындықты қиындатады. Дегенмен Ұлттық баяндама Қазақстан Республикасының заңнамасының, жергілікті өкімет органдарының және Үкіметтің бағдарламалық құжаттарының, орталық атқарушы органдарының мәліметтерінің және ақпараттарының талдауы негізінде қабылданған нысанға сәйкес дайындалды.

1 БӨЛІМ. Жалпы ережелер

1. Сіздердің елдеріңізде Тегеран конвенциясының қамтамасыз етілуі.

Сіздің еліңізде қолданылатын Тегеран конвенциясы ережелерінің және оның хаттамаларының жалпы заңнамалық, институционалдық, экономикалық, сондай-ақ басқа да іске асыру тәсілдерін айтып шығыңыз.

Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенциясы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы № 97 Заңымен бекітілді. Жалпы Тегеран конвенциясы бойынша іске асыру жөніндегі заңнамалық құралдарының санына еліміздің табиғатты қорғау заңнамасына жататын барлық Заңдарды және заңнамалық актілерді жатқызуға болады. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптарға арналған Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 38-тарауын (256-269-баптар) айрықша атап өту қажет.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы Заңның, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында талаптарды орнататын басқа да нормативтік құқықтық актілер шеңберінде Каспий теңізінің қазақстанлық секторында мұнай операцияларын өткізу барысында ұйымдармен өнеркәсіптік қауіпсіздікті сақтаудың бақылауы жүргізіледі. «Азаматтық қорғау туралы»

және «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасын Зандарының ережелеріне сәйкес мұнайдың авариялық төгілуді бодырма бойынша тұрақты оқытуларды өткізуіне бақылау, жер қойнауын пайдаланушыларымен теңіз құрылысында не отыз минутта қолжетімді жер шектерде теңізді тазалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қажетті мөлшердегі тиісті жабдықтары, материалдары мен заттары болу бөлігінде бақылау, сондай-ақ оларда теңізде мұнайдың төгілуін болдырмау және оны жою жөніндегі бекітілген жоспарлардың бар болуына бақылау жүзеге асырылады.

Қазақстанның теңіз көлігі саласындағы заңнамасына сәйкес (ҚР 2002 жылғы 17 қаңтардағы «Сауда мақсатында теңізде жүру туралы» және «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Зандары) тасымалдау процесінің барлық қатысушылары сауда мақсатында теңізде жүру талаптарын сақтауды және қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыруға міндетті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 тамыздағы қаулысымен Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі (ҚР ҚОҚМ), ақырында Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінен қайта құрылған (КОСРМ) Конвенцияеы іске асыру бойынша жауапты мемлекеттік орган болып анықталды. Алайда, 2014 жылғы 6 тамызда ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев жариялаған Қазақстанның Үкіметінің қайта құрылуынан кейін министрліктердің бірқатары таратылды және олардың функциялары басқа мемлекеттік органдарға берілді. Соның ішінде ҚР ҚОҚМ функциялары Энергетика министрлігіне берілді және осылай Энергетика министрлігі (ЭМ) қазіргі уақытта Қазақстанда Тегеран конвенциясын іске асыру үшін жауапты мемлекеттік орган болып табылады.

Тегеран конвенциясын орындау бойынша Қазақстанның міндеттілігіне қызметі тікелей қатысатын мемлекеттік органдардың санына сондай-ақ басқа министрліктер мен ведомстволар жатады. Соның ішінде, бұл ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі (Су және биологиялық ресурстар департаменті, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті және Су ресурстары комитеті), ҚР Ішкі істер министрлігі (Төтенше жағдайлар жөніндегі комитет), Инвестициялар және даму министрлігі (Көлік комитеті, Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті, Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті, Техникалық реттеу және метрология комитеті), сондай-ақ яатырау және Маңғыстау облыстық әкімдіктерінің Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармалары. Атап өткен мемлекеттік органдардан басқа Тегеран конвенциясын іске асырумен байланысты кейбір мәселелер Бәләм және ғылым министрлігінің, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму және тағы басқа министрліктердің қыметімен

байланысты. Саясаттық деңгейде Тегеран конвенциясы бойынша қызмет ҚР Сыртқы істер министрлігімен үйлестіріледі.

2008 жылғы 10 және 12 қараша аралығында Тегеранда (Иран) болған Тегеран конвенциясы бойынша Тараптардың Конференциясының екінші сессиясының шішімін орындау үшін 2009 жылдан бастап Қазақстан жыл сайын Конвенцияның хатшылығына 72 мың АҚШ доллар көлемінде жарна төлейді. Бұдан басқа Тегеран конвенциясы бойынша Ұлттық баяндаманы дайындау үшін 2010 және 2015 жылдар кезеңінде республикалық бюджеттен үш рет шамамен 1 миллион теңге көлемінде қаржылық қаражат бөлінді

Сіздің еліңіздің әр түрлі ұлттық салалық және салааралық жоспарларда/бағдарламаларда Каспийдің теңіз ортасын қорғау бойынша Тегеран конвенциясы жөніндегі міндеттемелерді орындау бойынша қызметті баяндаңызшы (экология және қоршаған ортаны қорғау саласынан басқа).

Қазақстанның Үкіметімен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Осы бағыттарда ықпалды шараларды қабылдау қажеттілігі бірқатар бағдарламалық құжаттарда көрсетілген, мысалы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама және т.б. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары тиісті бағдарламалық құжаттарға оның мақсаттары мен міндеттерімен байланысты жергілікті деңгейде шараларды қосуды міндеттейді. Ұлттық деңгейде Тұжырымдаманы орындау бойынша іс-шаралар жоспарында да жергілікті деңгейге жататын шаралар бар. Мысалға, Ақтау қаласында қатты тұрмыстық қалдықтармен басқару секторын жетілдіру жобасы бойынша шаралар қамтылады.

Ұлттық деңгейде бағдарламалық құжаттардың санына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысымен бекітілген 2020 жылға дейінгі кезеңге «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы да жатады. Ол бес бұрынғы бағдарламаларды біріктіреді: «Өңірлерді дамыту», «Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы», «Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылықты жаңғыртудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы», «2011-2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ», «Қол жетімді тұрғын үй - 2020».

Бағдарлама өңірдің индустриалды орталығы ретінде Ақтау агломерациясын (мұнай-химия, химия, металл өңдеу өнеркәсіптерінің бөлісуін әрі қарай өндіру) дамыту бойынша шараларды өткізуді; мұнай-газ секторына қызмет көрсету бойынша салаларды (сервистік және көліктік қызмет көрсету) дамытуды көздейді. Осы бағдарлама шеңберінде:

- Маңғыстау облысында көлік-логистика хабын әрі қарай дамыту және оның базасында халықаралық мультимодалдік көлік-логистика орталығын құру бойынша ұсыныстарды әзірлеу және енгізу;

- «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймақтың (АЭА) құрылымына трансұлттық өндірістерді және әлемдік брендтермен экспортқа шығарылатын өнімді тарту (мұнай-газ өнеркәсібі, машина жасау және мұнай химиясы саласында);

- Ақтау агломерациясын «Кендірлі» курорттық аймағының базасында халықаралық деңгейдегі теңіз туризмі орталығы ретінде дамыту жөнінде шараларды әзірлеу қабылдау;

- Ақтау қаласынан Форт-Шевченко, Құрық, Жаңаөзен елді мекендеріне, сондай-ақ Атырау қаласына автомобиль жолдарын реконструкциялау (ең төменгі жылдамдығы шектелген автобандар деңгейіне/халықаралық деңгейге жеткізе отырып) жөнінде ұсыныстарды дайындау жобаланады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы № 725 Жарлығына сәйкес Қазақстанда Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама Каспий теңізінде жүктерді тасымалдаудағы Қазақстанның үлесін 2012 жылғы 58% - дан 2020 70%-ға жеткізуді көздейді, өйткені қазіргі уақытта теңізбен жүктерді тасымалдаудың үлесі шет ел компаниялары үшін әлі де жоғары. Бағдарлама сондай-ақ 2016 және 2020 жылдары кезеңінде қазақстандық теңіз кемелерін 3-тен 5-ке дейін көбейтуді, жағалау инфрақұрылымының қамтамасыз етілу деңгейін 45%-дан 50%-ға дейін арттыруды, теңіз және өзен көлігінің 100 кемесіне шаққанда авариялықты 1,4%-дан 1,2%-ға төмендетуді, 2020 жылға қарай кеме жөндеу-кеме салу зауытын салуды көздейді. Сонымен қатар Ақтау теңіз портының өткізу қабілетін 16,8-ден 20,5 млн. тоннаға дейін арттыруды көзделеді, бұл үшін түпті тереңдету жұмыстарын жүргізіледі және үш құрғақ жүк терминалының құрылысын жүзеге асырылады, жүк тиеу және түсіру жұмыстары автоматтандырылады.

Атырау облысында Құрманғазы ауданындағы Қиғаш өзені арқылы паромдық өткелдер жаңғыртылады.

Мемлекеттік бағдарлама Қазақстанның Каспий маңы өңірінің көліктік инфрақұрылымын дамыту бойынша бөлек бөлімнің барын атап өту маңызды.

Облыстардың деңгейінде де бірқатар бағдарламалық құжаттар қабылданды. Осылай Атырау және Маңғыстау облыстарында 2011-2015 жылдарға облыстардың даму бағдарламасы іске асырылуда. Олар экономиканың және әлеуметтік дамудың барлық салаларын, соның ішінде облыстардың қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қамтиды.

2. Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау, сақтау және қалпына келтіру, оның ластануын болдырмау, төмедету және бақылау үшін, сондай-ақ оның ресурстарын теңіз ортасына зиян келтірмейтіндей қолдану үшін Конвенция Тараптарының бір-бірімен ынтымақтастығы.

Жоғарыда аталған міндеттемелер, басқа да бірлескен іс-әрекеттік жоспарлар/бағдарламалар және т.б. бойынша сіздің еліңіз қатысатын ынтымақтастық бағыттарға қысқаша сипаттамаі беріңіз.

Каспий маңы елдері Каспий теңізінің табиғи ресурстарын тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласында бір бірімен өзара сәтті әрекеттеседі. Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенциядан басқа Каспий маңы елдерімен бес жақты форматта тағы бірқатар уағдаластықтарға қол қойылғанын атап шығу қажет.

Сонымен қатар, Астрахань қаласында (Ресей Федерациясы) болған Каспий маңы мемлекеттері басшыларының саммитінде 2014 жылғы 29 қыркүйекте төмендегі бесжақты келісімдерге қол қойылды:

- Каспий теңізінде төтенше жағдайларды болдырмау және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;
- Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану туралы келісім;
- Каспий теңізінің гидрометеорологиясы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім.

Жоғарыда аталған келесімдердің біріншісі Каспий теңізінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындаған жағдайда тараптардың іс-әрекетін реттейді. Ол Каспий теңізінде төтенше жағдайларды болдырмау және/немесе оларды жою мақсатында қолданылады, егер олар қандай да бір Тараптардың мемлекетінің күштерімен жойылмаса, оның салдарынан бұл Тарап басқа Тарапқа немесе Тараптарға көмек сұрап жүгінуге құқылы. Каспий теңізінде төтенше жағдайларды болдырмау және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісім ҚР 2015 жылғы 23 маусымдағы Заңымен бекітілген.

Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану туралы келісім шеңберінде Тараптар бірлескен су биологиялық ресурстарын кәсіптік аулауды реттеу жөніндегі шараларды және су биологиялық ресурстарының заңсыз, хабарландырусыз, реттеусіз кәсіптік аулануына және заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі шараларды әзірлеу, кәсіптік аулау статистикасының деректерімен алмасу, бірлескен су биологиялық ресурстарын және олардың тіршілік ету ортасын молайтудың және сақтаудың бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру және т.б. бөлігінде ынтымақтасады. Келісім ҚР 2015 жылғы 17 шілдедегі Заңымен бекітілген.

Каспий теңізінің гидрометеорология саласындағы ынтымақтастық туралы келісім Каспий теңізінің жай-күйі туралы ақпарат алу мен алмасудың кешенді өңірлік жүйесін құруға және дамытуға бағытталған. Ол ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 533 қаулысымен бекітілді.

3. Осы Конвенцияның мақсаттарына жету үшін құзыретті халықаралық ұйымдарды қоса алғанда келісуші тараптар бір бірімен, үшінші тараптармен ынтымақтастық (4.d және 18.1-баптар).

Сіздің еліңіз тарап болып табылатын каспий маңы елдерімен екі жақты келесімді көрсетіңіз, сонымен қатар қандай халықаралық ұйымдармен және көп жақты табиғатты сақтау келесімдермен сіздің еліңізбен ынтымақтастық жүзеге асырылады.

Қазақстан бес каспий маңы мемлекеттерінен екі мемлекетпен құрлық шекараға ие (Ресей Федерациясы және Түркіменстан). Қазақстан мен Ресейді трансшекаралық өзендер байланыстырады, соның ішінде Каспий теңізінің алабында орналасқан. Қазақстанда Түркіменстанмен бірлескен трансшекаралық өзендер жоқ.

Қазақстанның Ресей Федерациясымен трансшекаралық өзендер бойынша әрекеттесу 2010 жылы 7 қыркүйекте Өскемен қаласында (Қазақстан) қол қойылған трансшекаралық су объектілерін бірлесіп айдалану және сақтау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы келесім негізінде сүйенеді.

Осы келісімді орындау мақсатында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану мен қорғау жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия құрамында ірі өзен бассейндері, соның ішінде Қазақстанда Жайық-Каспий су шаруашылығы бассейніне кіретін Жайық, Қиғаш, Кіші және Үлкен Өзен бойынша жұмыс топтары құрылды. Комиссия және оның Жұмыс топтарының отырысы жыл сайын кезекпен екі мемлекеттің аумағында өткізіледі.

2014 жылы Комиссияның отырысы 13-15 қарашада Астрахань қаласында (Ресей Федерациясы) өтті, ағымдағы жылда отырыс Ақтөбе қаласында (Қазақстан) өткізуді жоспарлануда.

Жұмыс топтары өзендер бассейніндегі жай-күйді талдау үшін бекітілген жұмыс регламенттеріне сәйкес метеорологиялық, гидрологиялық, гидрохимиялық және су шаруашылық ақпаратымен алмасуды жүргізеді, Мысалы, Жайық өзені бойынша ақпарат алмасу Ресейдің Орынбор облысы бойынша Төменгі Волж бассейндік су шаруашылығы басқармасының (БСБ) су ресурстары бөлімі мен Қазақстанның Жайық-Каспий бассейндік су шаруашылығы (БСИ) инспекциясы арасында жүзеге асырылады. Еділ өзенінің атырауында болатын Қиғаш тармағы бойынша ақпарат алмасу Ресейдің Астрахань облысы бойынша Төменгі Волж БСБ мен Қазақстанның Жайық-Каспий БСИ арасында жүзеге асырылады.

1996 жылғы 20 маусымдағы Жайық өзенінің бассейнінде су шаруашылығы қызметін үйлестіру, трансшекаралық су объектілерін берлесіп пайдалану және сақтау туралы хаттамаға сәйкес Ресей мен Қазақстан арасында Жайық және Елек өзендерінен су ағып түсу үшін суды бөлу мәселелері келісілгенін баса айту қажет.

Қазақстан және Ресей сарапшылары Каспий теңізінде іздеуде және құтқаруда ынтымақтастық туралы ҚР Үкіметі мен РФ Үкіметі арасында келісімді дайындау бойынша жұмыс өткізуде. Келісімнің мақсаты Тараптардың іздестіру-құтқару аймақтарында Каспий теңізінде апат шеккен адамдарға тиісінше көмек көрсету бойынша қызметті үйлестіру болып табылады.

Қазақстан халықаралық ұйымдардың көбімен келісімге ие және көптеген көп жақты табиғатты сақтау келісімдердің Тарабы болып табылады. Мысалы Қазақстан Трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша БЭК конвенциясының тарабы болып табылады (Эспоо конвенциясы), оның бір тарабы болып Әзірбайжан да болып табылады, Қазақстан Орхусс конвенциясының тарабы болып табылады, оның Тараптары Әзірбайжан және Түркіменстан болып табылады, Қазақстан халықаралық көлдер және трансшекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның тарабы болып табылады, оның тараптары болып Әзірбайжан, Ресей, Түркіменстан да болып табылады.

Каспий теңізінің жағалауы мен акваториясында өзінің қызметін жүзеге асыратын Қазақстанның көптеген мұнай және газ компаниялары, бірлескен кәсіпорындары, мұнайдың тасуына әрекет ету және т.б. бойынша шетел серіктестіктерімен келісімге ие.

4. Осы Конвенцияның ережелерін және оған хаттамаларды сақтауды қамтамасыз етудің рәсімдерін әзірлеу, сондай-ақ осы Конвенцияның және оған хаттамалардың ережелерін бұзу нәтижесінде Каспий теңізінің ортасына зиян келтіргені үшін материалды жауапкершілікке және өтемақыға қатысты ережелер мен рәсімдерді әзірлеу үшін Конвенция Тараптарының бір бірімен ынтымақтастығы.

Сіздің еліңізде қолданыстағы халықаралық келісімдердің ережелері мен рәсімдері қолданыла ма?

Сөзсіз, Қазақстанда қолданыстағы халықаралық келісімдердің ережелері мен рәсімдері қолданылады, өйткені еліміздің заңнамасына сәйкес халықаралық келісімдердің ережелері өзінің заңдық күшіне енген соң ұлттық заңнама ережелерінен басымдылыққа ие. Бірақ, қазіргі уақытқа дейін Тегеран Конвенциясының бірде бір қол қойылған Хаттамалары күшені еңбегенін баса айту қажет.

2 БӨЛІМ. Тегеран конвенциясының және оған хаттамалардың ережелерін іске асыруға бағытталған қызметті шолу

Ластануды болдырмау, азайту және бақылау

Жер үсті көздерінен ластану (Тегеран конвенциясының 7-бабы және Каспий теңізін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі хаттама жобасы, бұдан әрі - ҚЛЖК).

5. Жоғары басымдық объектілері тізімінің негізінде нүктелі көздерден ластайтын заттардың келуін қысқарту бойынша ұлттық қызмет жоспарын жүзеге асыру.

Сіздік еліңізде жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластануды азайту немесе жою үшін қандай да бір ұлттық жоспар/әрекет бағдарламасы әзірленгенін/жүзеге асырылатынын көрсетіңіз. Егер әзірленген/жүзеге асырылған болса ұлттық әрекет бағдарламасы/жоспары шеңберінде қабылданған нақты қойылған мақсаттар және шаралар мен саясат түрлеріне қатысты жан-жақты ақпаратты, іске асыру мәртебесін, атқарушы органдарын, жүзеге асыру нәтижесінде әсердің сандық бағасын, сондай-ақ уақыт шығының қоса алғанда болжамды шығындарды келтіріңіз

	<i>a) ҰӘЖ</i>	<i>b) бағдарлама</i>
<i>Жоқ</i>	жоқ	жоқ
<i>Жоқ, әзірлеудің бастапқы кезеңінде жатыр</i>		
<i>Жоқ, әзірлеудің тәжірибелі кезеңінде жатыр</i>		
<i>Иә, әзірлеу аяқталды және іске асыру жүзеге асырылуда (жоғарыда аталған ақпаратты қоса суреттеудің толықтылығын келтіріңіз)</i>		

Ескертпе: Тегеран конвенциясына Каспий теңізін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі хаттама (Мәскеу хаттамасы) қазақстан тарапымен қол қойылды, бірақ әлі бекітілген жоқ, тиісінше

күшіне енбеген.

6. Каспий теңізінің теңіз ортасына теріс әсер етуін тоқтатпаған құрлықтағы ластау көздерін консервациялау және толық жою.

Сіздің еліңіздің аумағында экологиялық талаптарға келмейтін қатты тұрмыстық қалдықтардың және мұнай өндіруші қалдықтардың қоймасын, полигонын, қоқыс орнын бар болуын көрсетіңіз. Оларды жарату үшін қолданылатын технологияларды көрсетіңіз.


Атырау облысы

Экологиялық бағыттардың басымдылықтарының бір өндіру және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу болып қалады.

Аймақ тұрғындарының әл-ауқат деңгейінің артуымен коммуналдық қалдықтардың көлемінің көбеюі байқалады, негізінде облыстық орталықта, өйткені жұмыс күшінің миграциясы нәтижесінде жұмыс іздеуде ауыл тұрғындарының басымы қалаға келді.

Облыстың барлық елді мекендерінде, әсіресе Атырау және Күлсары қалаларында тұрмыстық қалдықтарының көлемінің өсуіне байланысты оны сақтау және қайта өңдеу мәселесі бірінші орында тұр. Бұл ретте қатты тұрмыстық қалдықтардың полигондары мен қоқыс орындарының көбі пайдалану кезінде нормативтік белгілерге сәйкес келмейді.

Күн сайын Атырау қаласының полигондарына 200 тоннадан артық ҚТҚ әкелінеді. Облыстық экология департаментінің мәліметі бойынша 2014 жылы аумақта қалдықтардың саны – 285,5 мың тоннаны құрады (сур. 1).



Сур.1. Атырау қаласының жылдар бойынша ҚТҚ мөлшеренәі динамикасы

Қалдықтарды жинау және әкету бойынша жеткілікті инфрақұрылымның жоқтығы елді мекендерде стихиялық қоқыс орындарының құрылудың бір себебі болып табылады.

Коммуналдық қалдықтардың негізгі массасы фракцияларға бөлінбей ашық қоқыс орындарына әкетіледі және қаттап тасталынады, ол жер қыртысының, сыртқы және жер асты суларының, атмосфералық ауаның ластанудың себебі болып табылады.

Жыл сайын облыста 500 мың тонна қалдық қалыптасады, соның ішінде 300 мың тонна коммуналдық және 200 мың тонна өнеркәсіптік. Қатты тұрмыстық қалдықтарды оратылқандырылып тұрақты жинаумен Ақтау қаласы қамтылған. Қатты тұрмыстық қалдықтардың қаттап тастаудың және сақтаудың негізгі орындары Ақтау қаласының полигондары және аулдық елді мекендердің ұйымдастырылған қоқым қоқыс орындары болып табылады.

«Мемлекеттік мүлікті республикалық меншіктен коммуналдық меншікке берудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 5 ақпандағы № 40 қаулысынң негізінде жалпы теңгерімдік құны 97 202 406 (тоқсан жеті миллион екі жүз екі мың төрт жүз алты) теңге тұратын Атырау қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту инвестицияларының негіздемесі бойынша әзірленген жоба республикалық меншіктен Атырау облысының коммуналдық меншігіне беріледі. Атырау қаласы Махамбет ауданының Алмалы ауылдық округі аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу кешені бойынша және көму бойынша полигоны үшін 50,0 га көлеммен жер учаскесі бөлінді.

Жобаны одан әрі әске асыру үшін әкімдік:

1. «Қазақ мемлекеттік – жеке меншік әріптстік орталығы» АҚ концессиялық жобасы ретінде полигонның құрылысы;
2. Халықаралық қаржы институттарымен, донорлармен, жеке меншік секторлармен ынтымақтастықты қарастыруды.

«Қатты тұрмыстық қалдықтармен басқару» аймақтық бағдарламасы шеңберінде Атырау облысында аудандық орталықтарда және облыстың елді мекендерінде қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату үшін 10 полигон құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді және мемлекеттік сараптамадан өтуде.

Бұл жобаларды іске асыруға дейін қатты тұрмыстық қалдықтарды сақтау және қайта өңдеу мәселесі проблемалық болып қалады.

Радиациялық жағдай. Атырау облысының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының мәліметі бойынша жалпа облыс бойынша радиациялық жағдай норма шегінде және 7-14 мкР/сағ құрайды. Бұл ретте күрделі мәселелердің бірі Азғыр полигоны қызметінің салдарын бағалау және жою болып табылады.

«Азғыр» полигоны шамамен батыстан шығысқа дейін 20 км және оңтүстіктен солтүстікке дейін 15 км көлемі бар Құрманғазы ауданының аумағында орналасқан. Қазақстан Республикасы Ұлттық орталығының Ядролық физика институтымен орындалған зерттеулер бойынша жер қыртысында плутоний-239-240, стронций-90, америций-241, цезий-137 сияқты негізгі дозатүзуші элементтерінің болуы бойынша аумақтың ластану деңгейі ғаламдық түсу деңгейінен артық емес деген қорытынды шығарылды.

Алайда, тұрғындардың денсаулығына полигонның салдары мен себептерін анықтау үшін Азғыр полигонының қоршаған ортаға және тұрғындардың денсаулығына әсерінің кешенді радиоэкологиялық, экологиялық-экономикалық және медициналық зерттеуін, сондай-ақ технологиялық алаңдар қасында карст ойықтарын жою бойынша жұмыстарды өткізу қажет.

Көптеген жылдар бойы Атырау облысында маңызды экологиялық мәселелердің бірі Теңіз кен орнында «ТеңізШевройл» (ТШО) бірлескен кәсіпорнының мұнай өндіру бойынша қызметі нәтижесінде қалыптасатын күкірттің қаттап тасталуы болып табылды. Соңғы жылдары осы мәселе шешілуге жақын болды.

Осылай, «ТШО жаңалықтары» газетінің мәліметтері бойынша №02(212) ТШО компаниясы 2014 жылы 3,8 миллион тонна күкіртті іске асырды, ол 2,4 миллион тонна көлемінде күкіртті шығарудың 162% құрайды. Күкірттің сәтті іске асырылуы ТШО-ға 2014 жылғы 31 желтоқсан жай-күйі бойынша 265 мың тоннаға дейін күкірт карталарында қордың көлемін қысқартуға рұқсат етті.



Сур.2 ТШО компаниясымен күкірттің қоры, өндірісі және іске асырылуы.

Маңғыстау облысы

2014 жылғы жай-күйі бойынша облыс бойынша мұнай-газ өндіретін кәсіпорындарының келісімшарттық аумағында орналасқан 377,7141 га тарихи ластанулар бар, олар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ – 39.4 га, «Өзенмұнайгаз» АҚ – 110,0441 га, «Қаражанбасмұнай» АҚ – 228,27 га.

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі, «Қазмұнайгаз» ҮК» АҚ арасында 1 288 355 м³ көлемінде «Өзенмұнайгаз» АҚ келісімшарттық аумағында жабдықталмаған қалдық сақтағыштарда орналасқан қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу, және 252 850 м³ көлемінде «Өзенмұнайгаз» АҚ келісімшарттық аумағы шегінде мұнаймен ластанған аумақты тазарту туралы қоршаған ортаны қорғау саласында ынтымақтастық туралы 2014 жылғы 5 маусымда № 332 меморандум жасалды.

2014 жылдан бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіпорны «Жетібай тобындағы кен орны аумағында «тарихи» мазутталған аумақтарды қалпына келтіру және жою» жұмыс жобасы бойынша Жетібай тобындағы кен орнында қайта өңдеумен «тарихи» мазутталған аумақтарды қалпына келтіру және жою бойынша жұмыстарды бастады, онда 15 жыл ішінде Жетібай тобы аумағындағы орналасқан барлық мазутталған аумақтарды кезең-кезеңмен қысқарту және жинау жоспарлануда.

Сондай-ақ 2014 жылдан бастап «Қаражанбасмұнай» АҚ кәсіпорны биологиялық ремедиациялау әдісін қолданумен тарихи мұнаймен ластанған 20,0 га жерді қалпына келтіру жүргізді. «Тарихи» мазутталған аумақтарды қалпына келтіру бойынша жұмыстар жалғасуда.

Жанаөзен қаласында қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму комбинатының құрылысы аяқталды. Бұл Маңғыстау облысындағы бірінші қоқысты өңдеу комбинаты. Қатты тұрмыстық қалдықтардан тас төсегіштер мен канализациялық люктер шығарылады. Қоқысты өңдеу комбинатын пайдалануға енгізу бойынша құжаттар аяқталу деңгейінде.

Маңғыстау облысының аумағында уыттандыратын қалдықтар үшін жалпы көлемі 117,02 га алатын 34 полигон бар. Бұл өнеркәсіп полигондарында 2014 жылғы жай-күйі бойынша 1411,47 мың тонна қалдық орналастырылған.

Маңғыстау облысында қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыру үшін 8 полигон бар. 2014 жылғы жай-күйі бойынша орналастырылған қатты тұрмыстық қалдықтардың жалпы саны 736,168 мың тоннаны құрады.

Облыстың мағызды экологиялық проблемалардың бірі «Қошқар-Ата» қалдықтарды сақтау қоймасы болып табылады, мұнда 105 млн. тоннадан астам уыттандырылған қалдықтар көмілген, одан 52 млн. тоннасы – радиоактивті. Сұйық күйдің кеуіп кетуіне

байланысты жалаң телімнің топырақтануы және атмосферада аэрозольдық бөлшектердің таратылуы болады. Орналастырылған қалдықтардың жалпы көлемі 66 км², жалаң жағажайдың көлемі – шамасында 55 км² құрайды және сұйық күй деңгейінің төмендеу процесі жалғасуда.

Осыған байланысты жасанды көлдің сұйық күйдің деңгейін тұрақтандыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Жыл сайын қалдықтарды сақтау қоймасына Ақтау қаласының 6,3 млн. м³ тазартылған шаруашылық нәжіс суы құйылады.

Тұрғындардың химиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2013 жылы техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН), ал 2014 жылы жобалық-сметалық құжаттама («Қошқар-Ата» қалдықтарды сақтау қоймасын қалпына келтіру ЖСҚ)

7. Каспий теңізі суларының немесе экожүйесінің жай-күйі осыны талап еткен жағдайларда, осы Конвенцияға қосымша хаттамалармен көзделгеннен барынша қатаң талаптардың белгіленуі.

Сондай талаптарды көрсетіңіз.

Қазақстанның заңнамасында теңіз ортасын қорғауға талаптарды нақтылайтын тәртіптер бар. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 256-269-баптарында Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де жұмысты жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар қамтып көрсетілген.

8. Жер үсті көздерінен ластануды болдырмау, азайту және бақылау үшін сарқынды су төгінділерін ұлттық органдармен лицензиялау/рұқсат беру.

Лицензияларды/рұқсаттарды алу үшін тиісті ұлттық жүйелерді/рәсімдерді көрсетіңіз.

Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 8 тарауында көзделген.

Табиғатты пайдаланушыларға қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат берілетін объектілер 4 категорияға бөлінеді: I, II, III и IV.

I санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 1 және 2-сыныпты объектілері жатады.

II санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 3-сыныпты объектілері жатады.

III санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 4-сыныпты объектілері жатады.

IV санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 5-сыныпты объектілері жатады.

Өндірістік объектілердің санитариялық сыныпталуына сәйкес сыныпталмайтын қызмет түрлері IV санатқа жатады.

Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты I санат объектілеріне - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органнан, II санат объектілеріне - облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан, III санат объектілеріне - оңайлатылған схема бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан, IV санат объектілеріне облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан алады.

Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу үшін қажетті құжаттар топтамасын рұқсат беретін органға ұсынады.

I, II және III санаттардағы объектілері бар табиғат пайдаланушылар үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға арналған құжаттар топтамасы:

- 1) рұқсат алуға өтінімді;
- 2) эмиссиялар нормативтерінің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын;
- 3) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтиды.

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар қолданыстағы рұқсатта көрсетілген табиғат пайдаланудың қолданылатын технологиялары мен шарттары өзгергенге дейінгі, бірақ I, II және III санаттардағы объектілер үшін он жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат, қолданыстағы рұқсатта көрсетілген табиғат пайдаланудың қолданылатын технологиялары мен шарттары өзгерген жағдайларды қоспағанда, мерзімсіз негізде беріледі.

Кешенді экологиялық рұқсат табиғат пайдаланушының ең озық қолжетімді технологияларды енгізу және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген эмиссиялардың техникалық үлес нормативтерін сақтау шартымен қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру құқығын куәландыратын біртұтас құжат болып табылады.

Өнеркәсіптің жекелеген процестері мен салалары үшін ең озық қолжетімді технологиялар тізбелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мүдделі

орталық атқарушы органдардың, басқа да заңды тұлғалардың қатысуымен әзірлейді және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың орнына кешенді экологиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіп объектілері типтерінің тізбесін және оларды беру тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді

4. Кешенді экологиялық рұқсат мыналарды:

- 1) шикізат пен энергияны үнемді пайдалану шарттарын;
- 2) қалдықтарды басқару жүйесін;
- 3) қоршаған ортаға қауіп төндіретін жағдайларда объектіні пайдалану жөніндегі іс-әрекеттер мен шараларды;
- 4) ең озық қолжетімді технологияларды енгізу мерзімдері мен шарттарын қамтуға тиіс.

Кешенді экологиялық рұқсат осы рұқсатта көрсетілген қолданылатын технологиялар мен табиғат пайдалану жағдайлары өзгерген кезге дейін қолданылады.

9. Қалалық ағынды суларды, оның ішінде ол қажет жерлерде кезең-кезеңімен тазартудың әр түрін қолдану.

Ластанған сарқынды сулар шығарындыларының көлемінің өзгеру үрдісін түсіндіріңіз.

Өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындармен, ТКШ және т.б. сарқынды сулар шығарындыларының көлемін көрсетіңіз.

Тазартқыш ғимарттардың және оларды қайта құру бойынша жоспарлардың/бағдарламалардың болуын көрсетіңіз.

Тазартылмаған сарқынды сулар шығарындыларының көлемін көрсетіңіз.

Сарқынды судлар шығарындыларын бақылау жүйесіне қысқаша сипаттама беріңіз.

Сарқынды сулар шығарындылары кезіндегі экологиялық талаптар Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 225-бабында сипатталған. Атап айтқанда бапта қоршаған ортаға эмиссияға тиісті экологиялық рұқсат бар болған жағдайларды қоспағанда, табиғи су объектілерін сарқынды суды ағызып жіберу үшін пайдалануға тыйым салынаты айтылған

.Сарқынды суларды жинағыштары және (немесе) сарқынды суларды табиғи биологиялық тазартуға арналған жасанды су объектілері бар табиғат пайдаланушылар

олардың қоршаған ортаға әсерін болғызбау жөніндегі қажетті шараларды қолдануға, сондай-ақ оларды пайдалану тоқтатылғаннан кейін жерлерді рекультивациялауды жүзеге асыруға міндетті.

Жобаланған (пайдалануға жаңадан берілетін) өндірістік сарқынды суларды жинақтауыш-буландырғыштарға:

1) сүзгіге қарсы экранның болуы;

2) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар жобалық шешімдерге сәйкес нормативтік-тазартылған сарқынды суды орналастыру талаптары қойылады.

Сарқынды суларды алдын ала тазартусыз су объектілеріне, сарқынды су жинақтауыштарға, жергілікті жердің рельефіне ағызуға тыйым салынады.

Батыс Қазақстанда негізгі су объектілері Жайық, Шаған, Деркөл және Елек өзендері болып табылады.

Жайық өзеніне тазаланбаған нормативтік таза сулар шығарындыларының көлімі 12807,0 мың м³ құрайды.

2012-2015 жылдардағы Жайық-Каспий бассейні бойынша су объектілеріне сарқынды сулар шығарындыларының жалпы көлемі 4259,8 млн. м³ құрайды, соның ішінде:

2012ж. – 1260,7 млн. м³;

2013 ж. – 1149,2 млн. м³;

2014 ж. – 1248,9 млн. м³;

2015 жылдың бірінші жартыжылдығына – 601,0 млн. м³.

Одан:

тазаланбаған нормативтік таза сулар - 4040,2 млн. м³, соның ішінде:

2012 ж. – 1127,6 млн.м³;

2013 ж. – 1117,9 млн.м³;

2014 ж. – 1211,9 млн. м³;

2015 жылдың бірінші жартыжылдығына 2015 года – 583,2 млн. м³.

тазаланбаған нормативтік таза сулар 27,5 млн. м³ құрайды, соның ішінде:

2012ж. – 6,8 млн.м³;

2013ж. – 6,1 млн.м³;

2014ж. – 9,9 млн.м³;

2015 жылдың бірінші жартыжылдығына – 4,7 млн. м³.

Жайық-Каспий бассейнінің су объектілеріне сулар шығаратын ірі су пайдаланушылардың санына төмендегілер жатады:

Атырау облысы бойынша:

- «АЖЭО» АҚ (электр энергиясының өндірілімі 1679941 Мвт. сағ.; жылу энергиясының өндірілімі 911000 Гкал.) – 60,44 млн. м³, соның ішінде Каспий теңізі 19,39 млн. м³ және Приморский ылғалдандыру жүйесі – 41,05 млн. м³;

- «АМӨЗ» ЖШС (мұнай өңдеу 5 500 000 тн./жылына, электр энергиясының өндірілімі 206900 Мвт. сағ., жылу энергиясының өндірілімі 966000 Гкал.) – 7,373млн. м³.

Бұдан басқа, төмендегі кәсіпорындар сүзу, булану, жинақтауыштарға және жергілікті жердің рельефіне сулар шығарындылары жүзеге асырады:

- АМӨЗ» ЖШС - 2,82 млн. м³;

- «ҚазТрансОйл» АҚ батыс филиалы -0,04 млн. м³;

- Атырау Су Арнасы» КМК «- 2,82 млн.м³.

Маңғыстау облысы бойынша:

Маңғыстау облысы бойынша су тартудың жалпы көлемі 3285,6 млн. м³ құрайды, соның ішінде су объектілеріне шартты түрде таза шығарындалырды 3269,0 млн. м³ құрайды. Одан:

2012ж. -1046,1млн. м³;

2013ж. -1066,4млн. м³;

2014ж. -1173,1млн. м³;

2012, 2013, 2014 және 2015 жылдың бірінші жарты жылдығына сүзу жерлеріне сарқынды сулар шығарындыларының көлемі 11,5 млн. м³ құрады.

Сарқынды суларды шығаратын ірі су пайдаланушыларға «МАЭК» ЖШС жатады. Каспий теңізіне шығарылатын сарқынды сулар көлемі 1200 млн. м³ құрайды.

Қоршаған ортаға сарқынды суларды шығаратын кейбір кәсіпорындардың су жинауыш тоғандары бар. Мысалға, Маңғыстау облысында мұнай өндірумен айналысатын «Қаракұдықмұнай» ЖШС Қаракұдық кен орнында су жинауыш тоғаны бар. Кәсіпорында сарқынды судың биологиялық тазарту құрылысы бар, оның қуаты 60-тан 120 м³/тәу. дейін артты. 2014 жылы өткізілген жоспарланған тексерулер нәтижесі бойынша ЖШТ нормативтерін арттыру фактілері табылған жоқ.

Солтүстік бозашы кен орнында Вахталық кенттен 1 км солтүстік батыста орналасқан көлемі шамамен 2 га балшық алаңдары бар. Алаңдар көлемі 50×50м, ауданы 1000 м², кедергілеу білік биіктігі 0,5 м және ені – 0,8 м табиғи негізде орналасқан 4 картамен көрсетілген.

Кедергілер біліктері жуандығы 30 мм ұсақталған таспен бекітілген, нөсертартқыш астау бойынша әр 25 м кейін температуралық жым көзделген. Жұмыс алаңы астында 100 мм қалыңдығымен қабатталған жер .

Салқындатқыш әуіттер өзімен құлама қырдың жоспарланған белгіге шұңқырдың түбі бойынша біршама тереңдігі 1,5 м, 25,0×40,0 м көлемімен тікбұрышты формалы құлама шұңқырларды көрсетеді.

Алаңның барлық жақтарынан 0,5-0,8 биіктігімен үйілмелі топырақтан қорғаныс құламасы бар.

Орталық айырғыш төсеме үймеден білік қырының ені 10 м.

Тазарту құрылыстары өзімен 125 м³/тәу. өнімділігімен 1 блоктан тұратын биологиялық тазарту жүйесін көрсетеді.

«KEE PROCESS» тазарту құрылыстарынан шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды тазарту процесінде балшық тұнбасы пайда болады. «KEE PROCESS» тазарту құрылысынан тұнбаларды кәдеге жарату, биологиялық тазарту процесінде пайда болатын артық белсенді балшықты кептіру және уақытша сақтау балшық алаңдарында жасалады. Балшық алаңдарындағы кептірілген тұнбаның ылғалдығын 30%-дан 40% шеңберінде (СН РК 4.01-03-2011) алу қажет. Осылайша, балшық алаңдары оны үш жылдан аспайтын мерзімге қауіпсіз сақтап (ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес, 288-бап, 3-тармақ), кейін әкетіп және өңдеуге мердігерлік ұйымға берумен (пеште жағу) тұнбаны барынша кептіру үшін арналған.

Су жинауыш тоған Маңғыстау облысы Тұпқарағай ауданында орналасқан «Қаражанбас» АҚ-тың Қаражанбас кен орнында бар. Тазарту құрылысының кешені (ТҚК) 720 м³/тәу. Қуаттылығымен шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды тазарту үшін арналған.

Маңғыстау облсы Қарақиян ауданындағы «Ерсай Каспиан Контрактор» ЖШС-дағы буландырғыш тоғандарға сарқынды сулар «Дупур био 500» (Мембраналық Биореактор) қондырғысында биологиялық тазартудан кейін түседі. Барлығы мұнда 6 буландырғаш тоған, оларға екі жылда бер рет кезектеп тоғандардың біреуінің толық кептірілуі және кеуп қалған тұнбаны тазалауы жүргізіледі.

«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» компаниясының буландырғын тоғандары Маңғыстау облысы Тұпқарағай ауданының Қошанай алаңында орналасқан. Сарқынды сулар онда «Сетко» тазарту құрылысы кешені арқылы түседі.

Бүгінгі күнге Маңғыстау облысының Каспий айдынында проблемалар байқалмайды.

Ашық теңізгі сарқынды суларды шығаруға тыйым салынды. «Маңғыстау гидрометеорология орталығы» еншілес мемлкеттік кәсіпорнымен Ақтау теңіз порты АЭА аумағында, (Кендірлі – Дивичи, Песчаный – Дербент, Маңғышлақ - Чечень) ғасырлық қиылысу станцияларында, Қаражанбас және Арман кен орындарында, Форт-Шевченко,

Фетисово, Қаламқас жағалау станцияларында Каспий теңізінің сулардың жағдайының және түп қалдықтарының тұрақты мониторингі жүзеге асырылады. Келесі ингредиенттерге аналитикалық бақылау жүргізіледі: мұнай өнімдері, фенол, нитрит, нитрат, аммоний азоты, темір, фосфат, тұз, БПК-5, еріген оттегі, температура, кальций, магний, карбонаттар, гидрокарбонаттар, АББЗ, СББЗ, РН.

Қоршаған ортаға сарқынды суларды шығаруды бақылау жүйесіне келсек, оның негізгі ережелері Қазақстанның Экологиялық кодексінің 12 тарауында сипатталған. Нақты талаптар тиісті нормативтік-құқықтық актілерде баяндалған, мысалға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 мамырдағы № 788 қаулысымен бекітілген «Елді мекендердің су бұру жүйелеріне сарқынды суларды қабылдау ережесі».

10. Ластағыш заттарды шығаратын көздерді болдырмау, азайту және бақылауға арналған аз қалдықты және қалдықсыз технологияларды қолдану.

Аймақта ластағыш заттар шығарындыларын азайту бойынша аз қалдықты және қалдықсыз технологияларды кең пайдаланады, соның ішінде өндірістік және ауыл шаруашылық қажеттіліктеріне су алуды азайту жолымен.

Мысалға, «ТШО жаңалықтары» №02(212) 2015 бойынша ағымдағы жылы ТШО суды қайта пайдалану жобасын аяқтайды жоспарлауда, ол қолданыстағы көздерден өндірістік және тұрмыстық қажеттіліктері үшін суды пайдалануды азайтуға мүмкіндік береді.

Атырау облысында соңғы жылдары ашық та және жабық та топырақта ауылшаруашылық дақылдарын тамшылап суару технологиясы кең таралуда. Қазіргі уақытта аймақтың «Атырауагроөнімдері», «Райхан», «Сабуров», «Джумағалиев», «Рахатов», «Сандугаш» сияқты ірі кәсіпорындарымен тамшылап суару технологиясы бойынша 250 га алаңында ашық және жабық топырақта ауылшаруашылық дақылдары өсіріледі, оның 155 га жеміс-жидек, 77,5 га көкөністер, 8 га бақша және 10 га картоп.

Облыста осы тамшылап суару технологиясын қолдануды үш жыл бұрын Махамбет ауданында «Атырауөнімдері» ШҚ бірінші болып ендіріп, ашық топырақта егіс көлемі 142 га жетеді, онда көкөніс-бақшы дақылдар және жеміс-жидек отырғызу бапталады. Сонымен қатар, шаруашылықпен 1 га көлемімен тамшылап суару жүйесін пайдаланумен жылы жайды қолданысқа енгізу жоспарлануда.

Сонымен қатар, омы аудандағы «Райхан» кохозшы шаруашылығы көкөніс дақылдарын тамшылап суару технологиясы бойынша үш жыл өсіред, ағымдағы жылда осы технология бойынша 60 га бапталады, 4000 шаршы метрге маусымдық жылы жай жұмыс

жасайды, онда ерте көктемнен қоңыр күзге дейін ауылшаруашылық дақылдардың таңдаулы сорттары өсіріледі.

Тамшылап суару технологиясын дамыту үшін облыста 2011 жылға осы технологияны қолданумен 3 га жалпы көлемімен жылы жайларды салу жоспарлануда.

11. Шоғырланған көздердің органикалық, оның ішінде ауыл шаруашылығында барларын қоса алғанда, қауіпті заттардың ағынын азайту үшін қолда бар ең озық тәсілдерді (ҚОТ) пайдалану.

Сіздің еліңізде осындай ҚОТ пайдалануын көрсетіңіз.

Қолданыстағы ең жақсы технологиялар Қазақстанның Каспий маңы өңірлерінде өзінің қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындармен белсенді енгізілуде.

Осылай «ТШО жаналықтар №02(212) 2015 газетінің мәліметтері бойынша 2000-2014 жылдары аралығында қоршаған ортаны қорғау бойынша ТШО шығындары 3 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл, сондай-ақ алау етіп жағатын ілеспе газдың жалпы көлемін 91% азайтуға мүмкіндік берді. Газдың кәдеге жарату коэффициенті абсолюттік деңгейге дейін өсті және қазір 99% көп.

12. Екі немесе одан көп Уағдаласушы Тараптардың немесе олардың арасында шекара құрайтын аумақ арқылы ағатын ағын судан түсетін ластағыш заттар (НИЗД бойынша хаттама, 11-бап, 2-тармақ).

Туісті мәселелерді шешу үшін сіздің еліңізде қандай шаралар өткізіледі?

Туісті мәселелерді шешу үшін бар бірлескен органдарды көрсетіңіз.

Қазақстан аумағына Ресей Федерация аумағынан Каспий теңізінің бассейніне Жайық өзенінің (Елек және Шаған салалары) су ағындары, сондай-ақ Қиғаш тармағы арқылы Еділ өзенінен біршама кішкентай көлемде су ағыны түседі.

Су көлемінің төмендеуіне байланысты айрықша алаңдатуды Жайық өзені әкелуде. Нәтижесінде Жайықтың табиғи ортасы елеулі өзгерістерге ұшырады, өзен таяздайды және ластанады, судың сапасы төмендейді, алқаптық ормандар құриды.

Жеке кезеңдерде Елек өзенінде (Жайық саласы) алты валентті хромның қоюланудың мүмкіндік шегінің артуы байқалады. Жер асты және жер үсті сулардың 6 валентті хроммен ластану көздері кеңес уақытында салынған хром байланысы зауытының қоқыстық тоғандары болады.

ҚР Энергетика министрлігінің Экология департаменті ай сайын Жайық өзені мен оның саласының экологиялық мониторингін өткізеді.

Беткі сулар сапасын бақылау №104 2012ж.18.01. САН.НЖЕ талаптарына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте беткі суларының ластану деңгейіне физикалық және химиялық көрсеткіштер бойынша бақылау жүргізіледі.

Қазақстан шеңберінде нормативтік таза шығарындыларды қоспағанда, Жайық өзенінің арнасына сарқынды сулардың шығарындылары жоқ.

2010 жылы 7 қыркүйекте Өскемен қаласында қол қойылған трансшекаралық өзендер бойынша Қазақстан мен Ресей арасындағы көптеген мемлекетаралық проблемаларды шешу Трансшекаралық су ағындарын бірлесіп пайдалану және қорғау туралы үкіметаралық келісімнің шеңберінде жүзеге асырылады. Сол келісімге сәйкес трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау бойынша қазақстан-ресей комиссиясы құрылды, оның отырыстары жылына бір рет кезектесіп Қазақстан мен Ресейде өтеді.

2014 жылғы 13-15 қарашада Ресей Федерациясының Астрахань қаласында Трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау бойынша Қазақстан-Ресей комиссиясының IV (XXII) отырысы өтті. Отырыста Жайық, Қиғаш, Үлкен және Кіші Өзен өзендері бассейндерінің жұмыс топтарының есептері тыңдалды.

Жайық, Қиғаш, Үлкен және Кіші Өзен трансшекаралық өзендерінің бассейндері бойынша жұмыс топтары Қазақстан-Ресей комиссияның III (XXI) және IV (XXII) отырыстарында қабылданған шешімдеріне сәйкес жұмыстарды жүргізеді.

Жұмыс топтары Бірлескен бақылау регламентіне сәйкес трансшекаралық су объектілеріне бақылауды ұйымдастырды. Белгіленген тұстарда бақылауды жүргізу кезінде трансшекаралық су объектілерінің ластануы бойынша оперативтік ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

Бекітілген регламенттерге сәйкес Жайық өзені бойынша Орынбор облысы бойынша Кіші-Волж БСШБ су ресурстары бөлімімен, Үлкен және Кіші Өзен бойынша Саратов облысы бойынша Кіші-Волж БСШБ су ресурстары бөлімімен, Қиғаш өзені бойынша Астрахань облысы бойынша Кіші-Волж БСШБ су ресурстары бөлімімен мол сулы кезең алдында (жер қыртысының метрлік қабатының күзгі дымқылдануы, жер қыртысының, бақылау уақытында қарда су қорының, өзен суының қатып қалуы) гидрометеорологиялық жағдайды талдау үшін гидрометеорологиялық, гидрологиялық, гидрохимиялық және су шаруашылығы ақпаратымен алмасу жүргізілді.

Жайық өзенінің бассейні

Жұмыс тобы Ресей жағынан Елек өзені және Қазақстан жағынан: Елек өзені – Георгиевский кенті, Елек өзені – Целинный кенті, Ор өзені – Бөгетсай кенті тұстары бойынша Жайық өзенінің бассейні суының химиялық құрамы бойынша ақпаратпен

алмасу жүзеге асырады.

Жайық өзені – Елек өзені гидрохимиялық тұс Қазақстан Республикасы аумағымен шекаралық Жайық өзенінде соңғы тұс болып табылады.

Ақтөбе облысының және Ресей Федерациясының аумағы бойынша Жайық өзенінің саласы Елек өзені ағады, ол трансшекаралық су объектісі болып табылады. Жайық өзені және оның саласы Елек өзені үлкен халық шаруашылық мәнге ие, себебі өзендердің су ресурстары Ресей Федерациясының, Қазақстан Республикасы Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Атырау облысының халық шаруашылығының барлық салаларында қолданылады.

Трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау, Жайық бассейнінде су шаруашылығы қызметін үйлестіру туралы 1996 жылғы 20 маусымдағы хаттамаға сәйкес Жайық және Елек өзендері бойынша берілетін су шығыны анықталды.

Трансшекаралық сулар сапасының бекітілген негізгі көрсеткіштерін жүзеге асыру үшін «Қазсушар» РМ-ның Ақтөбе филиалымен Ақтөбе және Қарғалы су қоймасынан суды ағызу асырылады.

Жыл сайын Ақтөбе және Қарғалы су қоймасынан Елек өзенінің арнасы бойынша 155,0 млн. м³ су жарамсызданады. Сонымен бірге соңғы жылдары судың сапасын жақсарту үшін алты валентті хромның көлемін азайту мақсатында күзгі-қысқы кезеңде Елек өзеніне су қоймаларынан суды шығару жүзеге асырылады.

2014 жылы Ресей Федерациясына 1278,064 млн.м³ шығарылды.

Қазақстан Республикасына судың келуі 8672,0 млн.м³ құрады.

Қиғаш өзенінің бассейні

Қиғаш өзеніндегі судың шығының өлшеу қазіргі уақытқа дейін Тараптапмен жүргізілген жоқ. Қиғаш өзені бойынша 2013 жылғы 31 қазандағы жұмыс тобының хаттамалық шешімімен тараптарға ҚР аумағында Қиғаш кенті және РФ аумағында Кіші Арал ауылы аумағында Қиғаш өзенінде қосымша гидроорынды орнату ұсынылған.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 мамырдағы № 457 қаулысымен бекітілген Қазақстанның су ресурстарын басқару мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2014 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес су шаруашылығы объектілері бөлігінде, оның ішінде жаңа гидроорындарды салуды көздейтін 2014-2016 жылдарға арналған Негізгі іс-шаралар жоспарының жобасы (Жол картасы) әзірленуде. Қиғаш кенті қасында жаңа гидроорынды салу жол картасына енгізілді.

Бұдан басқа Қиғаш өзеніндегі Котьяевка гидроорнына су шығынын өлшеу үшін қазіргі заманға сай ағын профилографтары, қайықтар, гидрометрикалық айналмалар әкелінді.

2010 жылы 7 қыркүйекте Өскемен қаласында қол қойылған Траншекаралық су ағындарын бірлесіп пайдалану және қорғау үкіметаралық келісімге қатар, Жайық суларын қорғау және пайдалану туралы Қазақстан мен Ресей арасындағы келісім жобасы әзірленуде, оның шеңберінде Жайық өзені бассейні бойынша барлық шаралар кешенін келісу жобаланады.

13. Қоршаған ортаға шығарындыларды реттейтін жүйелі түрде инспекциялау және қадағалау жүйесін құру.

Оның бар болуын жән функцияларын көрсетіңіз.

Қазақстанның каспий маңы өңірінде қоршаған ортаға шығарындыларға/төгінділерге инспекцияны және бақылауды жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстанның Энергетика министрлігі Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша Экология департаменті болып табылады. Орталық деңгейде бұл қызмет түрлерін Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетімен жүзеге асырылады.

Комитеттің негізгі міндеттері болып мыналар табылады:

- 1) қоршаған ортаның сапасын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау және қоғамның экологиялық орнықты дамуының қолайлы деңгейіне қол жеткізу;
- 2) қоршаған ортаны қорғау және мемлекеттік экологиялық бақылау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін өз құзыреті шегінде жетілдіру;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және өткізу;
- 4) эмиссияларды ұйымдастыру, үйлестіру, нормалау және экологиялық рұқсаттарды беруді жүзеге асыру;
- 5) мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру және т.б.

Комитеттің негізгі функциялары:

- 1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;
- 2) өз құзыреті шегінде реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру ...;
- 3) ведомствоның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді бекіту ...;

4) өз құзыреті шегінде лицензиялауды немесе рұқсат беру рәсімдерді жүзеге асыру;

14. Құзыретті ұлттық органдарынан рұқсат алған жағдайда нүктелі көздерден шығарындыларды жүзеге.

Үрдістерді анықтау үшін ілгерілеу бойынша мәліметтердә ұсыну

Қазақстанның заңнамасына сәйкес су объектілеріне ластанушы заттарды шығаруға тыйым салынады. Нормативтік таза сулардың шығарындыларына рұқсат беріледі.

Атырау облысында осындай шығарындыларды Жайық өзеніне үш кәсіпорын жүзеге асырады: «Атырау Су Арнасы» КМК және екі Атырау бекіре балық өсіретін зауыты.

Өндірістік кәсіпорындардан және коммуналдық-тұрмыстық шаруашылықтардан 80% астам шығарындалар Атырау қаласында, сондай-ақ Жылыой және Индер аудандарында орналасқан булану алқабына тасылады. Облыстың барлық аудандық орталықтарында кәріз тазартқыш ғимараттар жоқ, ал қолданыстағы жүйелер тозған, ол қоршаған ортаға жағымсыз әсер етеді.

15. Ластанудың шашыраңқы көздерінен заттардың шығарындыларын реттеу әдістері.

Сіздің еліңізде қолданылатын сондай әдістерге сипаттама беріңіз.

Батыс-Қазақстан облысы су ресурстарының негізгі ластаушылары сүзгілеу алқабына және жинақтаушыға сарқынды суларды шығаратын кәсіпорындар болып табылады. Қоршаған ортаға сарқынды суларды шығаратын ірі су пайдаланушыларға «Орал Су Арнасы» МҚК, Ақсай коммуналдық шаруашылықтың мемлекеттік кәсіпорны, «Қарашығанақ Петролеум Оператинг Б.В.» мұнай компаниясы, «Жайықжылуэнерго» ААҚ, «Конденсат» ААҚ, «Орал» УМГ, «Интергаз Орталық Азия» ЖАҚ, Орал мұнай құбыры басқармасы жатады. Облыс аумағында қоршаған ортаға сарқынды сулардың шығарындыларын жүзеге асыратын 13 кәсіпорын есептеледі. Суларды ластанудың қуатты көздері сүзгілеу алқабы және «Құс» АҚ құс саңғырығының қоймасы, Желаево, Володарка, Шолпан кенттерінің мал шаруашылығы қалдықтарының қоймасы, сондай-ақ «Аққайнат» АҚ сарқынды суларды жинақтаушы және саңғырық қоймасы, Балаған және Үлкен Шаған кенттерінің көң қоймасы болып табылады.

Атырау облысында су объектілерінің негізгі ластаушылары мұнай-газ кешенінің кәсіпорындары болып табылады: «Күлсарымұнай» МГӨБ, «Жайықмұнай» МГӨБ,

«Прорвамұнай» МГӨБ, «Қазақойл-Бұрғылау» СБК. Бұл өндірістік алаңдарда мұнай және бұрғылау коқыстарының, өндірістік алаңдарда мұнай тасуының пайда болуымен түсіндіріледі. Мұнай және газ өндіру саласының өнеркәсіп қалдықтары жер қыртысына және жер асты суына ерекше қуатты техногендік әсер тигізеді. Ластаушы заттар дастанған жерлерден өзендер мен су қоймаларына жер үсті немесе жер асты ағынмен ағады. Бұл процесс теңіз деңгейінің көтерілу және айдау құбылысының әсерін көру нәтижесінде су басуына тартылған Каспий жағасындағы жиек алқабында ерекше белсенді өтеді

Экологиялық қауіптің ірі көзі 1945 жылы салынған «Тухлая балка» Атырау қаласының сол жағалау бөлігінің булану алқабы болып табылады, онда тәулік сайын 10-15 мың.м³ сарқынды сулар шығарылады. Қазіргі уақытта тұндырғышта мұнай өнімдері, фенол, хлорид, аммоний тұздары, ауыр металлар бар қисапсыз көлемді ластанған сұйық қалдықтары жиналды. Жинақтауыштың қомақты бөлігі мұнай өнімдері қабатымен жабылған. Булану алқыбаның Жайық өзінің арнасына жақындығы, өзен жағына сулардың гидравликалық ауытқуының бары, жинақтауыш табанының гидроқшауының жоқтығы жер асты сулары арқылы Жайық өзені суларының бұл компоненттермен ластану үшін жағдай туғызады.

Маңғыстау облысында ірі ластаушылар қатарына келесі мұнай-газ өндіретін өнеркәсіптің кәсіпорындары жатады: «Өзенмұнайгаз» ААҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ, «Қаражанбасмұнай» ААҚ, «ТексакоНорсБузачи», «Майерск Ойл Қазақстан Гмбл» («Арман» БК), «ҚаракұдықМұнай» БК, «Майерск Ойл Қазақстан Гмбл» («Партекс» БК), «Қазақтүрікмұнай» ЖШС. Мұнай өндіретін кәсіпорындар қызметінің нәтижесінде 2000 га жуық жер мазутталған, 170 тыс. м³ жуық шикі мұнай жер қамбаларында орналастырылып қалады. Жер қамбасынан мұнай инфильтрациясы кезінде жер асты суларының ластануы болады және жер асты суларын босату бассейні болатын Каспийдің ластану қауіпті туады.

16. Теңіздің ластануын оның түбіндегі қызмет нәтижесінде қадағалау, азайту және болдырмау.

Сіздің еліңізде Каспий теңізінің түбіндегі қызметке алдын ала жазбаша рұқсат алуды талап ететін заңнама жасалған ба? Ал сіздердің елдеріңіз сондай заңнаманы жүзеге асыру үшін қажетті әкімшілік шараларды қанишалықты жүзеге асыруда?

Сіздердің елдеріңіз заң шығару және институционалдық құрылым және әкімшілік шараларын жасау мен жүзеге асыруды қосқанда қондырғыларды басқару мен техникалық қызмет көрсету, өңдеу, құрылыс, орналастыру, жабдықтау, таңбалау, жасанды аралды салу мен пайдалану, сондай-ақ, Каспий теңізі түбіне құбыр желісін төсеуге қатысты қауіпсіздік шараларын сақтауды қамтамасыз ету үшін қандай

қадамдарға баруда?

Сіздердің елдеріңіздегі Каспий түбіндегі консервацияланған ұңғыманың бар-жоғын және олардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылған шаралардың көрсетіңіз.

Қазақстанның заңнамасында теңізді оның түбіндегі әрекет нәтижесінен ластанудан қорғауға аса көп көңіл бөлінген.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі жалпы экологиялық талаптарға арналған Экологиялық кодекстің 262-бабында төмендегілер көрсетілген:

- топырақты қазып алумен және басқа жерге апарумен байланысты жұмыстарға арнайы рұқсат болған кезде жол беріледі;

- құрылыстарды салу, монтаждау және оларды қайта бөлшектеу ластаушы заттардың барлық түрлерін жинауды қамтамасыз ететін технологиялар пайдаланылған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін;

- келісімшарттық аумақ шегінде бұрын бұрғыланған ұңғымалар табылған кезде жер қойнауын пайдаланушы оларды өз балансына қабылдауға және олар бойынша мониторинг жүргізуге міндетті;

- мұнай операцияларының барлық сатысында қоршаған ортаға эмиссия олар үшін белгіленген ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділеріне жол берілетін шекті нормативтерінен аспауға тиіс;

- ұңғымаларды пайдалану кезінде апаттық ахуалдың қауіп төндіру жағдайларын қоспағанда, флюидтерді алау етіп жағуға тыйым салынады;

- ұңғымаларды сынау кезінде көмірсутегін алау етіп жағу барынша азайтылуға тиіс;

- Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы шегінде, ластанбаған немесе тазартылған сарқынды сулардың шектеулі тізбесін, оның ішінде салқындату және өрт сөндіру жүйесіндегі сулар мен қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның рұқсаты бойынша ағызылатын балластық суларды қоспағанда, сарқынды суларды ағызуға және қалдықтарды тастауға тыйым салынады. Судың бақылау жақтауы шегінен тыс ағызылуы нәтижесіндегі температурасы соңғы он жыл ішіндегі ағызу кезеңіндегі орташа айлық су температурасымен салыстырғанда бес градустан жоғары аспауға тиіс;

- бұрғылау калдықтарын оларды залалсыздандыру жөніндегі алдын ала операцияларсыз жер қойнауына айдауға тыйым салынады және ол мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобаға сәйкес жүзеге асырылады;

- бекітілген жобалық құжаттарда көзделген, қыртыс қысымын сақтау арқылы мұнай беруді ұлғайтуды қамтамасыз ететін Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі ілеспе мұнай газын нормадан тыс жер қойнауына айдауға, сондай-ақ, ілеспе газды жобалық көрсеткіштен артық айдауға тыйым салынады;

- айналымға тартылмайтын және жер қойнауына айдалмайтын бұрғылау калдықтарын (шламдар мен қоспаларды) залалсыздандыру мен сақтау жөніндегі барлық операциялар Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағынан тысқары жерде, арнайы полигонда жүзеге асырылуға тиіс. Аталған операциялар полигон құрылысының бұрғылау жұмыстары басталар кезге қарай аяқталуын қамтамасыз етуге және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылуға тиіс;

- бұрғылау платформасы (баржа) және оған қызмет ететін кемелер сарқынды суларды тазарту мен залалсыздандыруға немесе сарқынды суларды жинауға, сақтауға және кейін арнаулы кемелерге немесе жағалаудағы қабылдау құрылғыларына беруге арналған қондырғылармен жабдықталуға тиіс. Қоқысты жинау немесе өңдеу (ұнтақтау немесе сығымдау) үшін тиісті құрылғылар көзделуге тиіс. Бұрғылау платформаларында (баржаларда) қоқысты жағуға тыйым салынады;

- кез келген құрылыс және өзге де жұмыс түрлерін жүргізген кезде судың терең қабаты мен теңіз түбінде жару жұмыстарын пайдалануға тыйым салынады. Теңіз түбіндегі жару жұмыстары қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсаты бойынша жүзеге асырылады;

- су тарту құрылыстары балық қорғау құрылғыларымен жарақтандырылған жағдайда ғана теңізден су тартуға жол беріледі. Су тарту құрылыстарында балық қорғау құрылғылары жұмысының тиімділігін үздіксіз бақылауға арналған техникалық құрылғылар орнатылуы тиіс;

- бұрғылық және тампонаждық сұйықтар құрамында техникалық жобада келісілмеген заттар қолданылмауы тиіс;

- бұрғылау қондырғылары Халықаралық теңіз ұйымының тұншықтыратын газ шығарындыларының шекті мәндері жөніндегі талаптарына сай келетін іштен жану двигателдерімен жарақтандырылуы қажет;

- энергия қондырғылары іштен жану двигательдерімен немесе қосарлы отын (дизельді отын - газ) турбиналарымен жарактандырылуы тиіс;

- су қорғау аймағында және теңіздің жағалау бойындағы тереңдігі 5-10 метрге дейінгі таяз сулы учаскелерінде ұңғымаларды бұрғылау сыртқы желілерден электр жетекті бұрғылау қондырғыларының көмегімен жүзеге асырылады. Егер бұрғылау дизельді отыны және дизельді жетегі бар генератордан бұрғылау қондырғысымен жүргізілсе, онда мұндай қондырғылардан тазартылмаған шығарынды газдардың атмосфераға шығуы барынша төмендетілуі тиіс;

- теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде, мұнай мен құрамында мұнай бар жүктерді тасымалдайтын әрбір теңіз құрылысында және әрбір кемеде төгілудің зардаптарын шектеу және жинау үшін материалдар мен абсорбенттер орналастырылуы тиіс;

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 263-бабында геофизикалық жұмыстар жүргізу кезінде төмендегілерге тыйым салынады:

- сейсмикалық толқындардың жару көздерін және ихтиофауна мен олардың тіршілік ету ортасына зиянды әсер ететін параметрлері бар пневматикалық көздерді пайдалануға;

- теңізде сейсмикалық шығанақтардың бөлініп қалуы мен су ағызып кетуін болдырмау үшін оларды қараусыз қалдыруға, сондай-ақ, оларды су түбімен сүйретуге тыйым салынады.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 264-бабында теңізде барлау мен өндіру кезінде төмендегілер қарастырылады:

- мұнай операцияларын жүргізген кезде ұңғымаларды бұрғылау қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық практикада қабылданған, байқаудан өткізілген озық принциптер мен әдістер негізінде жүзеге асырылуы тиіс;

- келісімшарттық аумақ шегінде теңіз бұрғылау платформаларын орналастыруға арналған орындар балық аулау кәсіпшілігі, балықтардың бағалы түрлерін және су кәсіпшілігінің басқа да нысандарын сақтау және өсімін молайту үшін перспективалық маңызы бар теңіз аудандарын барынша сақтау мүмкіндігі ескеріле отырып таңдалуы тиіс;

- теңізде мұз қатқан қиын жағдайларда болжанған төтенше қысыммен және күкіртсутегінің өте жоғары мөлшерімен қалың тұз астындағы өнім беретін қабатты ашуға және ұңғымаларды сынауға тыйым салынады;

- Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы экожүйесінің тұрақты тіршілігін қамтамасыз ету үшін теңізде барлау мен өндіруді жобалау кезінде бұрғылық негіздер салу, ұңғымаларды сынау мен кемеде жүзу барынша шектеледі;

- экожүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жер қойнауын пайдаланушы мұнай операцияларын жүргізген кезде авариялық төгілулердің алдын алу, шектеу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 265-бабына сәйкес:

- мұнай-газ құбырларын салу кезінде теңіз түбі бұзылу көлемінің барынша аз болуын қамтамасыз ететін техникалық құралдар мен жабдықтар қолданылуға және қалқыма заттардың су қабатында таралуын тұмшалайтын технологиялар мен әдістер пайдаланылуы тиіс;

- Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында мұнай-газ құбырларын жылжымалы мұздардан, кемелер зәкірінен және техногендік сипаттағы басқа да сыртқы әсерден зақымданудан қорғауды қамтамасыз ететін тереңдікте тарту міндетті болып табылады;

- мұнай-газ құбырларының бойымен құбырдың шеткі сызықтарының осінен әрбір жағынан бес жүз метр қашықтықтағы, параллель жазықтықтар арасында орналасқан, су үстінен түбіне дейінгі су кеңістігінің учаскесі түрінде күзет аймағы белгіленуі тиіс.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 268-бабында төмендегілер айтылған:

- сынау аяқталғаннан кейін ұңғымалар консервацияланатын жағдайда жер қойнауын пайдаланушы оны консервациялау жөніндегі жұмысты жүргізуге, жұмыс қайта басталатын кезге дейін бұрғылау негіздерінің сақталуын және ұңғымалардың берік бекітілуін қамтамасыз етуге міндетті.

- үйінді негізден (су асты бермадан немесе аралдан) бұрғыланған ұңғымаларды жою кезінде жер қойнауын пайдаланушы олардың берік бекітілуін және көмірсутегілермен және өзге де химиялық заттармен ықтимал ластанудан тазартуды алдын ала жүргізе отырып, жасанды негіздің жай-күйін бақылауды қамтамасыз етуге міндетті;

- кез келген үлгідегі платформадан бұрғыланған ұңғымаларды жою кезінде олардың конструкциялары толық қайта бөлшектенуге және жойылуға, ал берік бекітілген ұңғымалардың шығып тұрған шеттері балық аулауға және кемеде жүзуге кедергі келтірмеуі үшін түбінен кесіп тасталуға тиіс.

Каспий теңізінің теңіз ортасының ластануы оның түбіндегі шаруашылық әрекеттің салдарынан, әсіресе, көмірсутек шикізатын өңдеу мен барлау өндірісі, сондай-ақ, батып

кеткен мұнай ұңғымаларының мұнайымен теңіздің ластануы салдарынан орын алуы мүмкін.

Осы орайда Солтүстік Каспий айдынында орналасқан «Қашаған» мұнай кен орны айрықша қызығушылық тудырады.

Қашаған кен орнын игеру Қазақстандағы теңіз кен орнындағы өңдеу бойынша алғашқы ірі ауқымды жоба болып табылады. Бұл Солтүстік Каспийдегі ең ірі кен орны және әлемдегі соңғы он жылдағы аса маңызды жаңалық болып отыр. Қашаған кен орны Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігіндегі қайранды жерде орналасқан. Кен орнының солтүстік-шығыс шекарасы Атырау қаласынан 80 шақырым жерде жатыр.

Коллектор Солтүстік Каспийдің таяз бөлігінде 4500 м тереңдікте жатыр. Кен орнының құрылымы мойнақ арқылы қосылатын, шығысында ені 23 км, батысында 14 км құрайтын екі жалпақ платформалық бөліктен тұрады. Мұнайдың баланстық қоры 4,8 млрд тоннаны құрайды. Кен орнын игеру келесі жағдайларды: коллекторды үлкен тереңдікте орналастыру, жоғары қабатты қысым және күкіртті сутектің жоғары құрамы (16-20%), сондай-ақ, күзгі-қысқы уақытта мұз басу сынды жайттарды ескерсек, мұнай-газ саласының күрделі мәселелерінің бірі болып отыр.

Қашаған кен орнын игеру бойынша жұмыстар 2003 жылы Қазақстандық «мұнай-газ ҒЗЖИ» жобалау институты жасаған және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі өнеркәсіп қауіпсіздігі мәселелері бойынша Ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы орындаған өнеркәсіптік қауіпсіздік саласынан сараптамадан өткен Қашаған кен орны нысандарын тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру (ТӨИ) жобасына сай жүргізілді. 2011 жылы Қашаған кен орны нысандарын Жерүсті кешенінде тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру (ТӨИ) жобасы аясында іске қосу кешені 1,2,3 реттілікпен бөлініп түзетілсе, сондай-ақ, Теңіз кешені – технологиялық ғимараттар, іске қосу кешенін бөлу арқылы жоба жасалынды.

Қазіргі таңда Солтүстік-Каспий консорциумының теңіз кен орындарында 42 ұңғыма бұрғыланса, соның ішінде, 17-і пайдалануға жарамды (D аралында – 10, А аралында – 7), 14-і консервацияланған (Ақтоты кен орны – 2 ұңғыма, Қайраң кен орны – 2 ұңғыма, Қашаған кен орны – 10 ұңғыма), 10 ұңғыма жойылды (Қаламқас кен орны – 5 ұңғыма, Қашаған кен орны – 5 ұңғыма), 1 ұңғыма бұрғылық шламды айдауға арналған. Сондай-ақ, Қашаған кен орнының 20 ұңғымасы бұрғылау сатысында, атап айтар болсақ: ЕРС-3 аралында – 6, ЕРС-2 аралында – 7, ЕРС-4 аралында – 7 ұңғыма.

Қашаған кен орны тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру бойынша, теңіз және жерүсті кешендеріне жасанды арал тұрғызу құрылысына тартылған бас мердігерлер «NCC - Gate Иншаат», «Сайпем С.п.А.», «Монтажспецстрой», «Бонатти С.п.А.», «ЕНКА»,

«Консолидейтед Контрактинг Инжиниринг & Прокьюрмент», «Бейтман Казахстан», «Акер Соллюшнз», «Ерсай Каспиан Контракторс» сынды ірі құрылыс компаниялары болып табылады. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына жалпы алғанда теңізде мұнай операцияларын жүргізуді қадағалау бойынша Басқарманың бақылауындағы кәсіпорын болып табылған жүзден астам қазақстандық және шетелдік субмердігер компаниялары тартылды.

Қашаған кен орнындағы коммерциялық табыс 3 кезеңге бөлінген: бірінші кезеңде табыс деңгейі шамамен тәулігіне 75 000 мұнай баррелін (әрі қарай – тмб), 150 тмб дейін ұлғайып отырады. Бірінші кезеңдегі табыстың барынша көп деңгейі тәулігіне 180 000 мұнай баррелін құрайды. Екінші кезеңде 4 ұңғыманы айдауға ауыстырған соң табыс деңгейі 295 тмб дейін көбейеді.

Коллектордың түгесілу шегіне байланысты газды айдау үшін екінші компрессор мен жана өндіру ұңғымалары пайдалануға берілген соң табыстың тұрақты деңгейі 370 000 тмб жетеді.

Табыс көлемі 2-кезеңнің басында қосымша айдау қуаттылығын пайдалануға енгізу есебінен 450 000 тмб дейін өседі.

Мұнай мен газ жерүстілік «Болашак» МжГКДҚ жеке құбыр желісі арқылы түсіп, сол жерде мұнай мен газды тауарлық сапаға дейін дайындау жүргізіледі. Тазартылған газдың кейбір бөлігі теңіз нысандарына электр энергиясын өндіруге жөнелтілсе, өзге бөлігі жерүсті кешенінде электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылады. Тауарлық мұнай «Болашак» МжГКДҚ бірге диаметрі 600 мм экспорттық құбыр желісі арқылы тұтынушыға әрі қарай жеткізу мақсатында Атырау қаласы «ҚазТрансОйл» (ҚТО) және «Каспий құбыр желісі консорциумының» (КҚК) мұнай ауыстырып құю станцияларына түсіп отырады.

«Болашак» МжГКДҚ тауарлық газы диаметрі 600 мм ұзақтығы 95 км бірінші экспорттық газ құбыры арқылы тұтынушыға әрі қарай «Орта Азия-Орталық» (ОАО) торапты газ құбырымен жеткізілуі үшін Мақат компрессорлық станциясына түседі. Сонымен қатар, диаметрі 600 және ұзақтығы 24 км екінші экспорттық газ құбыры арқылы газ Мақат-Солтүстік Кавказ тораптық газ құбырына түседі.

«Қашаған» кен орнынан бөлек Каспий теңізінде және оның жағалауында мұнай өндіру жалғасып жатқан немесе консервацияланған мұнай ұңғымаларының саны көп бірқатар мұнай кен орындары бар.

Маңғыстау облысы аумағында Каспий айдынында 56 ұңғыма болса, теңгерімде 35 ұңғыма бар, соның ішінде:

- «Қаражанбас» кен орны «Қаражанбасмұнай» АҚ 11 ұңғымасы. Барлық 11 ұңғыма компания теңгеріміне қабылданса, 11 жағылған ұңғыманың 11-і жойылған. Ұңғыма жағдайы бойынша жеті қадағалау пункттерінде мониторинг жүргізілуде.

- «Арман» кен орны «Арман» БК» ЖШС 9 ұңғыма. Барлық 9 ұңғыма компания теңгеріміне қабылданбаған. 9 ұңғыманың 2 ұңғымасы жағу аймағында болса, қалған 7 ұңғыма маусымдық су деңгейі көтерілетін аймақта орналасқан. Ұңғыма жағдайын қадағалауды «Қазақстандық қолданбалы экология агенттігі» ЖШС жүргізеді.

- «Қаратұрын Теңіздік» кен орны «Бозашы-Мұнай» ЖШС 15 ұңғыма (6 ұңғыма және «Қаратұрын Шығыс» 9 ұңғыма). Барлық ұңғыма компания теңгеріміне қабылданған. 15 ұңғыманың 3 ұңғымасы консервацияланған, қалған 12 ұңғыма жойылған. Жағу аймағында 3 ұңғыма, ал маусымдық су деңгейі көтерілетін аймақта – 10 ұңғыма болса, 2 ұңғыма жағалауда орналасқан. Жағылған ұңғымаларды мониторингтік зерттеуді «Батысэкожоба» ҒЗИ» СЗ ЖШС жүргізеді.

- «Н-Оперейтинг Компани» ЖШС 14 ұңғымасы Ұлу қабыршағы теңізі құрылымы маңындағы «Н» учаскесінің аумағында. Олардың ішінде 2 ұңғыма «Қазмұнайгаз» компаниясының теңгерімінде, 12 ұңғыма теңгерімге қабылданбаса, 13 ұңғыма жойылған. Ұлу қабыршағы теңізіндегі бір ұңғыма – «Әзірбайжанға 60 жыл» ӨКЖБҚ жағу ауданындағы 4 1983 жылдан бері жойылмаған. Су сынамасы мен түбіндегі қалдықтарды өңдеу «ҚАЗЭКОТАЛДАУ» ЖШС сараптамалық зертханасында жүргізіледі.

- «Комсомольское» кен орнындағы «Ком-Мұнай» ЖШС 7 ұңғымасы. Барлық 7 ұңғыма компания теңгеріміне қабылданған, бұрын жағылған бір ұңғыма құрлықта, қалған 6 ұңғыма маусымдық су деңгейі көтерілетін аймақта орналасқан. Мониторингті «Тандем-Эко» ЖШС жүзеге асырады.

2011-2015 жылдары Маңғысау облысын дамыту бағдарламасының деректері бойынша «Өздігінен төгілетін мұнай және гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау» 017 Бағдарламасы аясында 90-нан астам мұнай ұңғымалары жойылған.

Ұлу қабыршағы теңізі құрылымы ауданында жобалық 4500 м тереңдікте №4 барлау ұңғымасын бұрғылау үшін қондырылған 1983 жылдың 9 тамызында батып кеткен «Әзірбайжанға 60 жыл» өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысы (ӨКЖБҚ) туралы ерекше атап айтқан жөн.

Сүңгуірлік зерттеу нәтижелері бойынша «Әзірбайжанға 60 жыл» ӨКЖБҚ қайта жөндеуге және қалпына келтіруге жарамайтындай күрделі деңгейде бұзылған деген қорытынды жасалды. Батып кеткен нысанның қозғалғыштығымен байланысты үлкен материалдық шығындармен оны көтеріп шығару мәнсіз деп саналды. ӨКЖБҚ «Каспморнефтегазпром» ӨБ теңгерімінен шығарылып тасталды.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі жағалаулық күзет Аймақтық басқармасының 2012 жылдың 10 қыркүйегіндегі хабарламасын негізге ала отырып, Маңғыстау облысы бойынша ТЖ Департаменті 2012 жылдың 15 қыркүйегінде «Н Оперейтинг Компани» ЖШС Ұлу қабыршағы теңізі-4 ұңғымасы аймағында батып кеткен «Әзірбайжанға 60 жыл» өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысын (ӨКЖБҚ) қарау жүргізілді. Қарау нәтижесінде ұңғымадан 500 м арақашықтықта жел жақ тараптан және 350 м ық жақтан «Н Оперейтинг Компани» ЖШС келісімшарттық аумағының Ұлу қабыршағы теңізі-4 кен орнына атмосфералық ауаның жердегі қабатына өлшеу жүргізілді. Сондай-ақ, ұлу қабыршағы теңізі-4 аумағында химиялық құрам мен мұнай өнімдерін анықтау үшін теңіз суынан сынама алынды.

Атмосфералық ауаны өлшеу нәтижелері бойынша ұңғымадан 500 м арақашықтықта жел жақтан және ұңғымадан 350 м ық жақтан күкірт диоксиді, азот оксиді мен азот диоксиді жоқ екені анықталды. Күкіртті сутек жел жақтан – $0,0022\text{мг/м}^3$, ық жақтан – $0,0019\text{ мг/м}^3$ МШК кезінде $0,008\text{ мг/м}^3$. Мына ингредиенттерге су талдамасының нәтижесі: темір, фосфаттар, нитрит, нитрат, сульфат, хлорид, аммоний азоты, өлшенген заттар мен ОБТ МШК нормаларынан аспайды. Теңіз суы құрамында мұнай өнімдері жоқ.

Атырау облысында ҚР Инвестиция және даму министрлігі геология және жер қойнауын пайдалану комитеті мемлекеттік қорда тіркелген бұрын бұрғыланған ұңғымалардың барлығын зерттеу нәтижесінде құрлықтағы 115 апатты мұнай ұңғымасын және Каспий теңізінің су деңгейінің көтерілуі мүмкін жағалаулық аймағында 11 ұңғыма анықтады.

Аталмыш апатты ұңғымалар бойынша оқшаулау-жою жұмыстарын ораундауға республикалық бюджеттен 2014-2016 жылдарға жалпы сомасы 1732310 мың теңге қарастырылды, соның ішінде:

2014 жылы – 259 840 мың теңге 40 апатты ұңғымалар бойынша оқшаулау-жою жұмыстарын жүргізуге сметалық құжаттама жобасын (СҚЖ) жасауға;

2015 жылы – 510 477 мың теңге 20 апатты ұңғыма бойынша оқшаулау-жою жұмыстарын жүргізуге СҚЖ жасауға, сондай-ақ, 2014 жылы жасалған СҚЖ бойынша оқшаулау-жою жұмыстарын жүргізуге;

2016 жылы – 959 993 мың теңге 30 апатты ұңғымаларды оқшаулау-жою жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ, 2015 жылы жасалған СҚЖ бойынша оқшаулау-жою жұмыстарын жүргізуге бөлінді.

Каспий теңізінің су деңгейінің көтерілуі мүмкін жағалаулық аймағында орналасқан ұңғымалар мен құрлықтағы апаттылық деңгейі жоғары болғандықтан оқшаулау-жою жұмыстары бойынша жедел әрекетті талап ететін ұңғымалар жойылады. Сонымен қатар,

караусыз және апатты ұңғымаларды олардың техникалық күйін бағалай отыра анықтау мақсатында қосымша зерттеу қарастырылған.

2015 жылы Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті Каспий теңізінің су деңгейінің көтерілуі мүмкін жағалаулық аймағында және Каспий теңізі айдынындағы мұнай-газ ұңғымалары қайталап зерттеу жүргізді.

Сондай-ақ, аумақтық меншік белгілері бойынша жер қойнауын пайдаланушылар теңгеріміне мұнай және газ ұңғымаларын беру жұмыстары жүргізілуде.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңның 111-бабына сәйкес жер қойнауын пайдалану операцияларын тоқтатқан кезде жер қойнауын пайдаланушы жою бойынша жұмыстарды орындайды немесе жер қойнауын пайдалану нысандарын консервациялауды орындайды. Бұл жағдайда нысанды жою немесе консервациялаумен байланысты жұмыстарды қаржыландыру жер қойнауын пайдаланушы арнайы депозиттік қорға аударым жүргізілетін жою қорының қаражаты есебінен жүргізіледі.

Осылайша, мемлекеттік қорда тіркелетін апатты ұңғымалар бюджеттік қаражат есебінен жойылса, ал өзгесі – жою қорының қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

17. Кемелерден ластануды болдырмау, төмендету және бақылау

Қазақстанның экологиялық заңнамасында кемелерден ластанудан сақтауға көп көңіл бөлінген. Жекелей алғанда, Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі жалпы экологиялық талаптарға арналған Экологиялық кодекстің 262-бапта келесілер айтылған:

- тасымалдау көлік құралдары теңіз сүтқоректілеріне, балықтар мен құстарға әсерін болдырмау немесе азайту үшін таңдалынуы тиіс;

- таяз суларда жұмыс жүргізу үшін жоғары өнімді түптік топтасу мен уылдырық шашудың сақталуын қамтамасыз ететін көлік құралдары пайдаланылуы тиіс. Қажет болған жағдайда, қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу кезінде топырақ-өсімдік жамылғысының тұтастығын және сол жердегі биоценоздарды барынша аз бұзатын жалпақ шынжыртабанды, қысымы төмен шиналармен, ауа жастықшаларымен жүретін арнаулы көлік құралдарын пайдалануға жол беріледі.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 264-бабында кеме қатынауға болатын акваторийде мұз қабаты болған жағдайда бұрғылау баржасынан немесе платформасынан бұрғылау жұмыстарын жүргізу, көмірсутегінің ықтимал төгілуін тұмшалау үшін қажетті жабдықтары бар мұзжарғыш түріндегі кемеңің ұдайы бірге болуымен жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 267-бабында Солтүстік Каспийдің қорықтық аймағында төмендегілер айтылған:

- Каспий теңізіне өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің кездейсоқ кіруін болғызбау үшін бұрын өзге су бассейндерінде жұмыс істеген жабдық пен аппаратураны, сондай-ақ кемелерді экологиялық тексеруден өткізбей пайдалануға тыйым салынады;

- су көлігімен орын ауыстырудың барлық түрлері жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы құрамында табыс етілуге тиіс. Егжей-тегжейлі жобалау сатысында және жұмысты ұйымдастыру кезінде кемелердің жүзу бағыттарының маусымдар бойынша кестесі белгіленуге және ол картографиялық материалдарда көрсетілуге тиіс. Орын ауыстыру бағыттары таңдалған кезде, мұз қату жағдайларын қоса алғанда, гидрометеорологиялық жағдайлар, сондай-ақ, балықтардың бағалы түрлерінің уылдырық шашу және өріс аудару кезеңдері мен орындары, итбалықтардың жатақтары, құстардың ұя салуы ескерілуге тиіс;

- барлық кемелер отынды жабық алып жүру жүйелерімен, ластанған сулар мен тұрмыстық қоқыстарды жинайтын ыдыстармен жабдықталған, ашық су айдынына төгінділер мен шығарындыларға мүмкіндік бермейтін құрылғыларда жаракталған болуға тиіс;

- Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу заңнамасының талаптарына сәйкес сусымалы материалдарды, химиялық реагенттер мен қауіпті жүктерді тасымалдау олардың қоршаған ортаға жайылуын болдырмайтын жабық контейнерлерде және арнаулы ыдыстарда жүзеге асырылуға тиіс;

- кемелердің, басқа да жүзуші құралдардың, теңіз бұрғылау қондырғылары мен платформаларының корпустары қазіргі заманғы сертификатталған коррозияға қарсы материалдармен жабылуға тиіс;

- теңізде кемелерге май құю отынның және жанар-жағармай материалдарының төгілуі мен ағып кетуін болдырмайтын жүйелердің көмегімен жүргізілуіне тиіс;

- кемелерден шығатын шу мен діріл санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларда, гигиеналық нормативтерде белгіленген шудың жол берілетін шекті деңгейінен аспауға тиіс;

- арнаулы мақсаттағы кемелердің құрылыс жабдықтары шу мен діріл деңгейін азайтуға арналған құралдармен жабдықталуға тиіс;

- көмірсутегілерді және өзге де қауіпті заттарды танкермен тасымалдау үшін Каспий теңізі акваториясында тек қана қосарлы корпусты танкерлерді пайдалануға көшуді қамтамасыз етуге тиіс;

- кемелер кеме палубаларының мұнай өнімдерімен ластануына, су айдындарына ластанған сарқынды сулардың ағуына жол бермейтін жабдықпен жаракталуға тиіс;

- кемелінің жүзу режимі жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша белгіленеді.

Қазіргі таңда Қазақстанның Каспий теңізіндегі жағалаулық көліктік инфрақұрылымы жұмыс істеп тұрған екі теңіз портынан – Ақтау мен Баутинодан тұрады.

Сонымен бірге, Ақтау порты жүктерді экспорттық-импорттық және транзиттік хабарламада ауыстырып тиеуге әсер етті. Баутино порты теңіз мұнай операцияларының қолдау базасы ретінде мамандандырылған.

Жыл сайын теңіз порттары арқылы асып кететін жүктің негізгі тізімдемесін мұнай, металл, астық, паромды және өзге де жүктер құрайды.

Су көлігіндегі қауіпсіздік деңгейін жоғарылату үшін ХТҰ қабылданған конвенция талаптарына сай теңіз көлігінде бақылауды ұйымдастыруды қамтамасыз ету шаралары қабылданады. Жекелей алғанда, навигациялық қауіпсіздікті күшейту, соның ішінде, Құрық порты мен Орал-Каспий каналында кеме қозғалысын басқарудың қосымша жүйесін қондыру есебінен жүргізіледі.

Осыған байланысты, шағын су кемелерін пайдалану қауіпсіздігін, су қоймаларында көпшілік демалатын орындар мен аймақтардағы адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын «Скутер» республикалық акциясы өткізіледі. 2013 жылдың қорытындысы бойынша аталмыш акция аясында 2776 шағын су кемесі тексеріліп, 606 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 508 су кемесіне пайдалануға тыйым салынды.

Қазақстау Республикасы 1994 жылдан бастап Халықаралық теңіз ұйымына (ХТҰ) Кемелерден ластануды болдырмау бойынша Халықаралық конвенцияның мүшесі болып табылады. Қазақстанның өкілдері ХТҰ теңіз ортасын қорғау бойынша комитеттің жыл сайынғы отырыстарына қатысады.

Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытуды және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша шаралар жоспарын орындау үшін Қазақстанда теңіз ортасын қорғау саласында Халықаралық теңіз ұйымы келесі конвенцияларды бекітуді жоспарлап отыр:

1) 2001 жылы бункерлік отыннан ластанудан болған зиянға азаматтық жауапкершілік туралы халықаралық конвенция;

2) 1990 жылы мұнайдан ластанған, онымен күрес және әріптестік жағдайларына дайындықты қамтамасыз ету бойынша халықаралық конвенция;

3) 1978 жылы өзгеріс енгізілген 1973 жылғы кемелердің ластануын болдырмау бойынша халықаралық конвенциядағы өзгерістер туралы 1997 жылғы хаттама;

4) 1969 жылы мұнайдан ластанудан болған зиянға азаматтық жауапкершілік туралы халықаралық конвенцияға 1992 жылғы хаттама.

18. Олардың туы астындағы кемелердің жылжуынан және олардың аумағында тіркелген әуе кемелерінен туындаған ластануды болдырмау, азайту және бақылау.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің талаптарына сай Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туын көтеріп жүзгенде ластанған су мен тұрмыстық қоқысты жинау сыйымдылығымен және кеме палубасын мұнай өнімдерімен ластануға дол бермейтін, су қоймасына ластанған ағын судың өтуінен қорғайтын құрылғымен жабдықталған.

Алайда кеме арқылы теңіз суының ластануының ықтимал себептерінің бірі мұнайды тиеу үшін айлаққа танкер жақындағанда ондағы ластанған баластылық су ығысқанда орын алуы мүмкін. Ластану сондай-ақ, мұнай дәне баластылық бөлік арасындағы құрылымның (жарылу, саңылау және т.б.) тозуы салдарынан болуы ғажап емес.

2012 жылы «Зенгезур» танкерінің сол жақ бортында ығысқан саңылау арқылы балласт жылжуының 1 дерегі анықталып, онда мұнайдың ұсақ фрагменті түрінде мұнайдың айқын ластану белгілері және Каспий теңізі айдынына мұнай фрагментінің дағы және сұр түсті түрлі-түсті белгісі бар үзілмелі пленка және жалпақ түрдегі жылжыған саңылаудан танкер борты бойымен (танкердің сол жақ борты мен айлақ қабырғасы арасында) жайылған, теңізге ластағыш заттарға лақтыруға қатысты 48540 теңге көлемінде 1 әкімшілік айыппұл салынды.

«АХТСП» ҰҚ» АҚ ластануды жою шаралары: сорбция (сіңіру) заттары арқылы мұнай құрамды пленканы жылжыту мақсатында сіңіргіш бондарды жою жүргізілді. Мұнайқұрамдас пленка мен дақтарды жинаған кезде №10 айлақ ауданында «Зенгезур» танкерінің сол жақ бортында диаметрі D12 см, ұзындығы L3 м болатын екі сіңіргіш бон қолданылды. Танкерді айлақтан алыстату шараларында қалған пленканы жинау бойынша соңғы жұмыстар жүргізілді.

2013 жылдың 29 сәуірінде Атырау облыстық Экология департаменті «Аджиб ККО» компаниясынан 2013 жылдың 28 сәуірінде «Қашаған» кен орнында орналасқан D аралында ауа-райына байланысты баржа бортына компрессордың соғылуы салдарынан дизельдік отын төгіліп, ол теңізге жайылды (шамамен 5 литрден көп емес) деген мазмұндағы хат келіп түсті. Нәтижесінде «Бейкер Хьюз» КБ қатысты «Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 276-бабы 1-бөлімі бойынша әкімшілік өндіріс қозғалып, 173 100 теңге сомасындағы әкімшілік айыппұл төлеу мен 39 934 теңге сомасында талаптар қою туралы қаулы шығарылды.

2015 жылдың 28 мамырында «ВАН ООРД ДРЭДЖИНГ ЭНД МАРИНГ КОНТРАКТОРС» компаниясының бөлімшесінен теңізге гидравликалық май төгілгені туралы хат келді. Хат негізінде жоспардан тыс тексеру жүргізілуде. «ВАН ООРД ДРЭДЖИНГ ЭНД МАРИНГ КОНТРАКТОРС» компаниясының бөлімшесіне қатысты «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сай әкімшілік өндіріс қозғалып, 29 730 теңге сомасында әкімшілік айыппұл төлеу туралы қаулы шығарылды.

19. Мұнай және химия өнеркәсібі қондырғыларын, сондай-ақ, ескірген жағалаулық қондырғылар мен қоймаларды пайдаланудан бөлінетін және жағылатын қауіп бар Каспий теңізі жағалауындағы мұнаймен ластанған жерді қорғау (НИЗД бойынша хаттама, 9-бап).

Каспий теңізі жағалауының мұнаймен ластануына қатысты деректер теңіз түбіндегі қызмет туралы 19-тармақта жарияланған.

20. Жерді мелиорациялау мен топырақты алу мен бөгет құрылысы жұмыстарынан туындаған ластануды болдырмау, азайту және бақылау.

Табиғи жағдайларға байланысты суармалы егіншілік Қазақстанның Каспий маңындағы облыстарында жоқ деп айтуға болады. Мелиорациядан туындаған жердің ластану қаупі аталмыш аймақ үшін өзекті мәселе болып табылмайды. Бөгет құрылысына қатысты сұрақтар 36-тармақта келтірілген.

21. Каспий теңізіне қоныс аударған инвазивті түрді енгізуді болдырмау, бақылау және онымен күресу. Бөгде түрдің интродукциясын реттеу, жағымсыз әсер етуі мүмкін түрлерін енгізуге тыйым салу (биоәртүрлілік бойынша Хаттама, 6-бап).

Каспий теңізіне инвазивті түрлер балластылық сулар арқылы енеді. Соңғы онжылдықта Каспий теңізіне Қара теңізден мнемнописис гребневик дейтін медузаның кіріп кетуі қауіп төндіріп, бекіре балық түрлерінің жемдік қорының төмендеуіне әкеліп соқты. Аталмыш проблема Ресей мен Иранда зерттелді. Қазақстанда бұл мәселе бойынша арнайы зерттеулер жүргізілген жоқ.

22. Бүкіл бөтен түрлердің жағдайын зерттеу және бөтен түрлер бойынша сәйкесінше аймақтық әрекет жоспарын жүзеге асыру (биоәртүрлілік бойынша Хаттаманың 6-бабы).

Қазақстан БҰҰ биологиялық әртүрлілік туралы Конвенциясының тарабы болып табылады, оның 8 (h)-бабында мүше-мемлекеттер «интродукцияны болдырмауға міндетті, -кожүйе, мекен ету ортасы немесе түрлерге қауіп төндіретін бөтен түрлерді бақылауға немесе жоюға тиісті» деп айтылған.

Қазақстанның ұлттық заңнамасында, сондай-ақ биологиялық әртүрлілікті сақтау сұрақтарына, соның ішінде, бөтен түрдің интродукциясын зерттеуге қатысты сұрақтар нормалары бар. Жекелей алғанда, бұл «Жануарлар дүнесін қорғау, өсімін молайту және туралы», «Ерекше қорғалатын аумақтар туралы» және т.б. Қазақстанның Заңдары.

Сонымен, «Жануарлар дүнесін қорғау, өсімін молайту және туралы» ҚР Заңының 20-бабы 1-тармағында «Сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін қоспағанда, жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау мен будандастыруға, оларды Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге биологиялық негіздеме мен мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысына сәйкес уәкілетті органның рұқсаттары бойынша ғана жол беріледі» деп айтылған. Аталмыш баптың 2-тармағында сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін интродукциялауға, реинтродукциялау мен будандастыруға қатысты тура солай айтылған.

«Ерекше қорғалатын аумақтар туралы» ҚР Заңының 40-бабы 1-тармағында мемлекеттік табиғи қорықтың барлық аумағында өсімдіктер мен жануарлардың жаңа түрлерін интродукциялауға, жер-судың табиғи сыйымдылығы бойынша шегінен артық жануарлардың жеке түрлерінің санын көбейту шараларын жүргізуге тыйым салынатын қорғаудың қорықтық режімі бекітіледі.

Алайда қазіргі таңға дейін Қазақстанда интродукциялық жұмыстарды жүргізу бойынша бірыңғай мемлекеттік бағдарламалық құжат жоқ.

23. Антропогенді әрекер салдарынан орын алған табиғи апаттар немесе зілзала салдарынан адамдар мен теңіз ортасын қорғау. Дайындық және қайта қалпына келтіру шараларын қосқандағы болдырмау шаралары.

Мұнаймен ластануды тудыратын оқиғамен күрес бойынша төтенше шаралар жоспары мен ұлттық жүйелер (Тегеран Конвенциясы, Мұнай төгілу бойынша Хаттама, 5-бап).

Тұрғындарды, шаруашылық нысандары мен елдің аумағын төтенше жағдайлардың зақымдайтын (бүлдіретін) факторларының әсерінен қорғау Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексіне, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Азаматтық қорғаныс туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» ҚР Заңы және Қазақстан Республикасының халықаралық келісімшарттарына сай жүзеге асырылады.

Мұнайдың апаттық төгілуін болдырмау және әрекет ету бойынша ұлттық комиссия мұнайдың Қазақстан Республикасындағы теңізге және ішкі су қоймаларына төгілуін болдырмау және әрекет бойынша Ұлттық жоспар, мұнай төгілуінің алдын алу мен жою бойынша аймақтық жоспар және жер қойнауын пайдаланушылардың теңізге мұнай төгілуінің алдын алу мен жою жоспарларынан және мұнай төгілу қаупі бар теңізде қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың жоспарынан тұрады.

Каспий теңізінде мұнай төгілудің алдын алу мен жою бойынша аймақтық жоспар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерімен, сондай-ақ, кәсіби апаттық-құтқару қызметтерінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдармен бекітіліп жасалуы тиіс.

Мысалы, Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылдың 17 мамырындағы №173 қаулысында Атырау облысы бойынша мұнай төгілудің алдын алу мен жою бойынша аймақтық жоспар «Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында мұнай төгілуінің алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ұлттық жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 6 сәуіріндегі №422 бұрынғы қаулысына сай жасалған.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы №134 бұйрығы негізінде Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында мұнай төгілуінің алдын алу және оларға ден қою жөніндегі жаңа Аймақтық жоспар әзірленуде.

Инвестиция және даму Министрінің 2014 жылдың 30 желтоқсанындағы №356 бұйрығымен теңізде мұнай операцияларын қауіпсіз жүргізу талаптары бекітілген нормативтік-құқықтық актілерді жүргізу қызметі аясында теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын қауіпті өндірістік нысандар үшін өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелері бекітілді.

Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің «Өндірістік қауіпсіздіктің ұлттық ғылыми-техникалық орталығы» акционерлік қоғамы 2014 жылы мұнайдың апаттық құйылуының алдын алу мен жою бойынша Типтік аймақтық жоспар жобасын жасауға қатысты. Бұл жағдайда «Аймақтық жоспар» сөздерінің мағынасында

Қазақстанның Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша мұнай төгілуіне әрекет етуге қатысты біріккен жоспар айтылған, яғни, бұл бес Каспий жағалауы елдеріне арналған жоспар емес.

Жер қойнауын пайдаланушылар өз кезегінде мұнайдың теңізге құйылуын жою мен алдын алу бойынша ұйым жетекшілері арқылы бекітіліп, кәсіби апаттық-құтқару қызметімен келісілетін ауқымды жоспарлар жасайды.

Кеме иеленушілері әр мұнай танкерінің бортында валдық сыйымдылығы 150 регистрлік тонна және одан асатын, сонымен қатар, валдық сыйымдылығы 400 регистрлік тоннадан асатын мұнай танкері болып табылмайтын кеме ластануын болдырмау бойынша Халықаралық конвенцияның 1-қосымшасының тармағына сәйкес мұнаймен ластанумен күрес бойынша төтенше шаралардың кемелік жоспары болуын қамтамасыз етеді (МАРПОЛ 73/78).

Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында мұнай төгілуінің алдын алу және оларға ден қою жөніндегі Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы №134 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылдың 30 сәуірінде №10908 болып тіркелген.

Ұлттық жоспардың мақсаты Қазақстан Республикасындағы теңізге және ішкі су қоймаларына төгілуін болдырмау және әрекет ету бойынша ұлттық жүйе құру болып табылады.

Ұлттық жоспардың негізгі міндеттеріне жататындар:

- мұнайдың апатты төгілуіне әрекет ету мен дайындық шараларымен қамтамасыз ету;

- орталық атқару органдары, жергілікті атқару органдары, өзге де қызығушылық танытқан ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ, жер қойнауын пайдаланушылар, мұнай төгілу қаупімен байланысты теңіздегі және ішкі су қоймаларындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың өзара қарым-қатынас тәртібі мен өкілеттілігін анықтау;

- ұлттық жоспар мен азаматтық қорғаныстың мемлекеттік жүйесінің өзара қатынасын қамтамасыз ету.

- мұнай төгілуіне жол бермеу мақсатында өндірістік нысандарды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету.

Ұлттық жоспардың талаптары сонымен қатар, торапты мұнай құбырлары, теңіз ғимараттары мен теңіз порттары секілді нысандарды мұнай төгілу қаупімен байланысты ішкі су қоймаларында және теңізде қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасының барлық аумағында, соның ішінде, Каспий теңізі суын қосқанда, әсер етеді.

24. Қызметтің қауіпті түрлерімен байланысты жағдайларға дайындықты қамтамасыз ету шаралары мен сақтандырушы шаралары. Төтенше экологиялық жағдайларды тудыруы мүмкін қызметтің қауіпті түрлерінің өз күзіреті аясында айқындалуы және сәйкес ақпаратқа дайындық.

Ақпаратпен алмасу және тарату (Тегеран конвенциясының 2-бабы 13-тармағы және Мұнай төгілуі бойынша Хаттама, 6-бап).

Теңізге мұнай төгілуінің алдын алу мен жою бойынша шаралар Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында мұнай төгілуінің алдын алу және оларға ден қою жөніндегі Ұлттық жоспар, мұнай төгілуінің алдын алу мен жою бойынша аймақтық жоспар және жер қойнауын пайдаланушылардың теңізге мұнай төгілуінің алдын алу мен жою жоспарларынан және мұнай төгілу қаупі бар теңізде қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар арқылы жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда мұнайдың төгілуі «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңына сәйкес бірінші, екінші және үшінші деңгейлі болып бөлінеді.

Бірінші деңгей – бұл жер қойнауын пайдаланушының теңіз құрылысында бар материалдары және заттары көмегімен жойылатын мұнайдың азғантай төгілуі (мұнайдың ондаған тоннасынан аспайды).

Екінші деңгей – бұл жер қойнауын пайдаланушының теңіз ғимаратында жұмыс өндірісі орнында, сондай-ақ, қосымша материалдар, заттар мен жергілікті жағалау қызметі қызметкері сынды қажетті қорлармен жойылатын мұнайдың шектеулі (орташа) құйылуы (он тоннадан екі жүз елу тоннаға дейін)

Үшінші деңгей – бұл жою үшін жер қойнауын пайдаланушының материалдары, заттары мен қызметкерлер, жергілікті жағалау қызметі, сондай-ақ, мамандандырылған қор есебінен халықаралық ұйымды қосқанда мұнай төгілуін жоятын өзге де ұйымдар қажет болатын мұнайдың аса ауқымды көлемде төгілуі (екі жүз елу тоннадан бастап одан да көп мұнай).

Мұнай төгілулердің алдын алу шараларының тізімі мұнай төгілу бойынша Ұлттық жоспарда толықтай баяндалған. Оған келесі шаралар кіреді:

- мұнай төгілуінің ықтимал дереккөздерінің ақпаратын жинау, өңдеу және талдау;
- мұнай төгілуінің орын алуы мүмкін жағдайын және олардың салдарын болжау;
- мұнай төгілуінің алдын алу мен жою жоспарын бекіту;
- бірінші және екінші деңгейдегі мұнай төгілуін жою үшін жеке түзілім (қызмет) құру;
- қауіпті өндіріс нысандарында өндірістік қауіпсіздік декларациясын жасау;
- қауіпті өндіріс нысанында өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша өндірістік бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

Жер қойнауын пайдаланушы мұнай төгілуіне жол бермей бойынша, сондай-ақ, жағалау аймағын ластау бойынша Қазақстан Республикасы жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы бекітілген заңнамадағы қажетті барлық шараларды қолдануға міндетті екенін айта кеткен жөн. Жер қойнауын пайдаланушылар мұнай төгілуін жою үшін қызметкер, құрылғы ретіндегі көмек пен өзге де ресурстарға қол жеткізу үшін өзара әрекет ретімен өзара келісім жасасуға міндетті.

Мысалы, Ақтау халықаралық теңіз сауда портындағы (АХТСП) айдын мұнай өнімдерімен ластанған жағдайда кеме-оператор терминалы тарапымен жүк операцияларын жүзеге асыру процесі кезінде порт мұнай төгілуін жою Жоспарын іске қосып (МТЖЖ), толықтай жойылғанша әрекет ету шараларымен қамтамасыз етеді.

МТЖЖ бекітілген стандарттарға жауап береді және басты мақсатқа жетуге бағытталған – төгілуге дұрыс әрекет етуді, мамандандырылған кеме мен табиғи қорғау жабдықтары бар құрылғылармен айдынның ластануын жою және толықтау жоюды қамтамасыз ету.

Ол порт әрекетін бірінші деңгейлі мұнай төгілуден артық емес (10 тоннадан аспайтын мұнай) көлеміне есептелген техникалық жабдықталған құрылғылар және қосымша құрылғыларды есепке ала отырып қарастырады.

Мұнайдың екінші деңгейлі көп төгілуі кезінде порт технологиялық бағыттағы ұйымдардың құрылғылары мен күштерін тартып, басшылық Маңғыстау облысы бойынша ТЖ Департаменті тұлғасында координаторға әрекет операцияларымен көшеді. Мұнай үшінші деңгейлі дәрежеде 250 тоннадан артық төгілгенде автоматты түрде Қазақстан Республикасы ішкі су қоймасы мен теңізіне мұнай төгілулерінің алдын алу бойынша ұлттық жоспар мен жүзеге асыру үшін халықаралық мамандандырылған ұйымдарды тарту қажет.

Мұнай төгілуіне шұғыл әрекет ету міндеттерін шешу үшін МТЖЖ сәйкес айдын портын мұнаймен ластануды жою шараларының тиімділігін, қоршаған табиғи ортаға техногенді әсердің төмендеуін қамтамасыз ету үшін «АХТС» ҰҚ» АҚ заманауи құрылғылар, мамандандырылған кемелер, білікті мамандарға ие.

25. Өндірістік апат пен төтенше экологиялық жағдайлар туралы ерте хабарлау жүйесін құру. Ластану туралы хабарлама реттілігі (Тегеран конвенциясының 3-бабының 13-тармағы мен Мұнай төгілуі бойынша Хаттаманың 7-бабы).

Мұнай төгілуі бойынша ұлттық жоспар мұнай төгілуді анықтау (мониторинг) жүйелеріне дайындықты жасау мен қолдау, байланыс пен хабарлау, орын алуы мүмкін төтенше жағдайлардың қауіптілігін, сондай-ақ, олардың әлеуметтік-экономикалық әсерін болжау мен бағалауды қамтиды.

Ұлттық жоспармен сәйкес мұнайдың төгілгені туралы ақпарат төмендегідей реттілікпен беріледі:

- жер қойнауын пайдаланушы мұнайдың апатты төгілуі туралы қоршаған ортаны қорғау мен азаматтық қорғаныс саласында уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесін бірден хабардар етеді;

- азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіндегі оперативті кезекші бірден Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар бойынша Комитеттің «Республикалық кризистік орталығы» мемлекеттік мекемесін, сонымен қатар, қосымша сәйкес облыстың әкімін екінші және үшінші деңгейде мұнай төгілгені жөнінде хабардар етеді;

- Республикалық кризистік орталық азаматтық қорғаныс саласы мен саудалық теңізде жүзу саласы, мұнай мен газ, қоршаған ортаны қорғау мен өндірістік қауіпсіздік саласының уәкілетті органдарын мұнайдың төгілгені және оның деңгейі туралы ақпаратпен құлағдар етеді;

Қауіп болғанда немесе мұнай үшінші дәрежеде төгілгенде Республикалық кризистік орталық бірден Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпаратты жеткізеді.

Қауіп деңгейі, қажетті қауіпсіздік, мұнай төгілуінің алдын алу мен жою шаралары, салдары туралы тұрғындарды хабарлар ету бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылады.

«Азаматтық қорғаныс туралы» ҚР Заңының 82-бабына сәйкес қауіпті өндірістік нысандарды пайдалануды жүзеге асырып отырған (соның ішінде, Каспий теңізі) ұйымдар

апат пен оқиға орын алған жағдайда бірден өндірістік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін хабардар етеді.

Жоғарыда айтылғандай, табиғатты пайдаланушылар мұнай төгілген жағдайда өздерінің нысандық жоспарларын жасап қойған. Мысалы, Ақтау халықаралық теңіз сауда порты (АХТСП) айдынында мұнай анықталған жағдайда (анықталған соң 5 минуттан кем емес уақытта) төтенше жағдайлар мен қоршаған ортаны қорғау бойынша аумақтық органдар телефондық байанысты қолдана отырып көшірмелік байланыс жасайды.

Сол шара «Каспий Меруерты Оперейтинг Компани Б.В.» (КМОК) бөлімшесінің «Жемчужина» келісімшарттық аумағында барлау бұрғылау бағдарламасымен байланысты Каспий теңізіне апатты мұнай төгілуін жою бойынша жоспардың 10.1-бабында қарастырылған, яғни, мұнай төгілген барлық жағдайда төтенше жағдайлар бойынша аумақтық органның оперативті кезекшісі бірден хабардар етіледі.

26. Төтенше экологиялық жағдайлар орын алған жағдайда сондай шараларды қолдану үшін тиісті құрылғылар мен білікті мамандарды қоса алғанда, төтенше экологиялық жағдайларға дұрыс дайындықты қамтамасыз ету және қолдау.

Кеме бортында, теңіз құрылғысында, теңіз порты мен мұнай өңдейтін нысандардың ластануымен күрес бойынша төтенше шаралар жоспары (Тегеран конвенциясының 4-бабының 3-тармағы және Мұнай төгілуі бойынша Хаттаманың 9-бабы).

Теңізде мұнай операцияларын жүргізу барысында өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бақылау-алдын алу қызметі аясында – Каспий теңізінің қазақстандық секторында қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындарды жоспарлы тексеру барысында жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдаланушылар сондай-ақ, теңізге мұнай төгілуіне дайындық сұрақтарына ерекше назар аударады. Мысалы, NCOС (Норт Каспиан Оперейтинг Компани) компаниясы Дамба кентінен оңтүстікте 3,6 км қашықтықтағы Орал өзені сағасында орналасқан, Солтүстік-каспийлік мұнай төгілуіне әрекет ететін экологиялық базасын (СКЭБ) құрды.

СКЭБ негізгі мақсаты Қашаған кен орны мен Каспий теңізінің қазақстандық секторының солтүстік бөлігіндегі басқа да кен орындарында өндірістік өңдеу мен пайдалану кезінде мұнай төгілуіне шұғыл әрекет ету болып табылады.

СКЭБ базасынан су беткейінен төгілген мұнайды жоятын және жинайтын арнайы техникалық құрылғылармен жабдықталған кемелер мен баржалар жөнелтіледі. Пайдаланылатын құрылғылар мұнай боны, мұнай жинауға арналған құрылғы (скиммер),

күштік блоктар, жоюға арналған сорғылар мен өзге де құралдар, төгілген мұнайды ыдырататын және кәдеге жарататын құрылғылардан тұрады.

СКЭБ аумағында ҚР заңнамасында қарастырылған нормаларға сай екі шығар жолы, екі өрт сөндіру көлігіне қызмет көрсететін шеберхана, оқу сабақтарын жүргізуге арналған бөлмелері, техникалық күзет орны бар өрт депосының құрылысы аяқталды.

Мұнай төгілуіне дайындықты қолдау аясында оқу да өткізіледі. Сонымен, 2013 жылы Атырау облысында NCOC компаниясы базасында үшінші деңгейдегі мұнай төгілуін жоюға мамандандырылған Oil Spill Response Limited (Ойл Спилл Респонс Лимитед) халықаралық ұйымын тартқан «Қашаған-2013» командалық-штабтық оқу жүргізілді.

Аталмыш оқуда Қазақстан Республикасындағы теңіз бен ішкі су қоймасына мұнай төгілуінің алдын алу мен әрекет ету бойынша Ұлттық жоспарға сай, Саутгемптон қаласынан АН-12 ұшағымен баж салығынсыз, салықсыз, сонымен қатар, тарифсіз реттеу шараларын қолданбай-ақ келген шетелдік мамандар мен кедендік декларацияланған құрылғылар үшін виза ресімдеудің жеңілдетілген нұсқасына байланысты мемлекеттік органдар мен NCOC компанияларының әсері жасалды. Қатысушылардың практикалық әсері Ұлттық жоспар, Аймақтық жоспар мен мұнай төгілуін жоюды ұйымдастыру жоспары бойынша ережелерді білу мен жеткілікті дайындық деңгейін көрсетті.

27. Биологиялық ресурстарды дұрыс пайдалану, қалпына келтіру, сақтау мен қорғау *(есептіліктің қабылданған пішініне сай 28-ден 34-ке дейінгі баптарды қамтиды).*

28. Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын қолда бар үздік ғылыми деректер негізінде дұрыс пайдалану:

29 – адамдардың қажеттілігін қамтамасыз ету мен әлеуметтік және экономикалық мақсатта экологиялық тепе-теңдікті қалпына келтіру мен сақтау мақсатында биологиялық ресурстар әлеуетін дамыту мен көтеру;

Қазақстанда жыл сайын «Балық ресурсы мен өзге де су жануарларын сақтау мен жүзеге асыру» бюджеттік бағдарламасы аясында республикалық, халықаралық және жергілікті маңыздағы су қоймасы және/немесе бөлікте ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Зерттеу кезінде балық ресурстарын алудың мүмкін шектік көлемі анықталып, балық аулауды реттеу мен режим, көлем, түрлік және жас ерекшеліктік құрам, балық

шаруашылығы су қоймасы және/немесе ерекше бағалы және бекітілген олардың шегі, балық аулау режимін оңтайландыруға қатысты шектеу мен зерттеу ауданындағы тыйым нұсқамаларын қоса алғанда, нұсқамалар жасалынады.

Мониторинг нәтижелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органға бекітілген тәртіпте Қазақстан Республикасы табиғи ресурстары мен қоршаған ортаны мониторингілеудің Бірыңғай жүйесіне енгізу үшін беріледі.

Ғылыми нұсқамаларға сәйкес Орал және Қиғаш өзендеріндегі балық аулайтын каналдарда, сондай-ақ, Атырау мен Батыс Қазақстан облыстарында Орал өзенінің аттас бөлігінде балық шаруашылық мелиорациясын (түбін терендету жұмыстары) жүргізу талап етіледі.

Каспий теңізінде бекіре балықтары санының жыл сайын төмендеуін назарға ала отырып, 2010 жылы 18 қарашада Баку қаласында өткен Каспий елдері Басшыларының Үшінші Саммитінде (әрі қарай – Үшінші саммит) Қазақстан Президенті Каспий теңізі балықтарының бекіре түрін аулауға 5 жылға бес жақты мораторий енгізу туралы бастама көтерді. Бұл бастаманы Каспий елдерінің басшылары бір ауыздан мақұлдады.

30 – экологиялық және экономикалық факторларға сай анықталған өндірудің барынша көп тұрақты көлемін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін және олардың түрлер арасындағы қатынасын назарға ала отырып, теңіз түрлерінің популяциясын қолдау немесе қалпына келтіру;

Балық ресурстарын пайдалануды 2006 жылдан бастап реттеу қолданушылардың балық шаруашылығы су қоймасындағы ұзақ мерзімдегі орнығу жолымен жүзеге асуда.

Бүгінде 2 мыңға жуық балық шаруашылығы су қоймасында және учаскелерінде балық шаруашылығын жүргізуге келісімшарт жасалған 1024 қолданушы бекітілген.

Су қоймаларының қолданушылары 10 жыл бойы қорғаныс, балық ресурстарын шығару, ғылыми зерттеу мен материалдық-техникалық базаны нығайтуға өз қаражаттарын жұмсауға міндеттеме алды.

2006-2014 жылдар аралығында аталмыш бағыт бойынша қолданушылар 11 млрд. теңгеден артық қаржы инвестициялаған. 2015 жылдың алғашқы жарты жылдығында аталмыш бағыт бойынша қолданушылар 401 млн теңге қаржыларын жұмсады.

Каспий маңы аймағында, мысалы, Маңғыстау облысында Каспий теңізінің жағалаулық аймағы 6 балық шаруашылығы ауданы мен 30 балық шаруашылығы учаскесіне бөлініп, 20 табиғат қолданушысына 10 жыл мерзімге бекітілді. Маусым бойына балық кәсібіне 97 балық аулау бригадасы құрамында 300 балықшы кіреді. Бұл жерде 2011 жылы 369 тонна, 2012 жылы 702,2 тонна балық ауланған. 2013 жылы 540 тонна балық

ауланып, 2012 жылғы көрсеткіштен 162 тоннаға аз көрсеткішті көрсетсе, мұны жем қоры мен жағалаулық бөлікті мекендейтін көрсеткіштің төмендеуі салдарынан Каспий деңгейінің төмендеуінен деп түсіндіруге болады.

Қазақстанның Каспий маңы аймағында кейін табиғи мекен ету ортасына жіберілетін бағалы балықтарды жасанды өсіру функциясын бойынша Атырау бекіре балық өсіру зауыты мен Орал-Атырау бекіре балығын өсіру зауыты республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (РМҚК) жүзеге асырады.

Атырау және Орал-Атырау бекіре балығын өсіру зауыттары жыл сайын мемлекеттік тапсырысты орындау аясында табиғи мекен ету ортасына 7 млн. дана бекіре балығын шығарады. Тек Орал-Атырау бекіре балығын өсіретін зауыттың өзі 1998 жылдан бастап 54977,0 мың дана бекіре тұқымдас шабақ өсірсе, соның ішінде:

- ақсерке – 8688,1 мың дана;
- бекіре – 6559,9 мың дана;
- шип – 1696,7 мың дана;
- шоқыр – 38012,3 мың дана;
- стерлеть – 10,0 мың шабақ Орал өзеніне жіберілді.

Қазақстан Үкіметі 2014 жылы Атырау қаласындағы жұмыс істеп тұрған екі бекіре зауытына олардың қуаттылығын жылына 12 млн. данаға дейін ұлғайту арқылы қайта құру жүргізуді тапсырды.

2015 жылы «Орал-Атырау бекіре балығын өсіру зауыты» РМҚК қайта құру ТЭН түзету жұмыстарын бастап кетті.

Жоғарыда аталған шаралар кешені бекіре балықтарының популяциясын сақтап қалуға және олардың түр ретінде жойылып кетуінің алдын алуға мүмкіндік береді.

«Каспий Меруерты Оперейтинг Компани Б.В.» (КМОК) бөлімшесі берген ақпарат бойынша 2013 жылдың екінші жарты жылдығында Нарын-1 барлау ұңғымасында және Өуезов-2 бағалау ұңғымасында бұрғылау жұмыстары жүргізілді. «Жануарлар дүнесін қорғау, өсімін молайту және туралы» Қазақстан Республикасы 2004 жылғы 9 шілдедегі №593-ІІ Заңның 17-бабы 2-тармағының тармақшасына сәйкес шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілер 2013 жылдан бастап балық ресурсына келтірген әсіресе, шарасыз зиян келтіруге байланысты компенсация төлеуге міндетті. Балық ресурсы мен өзге су жануарларының жоғалуын қалпына келтіру жағымсыз әсер басталған соң келесі жылдан кеш емес уақытта басталуы тиіс.

Жоғарыда аталғандармен байланысты, 2014 жылдың 1 тамызында КМОК 2013 жыл бойынша балық ресурстарына келтірілген зиян бойынша компенсациялық шараларды Орал өзеніне 10 000 севрюга шабақтарын жіберу жолымен өтеді.

31 - биологиялық түрлерге шектен тыс пайдалану салдарынан жоғалып кету қаупіне жолықпайтындай жағдайды қамтамасыз ету;

Жануарлар әлемін пайдалану, қалпына келтіру және қорғаудың құқықтық негізі болып «Жануарлар дүнесін қорғау, өсімін молайту және туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы саналады, ол жануарлар әлемі мен оның биологиялық әртүрлілігін, жануарлар әлемін экологиялық, экономикалық, эстетикалық және адамның өзге де қажеттіліктері барысында қазіргі және болашақ ұрпақ қызығушылығын есепке ала отырып тұрақты пайдалану мақсатында сақтау шарттарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталмыш Заңға сәйкес жануарлар әлемі, мекендеген ортасы, көбею жағдайы мен жануарлардың миграциялану жолдарының күйіне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін талаптарды, соның ішінде, жануарлар әлемін, оның мекен ету ортасы мен оған келтірілетін және келтірілуі мүмкін, әсіресе, шарасыз зияндарға компенсацияның өтелуін қамтамасыз ететін талаптар жүзеге асырылуы тиіс.

Балықты заңсыз аулау деректерін анықтау мен болдырмау, алдын алу бойынша жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі. Әсіресе, Жайық-Каспий бассейніндегі бекіре балықтарды сақтауға ерекше көңіл бөлінген.

Күн сайын балық шаруашылығы облыстық инспекциясы балықты қорғау рейдтерін жүргізіп, біріккен күзет орындарын жасап, табиғатты қорғау заңнамасы бойынша құқық бұзушылықтар анықталып, құқық қорғау және табиғатты қорғау органдары бірігіп құқық бұзушылықтарды айқындайды.

Осы мақсатта аумақтық бөлімшелердің бірігіп әрекет етуін, материалдық-техникалық қаражат тарту мен балық қорғау шараларының тиімділігін арттыру мен ұйымдастырудың оперативті сипаттағы өзге де сұрақтарын шешу ұйымдастырылады. Төменде берілген 1-кестеде балықты заңсыз аулау бойынша негізгі нәтижелер келтірілген.

1-кесте

2013-2015 жылдардағы инспекцияның бақылау-инспекциялық қызметі туралы
ақпарат

Негізгі көрсеткіштер	2013	2014	2015 (6 ай ішінде)
Рейд жүргізілді	8211	8926	4515
Балық қорғау күзет орындары ұйымдастырылды	275	464	108

Балықты қорғау заңнамасының бұзылғандығы туралы хаттама толтырылды (хаттама/адам)	7639/7168	7302/7051	2805/2692
Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірігіп құқық бұзушылықтар анықталды (хаттама)	468	526	120
Сот арқылы қылмыстық жауапкершілікке тартылды (адам)	35	266	12
Сот арқылы әкімшілік жауапкершілікке тартылды (адам)	346	1054	441
Айыппұл салынды (млн. теңге)	53,1	54,9	38,2
Арыз анықталды (млн. теңге)	20,6	17,1	4,8
Үгіт-насихат-бұқаралық жұмыс: Радио және телевизия арқылы сөйлеу	139	162	85
Мақала жарияланды	262	1124	236
Құқық бұзушылардан алынды: балық (тн.)	82,0	47,9	31,0
Аулау сайманы (бірлік)	6562	7876	3195
Жүзу құралдары (бірлік)	421	472	130

Браконьерлікпен күрес мақсатында құқық қорғау және табиғатты қорғау органдарымен бірлесіп, Жайық-Каспий бассейні су қоймаларында 2015 жылдың 1 сәуірі мен 31 мамыры аралығында бекіре және өзге де балық түрлерінің уылдырық шашу кезеңінде «БЕКІРЕ-2015» кең ауқымды балық қорғау акциясы өткізілді.

Балықты қорғау акциясы орталық мемлекеттік органдардың тікелей қатысуымен және ұйымдастыруымен өтті.

Акция кезінде 8 Штаб отырысы өткізіліп, апта сайын акцияға қатысушы меморгандардың аумақтық бөлімшелерінің біріккен әрекеттері ұйымдастырылып, біріккен рейдтік шаралар жоспарланып, оперативті сипаттағы сұрақтар шешімін тапты.

Осыған байланысты 20-дан артық стационарлық және қозғалмалы күзет орны ұйымдастырылып, мобильді рейдтік топтар құрылды.

«Орман шаруашылығы және жануарлар әлемі Атырау облыстық аумақтық

инспекциясы» РММ инспекторлық құрамын күшейту үшін балық қорғау акциясы кезеңінде балықты қорғаудың өзге де аумақтық инспекцияларынан мемлекеттік инспекторлар тартылды.

Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы үгіт-насихат-бұқаралық жұмыстарына аса назар аударылды.

Координациялық штал мүшелерін Каспий теңізінің жағалаулық елдімекендеріне апару жүзеге асырылып, тұрғындар арасында алдын алу және көпшіліктік-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Акция нәтижесі ол өткізілген кезең бойына жергіліктік және республикалық маңыздағы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен насихатталды. Осылайша, акция кезінде 8 брифинг өткізіліп, 55 бейнесюжет телеарналар арқылы көрсетіліп, 130-дан артық мақала баспасөз беттерінде жарық көрді.

Балықты қорғау акциясы кезеңінде 1048 табиғатты қорғау заңнамасын бұзу деректері анықталса, оның ішінде, заңсыз аулау – 874, кеме жүргізу режимін бұзу – 13, балықты заңсыз тасымалдау – 84, балықты заңсыз пайдалану – 12-ні құрады.

Әкімшілік жауапкершілікке 834 тұлға тартылса, соның ішінде, 106 тұлға сот алдында жауап берді. 144 қылмыстық іс қозғалып, оның ішінде 56 материал сот органдарына жөнелтіліп, тексеру нәтижесінде 32 тұлға әр түрлі жауапкершілік деңгейі бойынша сотқа тартылды.

Құқық бұзушылардан 33 тоннадан артық балық тартылып алынды, оның ішінде, 3 тоннадан артық – бекіре балығы, 20 кг қара уылдырық, 1200 бірлік аулау құралдары мен 1786 бірлік жүзу құралдары.

Акция кезінде Каспий теңізінің Солтүстік жағалаулық бөлігіне авиаблет жүргізіліп, браконьерлік тұрақ координаттары мен түрлі жүзу құралдарының жиынтығы анықталды. Одан соң теңізде жылдам жүретін катерде олардың жолын кесу мақсатында біріккен рейд жұмыстары ұйымдастырылды.

Одан бөлек, Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Ақтөбе және Орал қалаларының базарларында, сауда орындарында балық өнімдерін заңсыз сату мен өткізу рейдтері жүргізілді.

Бұқаралық үгіт-насихат жұмыстары бойынша күшейтілген шаралар өткен жылғымен салыстырғанда табиғатты қорғау заңнамасының бұзылуын төмендетуге жол ашты. Бірінші кезекте бұған мемлекеттік органдардың біріккен жұмысы мен біріккен күші әсерінен қол жеткізілді.

Қабылданған шаралар бекіре балықтарының уылдырық шашу орындарына сәтті миграциялануына әсер етті. Осылайша, көктемгі маусымда екі бекіре балығын өндіретін

зауыт 230-дан артық өндірушіні ұстады.

Келешекте балық қорғау шараларын жетілдіру мен тиімділігін арттыруға қажетті барлық шаралар қабылданып, 2015 жылғы акция барысында анықталған және түзілген ұсыныстар мен олқылықтардың орны толтырылатын болады.

32 – кәсіптік аулау кезінде және кәсіптік емес аулау кезінде аз мөлшерде жоғалатын балық аулаудың іріктемелі тәсілдері мен әдістері қолдану және дамуына әсер ету;

«Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы қаулысына сәйкес сирек кездесетін және жоғалу қаупі бар жануарлар түріне су жануарларының 18 түрі, соның ішінде, 17 балық түрі енгізіліпті.

Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрінің 2015 жылғы 16 ақпандағы №18-03/106 бұйрығымен балық аулаудың нысаны болып табылатын құнды жануарлардың тізімі бекітілді. Бұл тізімге елу екі су жануары енгізілсе, соның ішінде, 50-і балықтару

Жануарлар әлемін сақтау мен қайта қалпына келтіру мақсатында (балық ресурстары) жануарлар әлемін пайдалану мерзіміне, өндіру тәсілі мен аулау түрлеріне, жануарлар әлемін қолдану орындары мен пайдаланушылардың санына шектеу қойылады.

Жануарлар әлемін тұрақты пайдалану, қорғау мен қалпына келтіру шараларын қаржыландыру Қазақстан Республикасы бюджеттік заңнамасына сай бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады, ал бекітілген балық шаруашылығы су қоймаларында және/немесе учаскелерінде балық шаруашылығы субъектілері қаражаты есебінен жүргізіледі.

33 – эндемиялық, сирек және жойылып кету қаупі бар биологиялық түрлерді қорғау, сақтау және қалпына келтіру;

Экологиялық кодекстің 262-бабында төмендегілер айтылған:

- мұнай өндіру жөніндегі жұмыстарды бастар алдында жер қойнауын пайдаланушының қаржылай қаражаты есебінен Каспий теңізі солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорық аймағында уылдырық шашылуын қорғау және бағалы кәсіпшілік балықтарын молайту жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, қоршаған ортаны, сондай-ақ итбалықтардың тіршілік ету ортасын қорғау жөнінде кешенді бағдарламалар көзделуге тиіс;

- суда жүзетін және су маңдарындағы құстардың ұя салатын орындарын бұзуға, сондай-ақ бекіре балықтарының уылдырық шашу орындарына баруына кедергі орнатуға тыйым салынады

Экологиялық кодекстің 263-бабында былай делінген:

- Каспий итбалығының популяциясын сақтау мақсатында қазан айынан мамыр айына дейінгі кезеңде сейсмикалық жұмыстар мен өзге де шаруашылық қызметті жүргізу аралдағы және мұздақтардағы жатақтарда итбалықтардың шоғырланған жерінен кемінде бір теңіз милі қашықтығында сейсмикалық бөліктер бөліп беру арқылы үйлестіріледі. Итбалықтардың көп шоғырланған жерлерін анықтау үшін, жатақтардың жиі орын ауыстырылатыны ескеріле отырып, алдын ала авиациямен шолып ұшу көзделуі тиіс;

- сейсмикалық барлау процесінде балықтарды жұмыс аймақтарынан үркітіп кетіру құралдарын пайдалану көзделуі мүмкін.

34 – сирек және жойылып кету қаупі бар биоәртүрлілікті, сондай-ақ, осал экожүйелерді сақтау.

Қазақстанда, соның ішінде, Каспий теңізі аймағында ерекше қорғалған табиғи аумақ (ЕҚТА) құру арқылы биологиялық әртүрлілікті сақтау проблемаларына айрықша назар аударылады.

Қазіргі таңда Атырау облысы аумағында үш ерекше қорғалған табиғи аумақ бар:

Ауданы 700 мың га болатын Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аумақ;

Каспий теңізінің жағалаулық аймағындағы Құрманғазы ауданы аумағында орналасқан ауданы 45 мың га болатын Новинск мемлекеттік табиғи (зоологиялық) кіші қорық;

Атырау қаласы мен Махамбет ауданы аумағында орналасқан, көлемі 111,5 мың га құрайтын «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты.

Бұл аумақтың жалпы көлемі облыстың жалпы аумағының 7,2% -ын құрайды.

Айта кетерлігі, Қазақстанның Экологиялық кодексінің 257-бабына сәйкес Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық шеңберінде келесі пайдалану режімі бекітіледі:

1) теңізде балықтардың қалыпты уылдырық шашуын және олардың жас өркендерінің ширауын қамтамасыз ету үшін 1 сәуірден 15 шілдеге дейінгі кезеңде Жайық пен Еділ өзендері сағасындағы аудандарда Еділ өзенінің жер беті атырауы қазақстандық бөлігінің теңізге қарай сұғына енген нүктесінен және Жайық өзенінің жер беті атырауы

казакстандық бөлігінің теңізге қарай сұғына енген нүктесінен 50 километр шеңберде, сондай-ақ 1994 жылы 1 қаңтардағы жағалау сызығынан ені 15 километр белдеуде жоғарыда аталған атыраулар бойындағы кеңістікте және одан әрі шығысқа қарай Жем өзеніне дейін құрылыс және геофизикалық жұмыстар жүргізуге, ұңғымаларды сынауға және кемеңің жүзуіне тыйым салынады. Бұл ретте жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша балық аулауды және оны тасымалдауды, навигациялық жағдайды бақылау құралдарын қоюды, ауыстыруды, алуды және тексеруді жүзеге асыратын кемелердің жүзуіне, ғылыми-зерттеу жұмыстарына және бақылау-инспекциялық қызметке жол беріледі;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген кезеңде мұнай өндіру процесі жабдықтармен, химиялық реагенттермен, жанар-жағар және басқа материалдармен, азық-түлікпен дербес қамтамасыз етуге көшірілуі тиіс. Мұнай өндіру процесіндегі қалдықтарды кейіннен тыйым салу кезеңі аяқталғаннан кейін шығарып тастау үшін оларды жинақтау мен сақтауды қамтамасыз ететін барлық шаралар қабылдануы тиіс;

3) құстарды ұя салатын жерлерінде (қамыс нуларында, құмдауытты жағалау қойнаулары мен аралдарда) сақтау мақсатында осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген кезеңде құрылыс жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ ұңғымаларды сынауға тыйым салынады;

4) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілгеннен басқа мерзімдерде құрлық-теңіз шекарасындағы қамысты нулардың (табиғи биологиялық сүзгілердің) шегінде жұмыстар жүргізу жыл маусымы ескеріле отырып, қоршаған ортаны қорғау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдерімен реттеледі;

5) Каспий итбалығының популяциясын сақтау үшін қазан айынан бастап мамыр айын қоса алғанда мұнай операцияларын жүргізу олардың шоғырланған жерлерінен 1852 метр (1 теңіз милі) алыс қашықтықта жүзеге асырылуға тиіс. Итбалықтардың шоғырланған жерлерін анықтау үшін жатақ ауыстыру ескеріле отырып, барлық ықтимал шаралар қабылдануға тиіс;

6) құстар мен каспий итбалығына теріс әсер етуді болдырмау үшін, қоршаған ортаны қорғау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарды алдын ала хабардар ете отырып ғылыми-зерттеу және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуден басқа жағдайларда, олардың белгіленген мекендеу және көбею жерлерінің үстімен әуе көлігінің 1 километрден төмен биіктікте ұшуына тыйым салынады.

Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде және оның жағалаулық аймағына жақын жерде ЕҚТА тек республикалық қана емес, облыстық деңгейде де құрылады.

Облыстық бюджет есебінен «Атырау облысындағы ерекше табиғи қорғалған аумақты дамыту мен орналастыру сызбанұсқасы» жасалынды. Осы сызбанұсқаға сәйкес жергілікті мәндегі «Балбұлақ» және «Тасшағыл» мемлекеттік кешендік-табиғи кіші қорықтарды құру бойынша табиғи-ғылыми негіздемелер дайындалды. Осы сызбанұсқаға сәйкес Атырау облысы Индер ауданы аумағында «Индер табиғи саябағын» құру жоспарланып, облыста ЕҚТА көлемін кеңейтіп, оларды облыс аумағының 10%-ына жеткізуге жоспарланып отыр.

Маңғыстау облысында сондай-ақ, айрықша қорғалған табиғи аумақтар бар. Жергілікті мәнді мемлекеттік табиғи «Адамтас» кіші қорығы Маңғыстау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 24 желтоқсанындағы №359 қаулысымен құрылды. Кіші қорықтық су алқабының көлемі 100 м, ал Каспий теңізінің бойлық теңіздік сызығының ұзындығы 154,6 км, кіші қорықтың су беткейінің аумағы 1546 га құрайды. Осылайша, жергілікті мәнді мемлекеттік табиғи кешенді кіші қорық көлемі 68 374,3 га тең.

Кіші қорық Қазақ шығанағы мен Кендірлі шығанағының бүкіл жағалаулық сызығын бойлай су беткейі бөлігін алып жатыр, бұл жерде наурыздың соңы мен мамырдың ортасы және тамыздың соңы мен қараша арасында орын алатын маусымдық миграция кезеңінде суда жүзетін және су маңы құстарының саны өседі. Бұл аймақтың географиялық орналасуымен байланысты – осы жерде Орталық, Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібірді мекендейтін құстардың бір бөлігі бар, олар теңізді кесіп өсіп, Қара және Жерорта теңізіне қыстауға ұшса, өзге бір бөлігі Каспийдің шығыс жағалауын бойлай оңтүстікке бағыттайды.

Көктемде бұл жерден фламинго, сұқсыр үйрек, аққу және т.б. құстарды кездестіруге болады. Қазақ шығанағы құстар үшін жоғары сезімталдықты аймақ болып саналады, сондықтан қыстау кезінде суда жүзетін және су маңы құстарының саны 50-70 мыңға дейін жетеді.

Қазақ шығанағының жағалауы тұрақты қыстау аймағына кірсе, Кендірлі шығанағына құстардың көп бөлігі де үйір, ол жіңішке құмды қиғаш аттас теңіз айдынынан алыста жатыр. Антропогенді әсер учаскелерінен алыстаған орналасқанына байланысты шығанақ Каспий теңізінің барынша таза аудандарының бірі болып табылады.

Бұл жерде шельфтің түркімендік жағынан ығыстырылған каспийлік көксерке санын көбейтті. Айтарлықтай мөлшерде тікенді балық, бекіре шабақтары мекен етсе, шаяндар мен тікенді балық популяциясы гүлдене түсуде.

Кендірлінің солтүстік қиғаш аралында каспийлік итбалық кездеседі, Бұл Каспий теңізін мекендейтін жалғыз теңіз сүтқоректісі, сондықтан ол оның экожүйесінде ерекше маңызға ие. Бүкіл теңізді мекен ету арқылы ол Каспий экожүйесінің жағдайының индикатор-түрі болып табылады. Балықпен қоректеніп отырып, каспийлік итбалық өз уақытында қоректік организмдердің қорын қоса алғанда, теңіз ортасының өзгеруіне әрекет етеді.

Популяцияның негізгі бөлігі Солтүстік және Оңтүстік Каспийді мекендейді. Күздің соңында (қарашада) жақсы қоректенген жыныстық жағынан жақсы жетілген дарақтар мұз басу кезінде көбейіп, ұрық шашатындықтан, теңіздің солтүстік бөлігіне қоныс аударады.

Мұз еріген соң бүкіл дарақтар мен ұрықтар 90%-ы теңіздің батыс және шығыс жағалауларын бойлау оңтүстікке қоныс аударады.

Жергілікті маңызға ие «Манашы» мемлекеттік кешенді табиғи кіші қорық Маңғыстау облысы әкімінің 2015 жылғы 27 ақпанындағы №53 Қаулысымен құрылды. «Манашы» кіші қорығының аумағы әкімшілік тұрғыдан Маңғыстау облысының Бейнеу және Маңғыстау аудандарында, Бейнеу ауылының оңтүстік-батысынан 30 км, Сай-Үтес ауылынан солтүстік-батысты 4 км орналасқан. Жобалық аумақ құрамына Каспий теңізі Комсомolec шығанағы, Өліколтық және Қайдақ аумағының оңтүстік-батыс жағалауындағы және батыстағы Үстірт аймағының солтүстік бөлігі кіреді. «Манашы» кіші қорығының көлемі 228 028,2 га құрайды (2-сурет).

35. Теңізге жақын әсерде орналасқан құрлықты басқару (Тегеран конвенциясының 15-бабы және Каспий теңізін құрлықта жүзеге асырылған қызмет салдарынан және жерүсті көздерінен ластанудан қорғау туралы Хаттама мен Биоәртүрлілікті сақтау туралы Хаттама жобалары (10-бап).

36. Биоәртүрлілікті сақтау механизмін құру, ерекше қорғалған табиғи аумақтар мен биологиялық ресурстарды тұрақты және дұрыс пайдалануды басқару мақсатында теңізге жақын орналасқан құрлықты басқару мен жоспарлау бойынша ұлттық стратегиялар мен жоспарды жасау және орындау

Жағалаулық аудандарды жоспарлау негізінде жағалаулық аудандарды кешенді басқару.

Жағалаулық аудандардағы инфрақұрылым мен тұрғындарына қауіптіліктің табиғи факторларының жағымсыз әсерлерін азайту.

Жағалаулық аудандардағы жердің құлдырауы мен ормансыз қалуды қысқарту және тоқтату.

Каспий теңізінің қазақстандық жағалауының жағалаулық аймағындағы ландшафтың көп бөлігі жазықтау болып табылады. Сондықтан теңіз жақтан күшті әрі толассыз жел соққанда жағалаудың көптеген бөліктерін теңіз суы басып қалады. Тұрғындар мен жағалаулық аймақты қорғау үшін жағалаулық аймақтың көптеген бөліктері көп шақырымдық бөгетпен қоршалған. Бұл жекелей алғанда Атырау облысы мен Маңғыстау облысының солтүстік бөлігіне тән жағдай.

Мұнай компаниялары ауық-ауық бөгет жағдайын тексеріп отырады, бұл теңіз айдынына жағалау аумағынан мұнайдың түсуіне жол бермеу үшін маңызды.

Осылайша, «Ембімұнайгаз» АҚ компаниясы, Каспий теңізі жағалауында орналасқан мұнай кен орындары мұнайдың теңізге түсіп кетуінің алдын алу үшін өз бөгеттерін көптеген баспалдақты металл конструкциялы бөгеттерін арнайы толықтырғыштармен бекітеді. Бұл конструкциялар жағалаулық бетті «Рено матрицасы» деп аталатын күй түзе отырып, мүжіліп құлаудан қорғайды. Осылайша, Тереңөзек және «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Батыс Оппасы кен орындарында Атырау облысында ұзақтығы 5,4 км «Рено матрицасы» қорғаныс бөгеті бекітілген.

Компания сондай-ақ, жүйелі түрде жылына екі рет бөгеттің жағдайына мониторинг жүргізіп отырады және олқылықтар анықталған жағдайда оларды жою үшін заманауи шараларды қолданады.

Бөгет тек қорғаныс ғимараты ғана емес, ережеге сай, автомобиль жолдарына жота бойынша төселеді.

Аймақтың күрделі проблемасы болып шөлге айналу процестерінің күшеюі табылады. Бұл проблема Атырау, сондай-ақ, Маңғыстау облысына да тән.

Атырау облысындағы проблеманы облыстық бюджет есебінен шешу үшін елдімекендердің шандарын алу процестері бойынша жоба мақұлданды. Ол олардың жағымсыз әсерін төмендету бойынша кешендік сызбанұсқа арқылы жасалды. Жоғарыда аталған сызбанұсқа негізінде 2012 жылдан бастап Исатай ауданы Зинеден ауылындағы құмдарды жинау жұмыстары, ал 2014 жылдан бастап Исатай ауданындағы Исатай ауылында сондай жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыстар қазіргі таңда да жүргізілуде. Ағымдағы жылы осындай жұмыстар Жылыой ауданының Майкөмген ауылында қолға алынды.

Маңғыстау облысында облыстық қаржы есебінен көшпелі құммен күрес шаралары жүргізілуде. Бұл мәселе әсіресе, Сенек, Үштаған, Тұщықұдық елдімекендері үшін де өзекті.


Құлдыраған құмды массивтегі өсімдік жабынын қалпына келтіру жұмыстары осы елдімекендерге жақын жерлерде жыл сайын 2004 жылдан бастап аумағы 200 га артық жерде жүргізілуде. Көшпелі құммен күрес үшін облыста сондай-ақ, «Жасыл Әлем» МКК мамандандырылған кәсіпорны Маңғыстау облысы әкімінің 2008 жылғы 9 шілдедегі №513 қаулысын негізге ала отырып құрылды. 1-кестеде жылдар бойынша өсімдік жабынын қалпына келтіру аумақтары көрсетілген.

1-кесте

Маңғыстау облысындағы қалпына келтірілген өсімдік жабындары бар
Жер аумақтары

Құм, га	2012 ж. (га)	2013 ж. (га)	2014 ж.(га)	2015 ж.(га)
«Түйесу»	100	100	100	100
«Бостанқұм»	100	100	100	100
«Қызылқұм» Тұщықұдық ауылы	103,5	130	144,5	234,5
Барлығы:	303,5	330	344,5	434,5

Шөлге айналған елдімекендерге жақын жерлердің өсімдік жабындарын қалпына келтіру жұмыстарының нәтижесі 3-5-суреттерде көрсетілген.



3-сурет. Сенек ауылына жақын маңдағы жерлердегі қалпына келтірілген өсімдіктер (2004 жылдан бастап 2015 жылдың жарты жылдығына дейін аумағы 1020 га болатын өсімдік отырғызылған).



4-сурет. Ұштаға ауылына жақын маңдағы жерлердегі қалпына келтірілген өсімдіктер (2007 жылдан бастап 2015 жылдың жарты жылдығына дейін аумағы 1030 га болатын өсімдік отырғызылған).



5-сурет. Тұшықұдық ауылына жақын маңдағы жерлердегі қалпына келтірілген өсімдіктер (2011 жылдан бастап 2015 жылдың жарты жылдығына дейін аумағы 640 га болатын өсімдік отырғызылған).

Шөлге айналумен күрес жұмыстарына жеке сектор да қатысады. «ТШО жаңалықтары» деректері бойынша №02(212) 2015 2014 жылы «Тенгизшевройл» БК (ТШО) Атырау облысы Жылыой ауданының жасылдануына Құлсары қаласында екі саябақ пен Жаңа Қаратон және Қосшағыл елді мекендерінде 2000-нан артық көшет отырғызу арқылы үлес қосты.

Қазақстанның Каспий маңы аймақтарында облыстық мәслихат қаулысына сәйкес Каспий теңізі жағалауын бойлау су сақтау аймақтары бекітілді.

Қазақстанның Экологиялық кодексіндегі 258-бапқа сәйкес Каспий теңізі жағалауындағы су сақтау аймақтарының ені теңіз деңгейін ортаңғы-көпжылдық деңгейі шамасынан 2000 метрге тең деп саналып, соңғы онжылдықтағыдан 27,0 метр минусқа тең. Елді мекендердің су сақтайтын аймақ шекарасы шеңберінде су нысанын ластау мен

кірлетуді қоспағанда, жағалаулық аймақтың міндетті орманды суландыру немесе инженерлік орнығуын жоспарлау мен салудың нақты жағдайы арқылы бекітіледі (қалқан, үйме жалдау, орман бұтасы алқабы).

Су сақтау аймағы шеңберінде тыйым салынады:

1) су нысандары мен олардың су сақтайтын аймақ пен алқаптарды ластау мен кірлетудің алдын алатын ғимараттар және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қайта құрастырылған және жаңа нысандарды жобалау, салу мен пайдалануға беру;

2) елдімекендерден алыста мұнай өнімдерін сақтау қоймаларын, арнайы техниканың техникалық қызмет көрсету орындарын, механикалық шеберханалар, жуғыш, қалдықтарды тастайтын орын, сондай-ақ, су сапасына жағымсыз әсер ететін өзге де нысандарды орналастыру мен құрылыс;

3) құрылыс, түбін тереңдеткіш және жарылғыш жұмыстарды өндіру, пайдалы казбаларды өндіру, шоғырсым, құбыр желісін және өзге де коммуникация құралдарын төсеу, бұрғылау, ауылшаруашылық және өзге де жұмыстарды бұл жұмыстар қоршаған ортаны қорғау мен су қорын пайдалану және сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілген жағдайды қоспағанда.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 260-бабына сәйкес Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі жағалаулық суды қорғау аудандарының ауқымы тұрғындардың суды пайдаланатын орындарында соңғы онжылдықтағы теңіздің орташа көпжылдық деңгейінен 3,9 шақырымнан кем емес (2 миль) болуы тиіс.

Экологиялық кодекстің 266-бабына сәйкес:

- жағалаудағы базаларды, оның ішінде, жанар-жағармай материалдары қоймаларын, көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету станцияларын салу, қолда бар инфрақұрылымдарды пайдаланыла отырып, Каспий теңізі жағалауының су қорғау аймағынан тысқары жүзеге асырылуға тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген су қорғау аймағында объектілер салуға және жұмыстар орындауға жол беріледі;

- жарақтандыру айлақтары мен базаларының аудандары, жарақтандыру, техникалық қызмет ету мен май құю жөніндегі операциялар қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен халық денсаулығын қамтамасыз ететін барлық талаптар сақтала отырып жүзеге асырылатындай етіп жоспарлануы тиіс;

- жағалау инфрақұрылымы объектілері жұмыс істеуін аяқтап, олар қайта бөлшектелгеннен кейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген жобалау құжаттамасына сәйкес жерді рекультивациялау жүргізілуі тиіс.

37. Каспий теңізі деңгейінің ауытқуы (Тегеран конвенциясының 16-бабы).

38. Каспий теңізі деңгейінің ауытқу салдарын жұмсарту мақсатында қажетті ғылыми зерттеулерді жүргізу.

Елде Каспий теңізі деңгейлік режімін бақылауды түзу үшін орташа мерзімді және ұзақ мерзімді қандай ғылыми зерттеу жүргізіліп жатқанын көрсетіңіз.

Сіздердің елдеріңізде жағалаулық аймақтарды басқару мен аумақтық жоспарлауда теңіз деңгейінің тұрақсыздығына жағалаулық аймақтардың осалдығы ескеріле ме?

Сіздің еліңіздегі табиғатты қорғау заңнамасында Каспий деңгейлік режімінің ерекшелігін есепке алумен байланысты сұрақтар келтірілген бе, көрсетіңіз.

Каспий деңгейінің ауытқуы салдарынан сіздің еліңіздегі жағалаулық аймақтарды басқаруда қандай орын алуы мүмкін жағдайлар ескерілуде?

Каспий теңізінің деңгейі құрлықшілік су қоймасы ретінде айтарлықтай ауытқулармен бетпе-бет келіп тұр. Каспий теңізі деңгейіне көпжылдық маусымдық және қысқа мерзімді (айдау-ағызу) өзгерістер тән.

Теңіз деңгейінің айдау-желқума ауытқуы жел мен атмосфералық қысым әсерінен теңіз деңгейінің маусымдық емес қысқа мерзімді өзгерістерінен тұрады. Осы әрекет салдарынан теңіздің беткейлік қабатында су массасының орын ауыстыруын тудыратын толқын орын алып, жағалаудағы теңіз деңгейінің қысқа мерзімді ауытқуына әкеліп соғады. Ауқымды таяз су, түбінің және құрлықтың кіші еңісі, жағалау шекарасының конфигурациясы, желдің қатты соғуы Солтүстік Каспийде су деңгейінің айдау-желқума ауытқуына жағымды жағдай жасайды. Каспий маңы жағалаулық аймағында теңіз деңгейінің айдау-желқума ауытқуы салдарынан гидрологиялық-морфологиялық, гидрохимиялық және экологиялық процестердің айтарлықтай өзгерісі орын алады.

Каспий теңізі деңгейінің жоғары деңгейінде желқума құбылыс қазақстандық жағалаудың бұрын су баспаған бөліктерін көп мөлшерде су басып, шаруашылық нысандарына, тұрғындар мен аймақ экологиясына үлкен шығын әкеледі. Желқума кезінде Солтүстік Каспий теңізі деңгейінің түсуі 2,5 м жетуі мүмкін. Бұл су жинау жұмыстарының, порттық айлақ пен кеме жүзетін теңіз каналдарының таяздануына, уылдырық шашатын орны мен бағалы кәсіпшілік балықтарды айдайтын аумақтың қысқаруына (бірінші кезекте, бекіре балықтарының), жағалаулық аумақтың ландшафтық құрылымының өзгеруіне, жағалаулық аудандардың шөлге айналуына әкеліп соғады. Желқума кезінде жағалауды бойлап жатқан ауқымды таяз су, сондай-ақ, Оралдың сағалық

қайраңы құрғап, нәтижесінде байланған су қоймасы мен шалшықтағы балықтар өліп, аулауға арналған жарақтар құрғап, балық кәсібі тоқтайды. Теңіздің жағалаудан барынша алыс ашық бөлігінде айтарлықтай толқын кезінде кемелер өтетін жағдай нашарлап, олар жүк тиемей өтуге мәжбүр болады. Толқын маңғышлақ шегіндегі асуды шектейді. Келтірілген залал дауылдық желқуманың (толқын) болатынын алдын ала ескерту (болжау) салдарынан айтарлықтай аз болуы мүмкін.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 261-бабына сәйкес тыйым салынады:

1) су нысандарының және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болдырмайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланатын объектілерді жобалауға, салуға және пайдалануға беруге;

2) мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, техникаларға техникалық қызмет көрсету пункттерін, механикалық шеберханаларды, жуу орындарын елді мекендер шегінен тысқары жерде орналастыруға және салуға, қалдықтарды орналастыру орындарын ұйымдастыру мен жайластыруға, сондай-ақ судың сапасына теріс әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

3) мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобалары болмаса, құрылыс, түбін тереңдететін және жару жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кабельдер, құбырлар мен басқа да коммуникациялар тартуға және бұрғылау, ауылшаруашылық және өзге де жұмыстарға тыйым салынады.

Экологиялық кодекстің 265-бабына сәйкес мұнай-газ құбырлары мен оларды теңіз деңгейінің ауытқу-желқума ауытқуы әсері аймағындағы нысандарында алып жүретін жобалау мен салу кезінде олардың барынша көп амплитудаларын есепке алу арқылы жүргізілуі тиіс.

Қазақстанда жүйелі негізде Каспий деңгейінің ауытқуын зерттеу, соның ішінде, халықаралық әріптестердің қатысуымен зерттеулер жүргізіледі. Мысалы, дат ғалымдары мен мамандарының қолдауымен «Қазгидромет» РМК қолдауымен Дат гидравликалық институтында жасалған МИКЕ 21 гидродинамикалық модулі негізінде гидродинамикалық теңестіру жүйесін шешуге негізделген Каспий теңізі деңгейінің қысқа мерзімді (айдау-желқумалық) ауытқуын болжау жүйесі енгізілді.

МИКЕ 21 гидродинамикалық модулі МИКЕ 21 үлгілеуі ішіндегі барлық жүйенің негізгі модулі болып табылады және есептеу үшін гидродинамикалық базиспен қамтамасыз етеді. Ол су мен ағысының су қоймасында орын алып жатқан құбылысқа жауап ретінде деңгейінің өзгеруін үлгілейді.

Су мен ағыс деңгейі батиметрлік деректер, түбінің дөңестік коэффициенті, жел өрісі, гидрографикалық шектік шарттар, т.б. болған жағдайда кеңістіктің қызығушылығын қамтитын тік бұрышты координаталы торда орналасады. Модельдің гидродинамикалық модулі үзіксіздіктің тік интеграцияланған теңгерімі жүйесі мен екі көлденең өлшеудің қозғалыс санын шектеуді жақсы кеңістіктік және уақытша шешімге қол жеткізе отырып шешеді, сонымен қатар, төмен жатқан қабат динамикасы қабатын ауытқудың атмосфералық процестері әсерінен жылдам өзгеретін әсермен зерттейді.

«Қазгидромет» РМК Қазақстанның Атырау және Маңғыстау облыстарына болжам жасайды. Болжамның негізі болып орташа мерзімді ауа райын болжау Еуропалық орталығының (ОАБЕО) сандық ауа райы болжамы саналады. Теңіз деңгейінің болжамы осы аймақтағы дамушы морфометриялық шарттар мен синоптикалық процестерді есепке алу арқылы таңдалған сегіз мекенді құрайды. Ондай тіректік станция болып мыналар табылады: Жамбай кенті, Пешной аралы, Қаратон кенті, Қаламқас кенті, Құлалы аралы, Форт-Шевченко қаласы, Ақтау қаласы және Фетисово кенті. Қазақстандық мекендерден бөлек, болжам ресейлік мына мекендер үшін де жасалынады: күн сайын жасалынған болжамдардың дәлдігін бағалауға мүмкіндік беретін мемлекетаралық алмасу бойынша оперативті гидрометеорологиялық ақпарат алынатын Тюлений және Махачкала аралы. Теңіз деңгейі есебінің (болжамы) дискреттілігі – 1 сағат, ал күні бұрын – 120 сағатқа дейін (5 тәулік). Қауіпті толқын мен желқуманың орын алу қаупі болғанда теңіз болжамдары күн сайын нақтыланып отырады. Бұл кестелердің негізінде теңіз деңгейінің болжанған және өлшенген бағытын салыстыру жолымен гидродинамикалық әдіс арқылы болжамның нақтылығын бағалау орындалады.

Қазгидрометте жасалған теңіз деңгейінің ауытқуын болжау жүйесі мекендегі кез келген белгіленген тұтынушы арқылы болжамдық ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Теңіз деңгейінің өзгерісі болжамын «Қазгидромет» РМК электрондық және баспа форматындағы бюллетеньде ұсынады.



Каспий теңізі бойынша бюллетеньде теңіздің өткен жағдайына бір апта бұрын шолу жасалынып, оның деңгейіне 5 күн бұрын графикалық

түрде болжам беріледі. Онда сондай-ақ, Каспий деңгейін болжау мен қадағалау мекендерінің орналасу сызбанұсқасы келтірілген. Қысқы уақытта бюллетеньнің қысқы нұсқасы шығады. Онда Каспий теңізінің сулы беткейінің күйі бейнеленіп, теңіздің қатпайтын деңгейіне болжам жасалынса, сонымен қатар, қысқы бюллетеньде қазақстандық станциядағы мұз ахуалына шолу беріліп, теңіз станциялары бойынша су температурасы бағытының графикасы жүргізіліп, космостық түсірілімдер ұсынылады.

МІКЕ – 21 үлгісін, жекелей алғанда, теңізде толқын көтерілуін болжау үшін қолдану саласының әрі қарайғы кеңеюінің маңыздылығы ұсынылады. Бұл кемелерді өткізуді оңтайлы бағытта, ұшақты суға қондыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, бұрғылау жұмыстарын өндірудің, балық кәсібін, тиеу-түсіру жұмыстарының қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыруға себеп болып, сондай-ақ, Каспий теңізі мен оның жағалауында орналасқан шаруашылық нысандарын қорғау бойынша шараларды таңдауға жол ашады.

40. Каспий теңізінің теңіз ортасына айтарлықтай жағымсыз әсер етуі мүмкін кез келген жоспарланған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау шараларын қолдану.

Өзге де келіскен тараптар арасында қоршаған ортаға әсерін бағалау нәтижесін тарату.

ҚОӘБ шараларының бастапқы сатысынан бастап, жоспарланған қызметтің ҚОӘБ шараларында қоғамның тиімді қатысуын қамтамасыз ету (Хаттама, 4.4-бап).

Траншекаралық контексте ҚОӘБ қосқанда, сіздің еліңізде жоспарланған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүзеге асыру үшін заңнаманың бар-жоғын көрсетіңіз.

Каспийдің теңіздік және жағалаулық ортасына айтарлықтай жағымсыз әсер етуі мүмкін жобалардың қанша көлемі ҚОӘБ шарасынан өтті? Сіздің еліңіздегі Каспий маңы аймағындағы қызмет жобасы үшін траншекаралық контексте есептік кезеңде жүргізілген ҚОӘБ шараларының, ал бірінші есеп үшін – Конвенцияның күшіне енген сәттен бастап жүргізілген шараларының нәтижесін қысқаша баяндаңыз.

Қазақстан заңнамасында қоршаған ортаға әсер етуді бағалау сұрақтарына (ҚОӘБ) көп көңіл бөлінеді.

Сонымен, Қазақстанның Экологиялық кодексіндегі 36-бапта қоршаған орта мен тұрғындардың денсаулығына тікелей және жанама әсер етуі мүмкін шаруашылықтың және өзге де қызметтің кез келген түрлеріне ҚОӘБ міндетті болып табылатыны айтылған. Осы орайда қоршаған ортаға әсер ететін шаруашылық және өзге де қызмет жобаларын оған әсерін бағаламай жасау мен жүзеге асыруға тыйым салынады. ҚОӘБ нәтижелері

жоспаралды, жоспарлы, жобаалдылық және жобалық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады. ҚОӘБ жобаланған нысандардың келешегі бар қызметі жатады. Тапсырыс беруші (бастамашы) мен жобаны жасаушы қоршаған ортаға әсерге жүргізілген бағалау нәтижесін есепке алуға және қоршаған орта мен адам денсаулығына барынша аз залал келтіретін нұсқаны қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағындағы шаруашылықтық және өзге де қызметті жүзеге асырғанда жалпы экологиялық талаптарға арналған Экологиялық кодекстің 262-бабында төмендегілер айтылады:

- теңізде барлау жүргізудің алдында, қоршаған ортаға әсерді толық көлемінде бағалауды қоса алғанда, жұмыс жобасы әлемдік тәжірибе ескеріле отырып әзірленуге тиіс. Көзделіп отырған шаруашылық қызмет жүргізілетін, бұрын зерделенген ауданның қазіргі жай-күйін талдау қоршаған ортаға әсерді бағалау табыс етілгенге дейін кемінде төрт жыл бұрын жүргізілген далалық зерттеу нәтижелеріне негізделуі тиіс;

- қоршаған ортаға әсерді бағалау кезінде, теңіз акваторий мен жағалау аймақтарының айрықша осал учаскелерінде барлау жүргізуден бас тартуды қоса алғанда, балама нұсқаларды талдау міндетті элемент болып табылады.

Солтүстік Каспий қорықтық аймағына қатысты Экологиялық кодекстің 268-бабында мыналар айтылған:

- пайдаланудан шығарылған қазба үйінділері аралдарын жою туралы шешім, жою жөніндегі жұмыстардың қоршаған ортаға әсеріне жүргізілген бағалаудың негізінде қабылдануға тиіс;

- су басып қалған және батып кеткен ескі ұңғымаларды консервациялау мен жою қоршаған ортаға әсерді бағалаудан тұратын жобалар бойынша орындалуы тиіс.

ҚОӘБ жобаларын дайындау үшін Қоршаған ортаны қорғау министрлігі есебінен бөлінген қаражат арқылы қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша әдістемелік нұсқау жасалынды.

Қазақстанда, соның ішінде, Каспий маңы аймағында жүзеге асыруға бағытталған барлық жобаға ҚОӘБ шаралары жүргізіледі.

Мысалы, су ресурстарын пайдалану мен сақтауды реттеу бойынша Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы «Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігіндегі нысандарды жүкті тасымалдау бағыты. Айлақтық ғимараттары бар Солтүстік Каспий теңіз каналы» жұмыс жобасын және оған қосымша «Қоршаған ортаға әсерін бағалауды» қарады.

Әкімшілік тұрғыда құрылыс ауданы Каспий теңізінің шығыс бөлігіндегі қазақстандық айдында орналасқан және Қазақстан Республикасы Атырау облысы Жылыой ауданына жатады.

Жобаланған жұмыстың мақсаты құрылыс операцияларына қолдау көрсету үшін жүктерді тасымалдауға және Құлсары/Тенгиз/Бейнеу елдімекендері аумағында өнеркәсіптік өндіріске көмек көрсету үшін құрылыс операцияларына қолдау көрсетуге қатысты Солтүстік Каспий теңіз каналының құрылысы болып табылады.

Кемеде жұмыс жүргізген кезде ластанған ағын судың келесі түрлері түзіледі:

- Шаруашылық-нәжістік ағын сулар;
- Мұнай құрамдас ағын сулар – энергоблок жүйесінде, компрессорлық құрылғы, жүк көтеретін механизмдерде, технологиялық құрылғыларды жөндеу мен тазалау кезінде мұнай өнімдерінің төгілуі мен ағуы нәтижесінен түзіледі;
- Пайдаланылған теңіз суы.

Солтүстік Каспий теңіз каналы құрылысының қоршаған ортаға әсерін бағалау жұмыс ауданында қоршаған ортаға әсерінің заманауи жағдайы мен оның құрамдастарының орын алуы мүмкін әсерлерге тұрақтылығын барлық жағынан талдау мен бағалау негізінде жүргізілді. Компания саясатына және Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық құжат талаптарына сай табиғи орта құрамдастарына әсері мен әлеуметтік-экономикалық аспектілерін бағалау қызметтің штаттық режімі үшін де, сондай-ақ, орын алуы мүмкін апаттар үшін де орындалды. Әсерді бағалауды орындаған кезде айлақтық ғимараты бар Солтүстік Каспий теңіздік каналының құрылысы бойынша жұмыстар Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорықтық аймағы шеңберінде жүргізілетіні де есепке алынды.

ҚОӘБ бағаланды:

- штаттық қызмет және апатты жағдайларда қоршаған орта құрамдастарына әсері;
- ластағыш заттардың атмосфераға таралуы;
- суды тұтыну және су тарту;
- қалдықтар, олардың түзілуі, жиналуы мен алынып тасталуы;
- қоршаған ортаға келтірілуі мүмкін зиян көлемі.

Штаттық қызметте қоршаған табиғи ортаға қатысты анықталған әсердің көпшілігі төмен немесе орташа мәндегі деңгейде деп күтіледі.

Жоба арқылы жоғары мәнді әсері бар болып тек жұмыстардың кейбір түрлері ғана саналатыны бекітілді. Жоғары мәнді әсері тек топырақ үйіндісі мен түптік түзілімдегі түбін тереңдету жұмыстарын, себілген топырақ астында толықтай көміліп қалатын зообентос және су өсімдіктеріне қатысты жұмыстарды жүргізгенде ғана байқалады.

Табиғи ортаның бір құрамдасы көптеген қайнар көзі үшін әсер мәні бойынша түрлі болуы мүмкін, сондықтан әсердің нақты мәнін анықтау үшін табиғи ортаның нақты құрамдасының мәнін салдарлы бағалау қолданылды. Мәнді алынған салдарлы бағалау

талдауы нақты табиғи орта компоненттері үшін белгіленген (штаттық) қызмет кезінде салдарлы әсер мәні – жоғары мән – орынға ие болмайды деген тұжырым жасауға жол ашады.

Белгіленген қызмет кезінде күтілетін әсерлер экожүйенің қайтымсыз өзгерістеріне әкелмейді.

Сондай-ақ, құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде орын алуы мүмкін апаттық жағдайлар талданып, апаттық жағдайлардың орын алу мүмкіндігі ұсынылып, олардың әсеріне баға берілді.

Түбін тереңдету жұмыстары кезінде мұнай өнімдерінің үлкен көлемінен теңіз ортасына түсу арқылы орын алатын ірі апаттың орын алу қаупі (дизельдік отынның) аз.

Табиғатты пайдалануды оңтайландыру мен қоршаған ортаға антропогенді әсерді азайту мақсатында жоба арқылы қоршаған орта құрамбөліктеріне жобаның жағымсыз әсерін төмендетуге бағытталатын техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық кешені қарастырылған. ҚОӘБ жобасында сондай-ақ, өндірістік экологиялық мониторингті ұйымдастыру ұсыныстары жасалды.

Нысандар мен ғимараттарды орналастыруға жоспарланған орындар, техникалық және технологиялық шешімдер, ұйымдастырушылық және табиғи қорғау шараларының кешені жеткілікті экологиялық және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, қоршаған орта мен әлеуметтік салаға құрылыс жұмыстарының әсер деңгейін төмендетеді.

41. Траншекаралық контексте ҚОӘБ бойынша Тегеран конвенциясының жобалық хаттамасында қарастырылған шараларды орындау барысын сипаттаңыз:

Қазіргі таңда трансшекаралық контексттегі Тегеран конвенциясына Хаттама жобасы Каспий маңы мемлекеттерімен келісілмеген және қол қойылмаған. Осыған байланысты, ол бойынша шараларды орындау барысын сипаттап беру мүмкін емес.

Қазақстан БҰҰ ЕЭК Конвенциясының Тарапы болып табылатындықтан трансшекаралық контексте ҚОӘБ (Эспоо Конвенциясы) бойынша ондай бағалауды жүргізу қажет болған жағдайда Қазақстан Эспоо Конвенциясын басшылыққа алады. Жекелей алғанда, «Каспий Меруерты Оперейтинг Компани Б.В.» (КМОК) Бөлімшесі ақпараты бойынша «Жемчужина» кен орны келісімшарттық аумағында трансшекаралық контексте ҚОӘБ шараларын жүргізу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

42. Каспий теңізін құрлықтағы жүзеге асырылған әрекет нәтижесінде жерүстінен ластанудан қорғау мониторингі (Тегеран конвенциясының 19-бабы, Биоәртүрлілікті сақтау бойынша Хаттама жобасы (9-бап, 2.b-тармағы) және Хаттама жобасы, 13-бап, 1.c және 2-тармағы).

43. Каспий теңізінің теңіз ортасы күйін мониторингілеудің жеке және/немесе бірлескен сәйкес бағдарламаларын құру және жүзеге асыру.

Сіздің еліңізде теңіз ортасы күйін мониторингілеудің жеке/бірлескен бағдарламаларын құру үшін заңнамалық және институттық база бар ма? Егер болса, ластаушы заттардың тізімі мен параметрін қоса отырып, оны қысқаша сипаттаңыз.

Сіздің еліңіздегі заңнама теңіз ортасы ластануының мониторингін мемлекеттік билік қызметінің бірі ретінде жүргізуді қарастыра ма? Сіздің еліңізде теңіз ортасы күйін мониторингілеудің ұлттық бағдарламасы бар ма? Егер болса, мониторингілеу ауданы, сынама жинаудың мерзімділігі мен бақыланатын ластаушы заттардың тізімін қосқанда, оның қысқаша сипаттамасын келтіріңіз.

Су нысандарын мемлекеттік мониторингілеу қоршаған орта мен табиғи ресурстарды мемлекеттік мониторингілеу жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасы су қорын құрайтын барлық су нысандарында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабы 15-тармағына сәйкес, 2007 жылдың 9 қаңтарынан бастап қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоршаған орта күйін мемлекеттік мониторингілеу мен мониторингтің арнайы жеке түрлерін ұйымдастырады.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақты қоршаған ортасына мониторинг жүргізу қажеттігі ҚР Экологиялық кодексінің 269-бабында көрсетіліп, Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік экологиялық мониторингілеу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады делінген. Осы бапта шаруашылық қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар арқылы теңіздің осы бөлігіне қоршаған ортаның өндірістік мониторингін жүргізу бекітілген.

Экологиялық кодекстің 128-бабына сәйкес арнайы табиғатты пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар өндірістік экологиялық бақылауды жүргізуге міндетті. ҚР Экологиялық кодексінің 129-бабына сәйкес Өндірістік экологиялық қадағалау құрамдық бөлігі өндірістік экологиялық мониторинг бағдарламасы болып табылатын өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы аясында жүргізіледі.

Өндірістік мониторинг бағдарламасы қоршаған ортаға жүргізіледі деп күтілген жұмыстар әсерін бағалау негізінде жасалады. Ол қоршаған ортаны қорғау саласының уәкілетті органы, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органы арқылы келісіліп, табиғатты қолданушы бекітеді.

Қоршаған ортаны өндірістік мониторингілеу Қазақстан Республикасы техникалық реттеу туралы заңнамасымен бекітілген аккредитацияланған тәртіпте өндірістік немесе тәуелсіз зертханалар арқылы жүзеге асырылады.

Су ресурстарын мониторингілеудің нормативті негізін құрайтын негізгі құжаттардың бірі Су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу, суды мемлекеттік есепке алу және оны пайдалану ережесі болып саналады. Ереже ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 26 қаңтардағы №85 қаулысымен бекітілген. Олар Қазақстанның су нысандарына, Каспийдің қазақстандық бөлігін қоса алғанда, мемлекеттік мониторингілеу жүргізу тәртібін анықтайды. Сынама жинау кешендік зерттеулерді жүргізу мен қарқынды антропогенді әсердегі аудандарда табиғи орта ластануын бағалау Әдістемелік нұсқамасына сай жүргізіледі.

Каспий теңіз ортасын мониторингілеудің мемлекеттік жүйесі қоршаған ортаны қорғау саласының уәкілетті органдары арқылы ғана құрылып, Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сай арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылатынын мүмкіндігін айта кеткен маңызды.

Жеке сектор қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Бағдарламаға сай келісімшарттық аумақ/айдын шекарасындағы әсерді өндірістік бақылау мен мониторингілеуді құрамдасы ретінде қоршаған ортаны мониторингілеу жүйесін жетілдіруі және дамытуы мүмкін. Жеке компаниялар мониторингілеудің Бірыңғай мемлекеттік жүйесінің оның ақпараттық қамтамасыз етуге қатысты субъектілері бола алады. Бұл аталмыш өндірістік мониторингілеуді ҚР қоршаған ортаны қорғау саласындағы (139-бап) уәкілетті органның ақпараттық жүйесі мен деректер банкіне жеткізуге немесе ерікті түрде қоршаған ортаны қорғау саласындағы ведомствоастылық уәкілетті орган (161-бап) ұйымы базасында құрылған экологиялық ақпараттың мемлекеттік қорына беруге болады. Бұл жағдайда деректерді беру форматы мен шаралары жеке келісілуі тиіс.

Қазақстанда өз күшіндегі заңнамаға сәйкес Каспий теңізі қазақстандық секторының теңіз ортасының ластануын бақылауды жүзеге асыратын жекеменшік әр түрлі ұйымдастыру құрылымдарының бірқатары бар.

Каспий теңізінің теңіз ортасының жағдайын қадағалау орындарының орналасуы мониторингті жүзеге асырған ұйымдардың алдына қойылған міндеттерге байланысты болып табылады.

Мысалы, ҚР Энергетика министрлігі Атырау облысы бойынша Экология департаментінің зертханаларында бақылау орындары Каспий теңізінің шығыс бөлігінде Батыс Тәжіғали мен Прибрежное кен орны жағылған мұнай ұңғымаларына жақын жерде,

сондай-ақ, NCOC (Норт Каспиан Оперейтинг Компани) компаниясының аралдан 500 м арақашықтықтағы жасанды аралдары маңында орналасқан. Энергетика министрлігі Атырау облысы бойынша Экология департаментінің бақылау орындары Ақтау қаласына жақын жерде теңізге ағын су Маңғыстау энергокомбинат маңында орналасқан.

Атырау және Маңғыстау облысы Экология департаментімен салыстырғанда, Қазгидрометтің су сынамасын жинау және түбіндегі шөгінділер орны репрезентативті бақылау принципі мен ұзақ уақытқа және тұрақты негізде бақылау жүргізу қажеттілігін есепке ала отырып бекітілген.

Каспий теңізінің қазақстандық бөлігі мен «Қазгидромет» РМК жүзеге асырылатын «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағында қоршаған ортаға мемлекеттік мониторинг жүргізуге атмосфералық ауа сынамасын, кен орындары ауданындағы топырақ пен теңіз суы мен түбіндегі қалдықтардың сынамасын жинау кіреді. Ауаны, су мен түбіндегі шөгінділерді талдау Атырау мен Маңғыстау облыстарында орналасқан екі аккредитацияланған химиялық-сараптамалық зертханалары арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі таңда Солтүстік және Орта Каспий айдынынан теңіз суы мен түбіндегі шөгінді сынамасын алу «Табиғат» кемесі арқылы жүзеге асырылады.

Атмосфералық ауа күйін мониторингілеу төмендег 7 кен орындарындағы экспедициялық зерттеулер көмегімен жүргізіледі:

- Атырау облысындағы 5 кен орнында: Жанбай, Забурунье, Мақат, Қосшағыл, Доссор (мамыр, маусым, тамыз, қыркүйек). 6 құрамбөліктері анықталады: 1) салмақтанған заттар, 2) күкірт диоксиді, 3) көміртек оксиді, 4) азот диоксиді, 5) аммиак, 6) күкіртсутек;

- Маңғыстау облысындағы 2 кен орнында: Дунга, Жетібай (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан). 8 құрамбөліктері анықталады: : 1) салмақтанған заттар, 2) күкірт диоксиді, 3) ерігіш сульфаттар, 4) көміртек оксиді, 5) азот диоксиді, 6) аммиак, 7) күкірт қышқылы, 8) жиынтық көмірсутектер.

Сондай-ақ, атмосфералық ауа жағдайын бақылау «Ақтау теңіз порты» АЭА аумағында 1 орында күн сайын демалыс және мереке күндерінен басқа барлық күні жергілікті уақыт бойынша 07 және 13 сағатта жүргізіледі. 8 ластағыш заттар анықталады: 1) салмақтанған заттар, 2) күкірт диоксиді, 3) ерігіш сульфаттар, 4) көміртек оксиді, 5) азот диоксиді, 6) амиак, 7) күкірт қышқылы, 8) жиынтық көмірсутектер.

Маңғыстау облысы бойынша «Қазгидромет» МРК бөлімшесінде 3 жағалаулық станцияларда (Форт-Шевченко, Фетисово, Қаламқас), 2 кен орнында (Қаражанбас, Арман) 28 көрсеткіш (3-кесте) бойынша теңіз суы сапасын бақылау мамыр, маусым, тамыз, қазан мен қарашада; «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жағалауындағы бөгет айдынында, Құрық кенті ауданы, Орта және Оңтүстік Каспийдің шекаралық аумағында (Адамтас маягы) наурыз

бен қазанда; «Ақтау теңіз порты» Арнайы экономикалық аймағы (АЭА) айдынындағы 4 бақылау нүктелерінде қадағалау ай сайын жүргізіледі.

Маңғыстау облысы бойынша «Қазгидромет» МРК бөлімшесі Солтүстік және Орта Каспий айдынында «Табиғат» кемесінің көмегімен 3 жағалаулық станцияларда (теңіз кеме жүретін каналы, Жайық өзені теңіз кемері, Тенгиз кен орны), Атырау облысы ғасырлық тілігінің 2 станциясында (Шалығи-Құлалы шығанағы аралы, «А» және «В» қосымша тіліктері), Маңғыстау облысы ғасырлық тілігінің 3 станциясында (Кендірлі, Дивичи, Песчаный-Дербент, Маңғышлақ-Чечень), Қаламқас, Дархан, Құрманғазы, жағылған ұңғыма ауданында, Құлалы аралы ауданында (46 нүкте) теңіз суы күйі анықтау үшін сынама алу жүзеге асырылады.

Теңіз суының сапасы Солтүстік Каспийдегі теңіз суы мен түбіндегі шөгінділер сынамасын жинау кезеңіне қарай – жылына 6 ай (мамырдан қазанға дейін), Орта Каспийде – жылына 4 ай (мамыр, шілде, тамыз, қыркүйек) 45 көрсеткіш бойынша (4-кесте) анықталады.

3-кесте

Маңғыстау облысы бойынша «Ақтау теңіз портв» АЭА қосқанда су сапасының анықталған көрсеткіштер тізімі

№	Анықталған параметрлер тізімі		
1	Су температурасы	15	Минералдану
2	Сутекті көрсеткіш	16	Карбонаттар
3	Салмақтанған заттар	17	Жалпы темір
4	Құрғақ қалдық	18	Фенолдар
5	Еріген оттегі	19	Мұнай өнімдері
6	Сульфаттар	20	Кальций
7	БПК ₅	21	Магний
8	Аммонийтұзды	22	Қорғаныс
9	Нитритті азот	23	Мыс
10	Нитратты азот	24	Никель
11	Азот жиынтығы	25	Мырыш
12	Фосфаттар	26	Хром (6+)
13	Анион беткейлік белсенді заттар	27	Марганец
14	ХПК	28	Хлоридтер

Атырау облысы бойынша су сапасының анықталған көрсеткіштерінің тізімі

№	Анықталған параметрлер тізімі		
1	Температура	24	Жалпы фосфор
2	Лайлылығы	25	Жалпы темір
3	Сілтілік	26	Кремний
4	Сутектік көрсеткіш	27	Ұшқыш фенолдар
5	Салыстырмалы электр өткізгіштік	28	Натрий
6	Салмақтанған заттар	29	Калий
7	Құрғақ қалдық	30	Мұнай өнімдері
8	Қышқылды химиялық тұтыну	31	Анион беткейлі белсенді заттар
9	Қаттылық	32	Қорғасын
10	Еріген оттегі	33	Мыс
11	% оттегімен қанығу	34	Мырыш
12	Хлоридтер	35	Жалпы хром
13	Сульфаттар	36	Хром (6+)
14	Гидрокарбонаттар	37	Хром (3+)
15	Кальций	38	Фторидтер
16	Магний	39	Бор
17	Минералдану	40	Сынап
18	БПК ₅	41	Кобальт
19	Тұзды аммоний	42	Никель
20	Нитритті азот	43	Марганец
21	Нитратты азот	44	Күкіртсутек
22	Азот жиынтығы	45	Кадмий
23	Фосфаттар		

2014 жылы «Қазгидромет» РМК гидрометеорологиялық және экологиялық көрсеткіштерді үздіксіз мониторингілеуді қамтамасыз ету мақсатында Каспий айдынына Құрық ауданына (Маңғыстау облысы) 1 теңіздік автоматты буй станциясын қондырды. Станция 11 параметрді анықтауға және он-лайн режимінде ақпаратты орталық серверге 1 сағат арақашықтықта беруге мүмкіндік береді:

- мұнай мен мұнай өнімдерінің мөлшері, ағымның бағыты мен жылдамдығы, су деңгейі мен толқын, судың тұздылығы мен температурасы, судағы еріген оттектің концентрациясы, рН, лайлылық.

2015 жылы Маңғыстау (Баутино бекеті ауданы мен Ақтау қаласы) мен Атырау облыстарында (Қашаған кен орны ауданындағы санитарлық-қорғау шекарасында) Каспий айдынында 6 буй станцияларын қондыру жалғасуда.

Урбандалған аумақтағы топырақтың ластану мониторингін жүргізген кезде сынама жылына 2 рет (көктемде және күзде) 5 кен орнында (25 нүкте) – Атырау облысындағы Жанбай, Забурунье, Мақат, Қосшағыл, Доссорда мұнай өнімдері мен металдардың құрамын анықтау үшін (мыс, кадмий, қорғасын, мырыш, хром (6+), 4 кен орнында (8 нүкте) – Маңғыстау облысындағы Дунга, Жетібай, Қаражанбас, Арман және «Ақтау теңіз порты» АЭА порты айдынындағы 10 нүктеде мұнай өнімдері, мырыш, никель, қорғасын, мыс, марганец, хром (6+) құрамын анықтау үшін сынама жиналады.

Каспий теңізі түбіндегі шөгінділерді мониторингілеу жылына 2 рет жүргізіледі (көктемде және күзде):

- 3 жағалаулық станцияда (теңіз кеме жүретін канал – 2 нүкте, Жайық өзені теңіз кемері – 5 нүкте, Тенгиз кен орны – 5 нүкте) және Атырау облысы ғасырлық тілігінің 2 станциясында (Шалығи-Құлалы шығанағы аралында – 7 нүкте, «А» және «В» қосымша тіліктері – 9 нүкте), Маңғыстау облысы ғасырлық тілігінің 3 станциясында (Кендірлі-Дивичи – 3 нүкте, Песчаный-Дербент – 3 нүкте, Маңғышлақ-Чечень – 3 нүкте), Қаламқас, Дархан, Құрманғазы, жағылған ұңғыма ауданында (3 нүкте), Құлалы аралы ауданында (3 нүкте).

- Маңғыстау облысы бойынша 3 жағалаулық станцияда (Форт-Шевченко, Фетисово, Қаламқас) және 2 кен орнында (Қаражанбас, Арман), «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жағалауындағы бөгет айдынында – 3 нүкте, Құрық кенті ауданында – 3 нүкте, Орта және Оңтүстік Каспий шекаралық аумағында – 3 нүкте (Адамтас маяғы).

- «Ақтау теңіз порты» АЭА айдыны маңындағы 10 бақылау нүктелерінде.

Мұнай өнімдері, мыс, хром (6+), никель, марганец, қорғасын, мырыш құрамы анықталады.

Экспозициялық мөлшер қуаттылығын (ЭМК) өлшеуге радиобелсенді ластануды бақылау гамма-сәулелену Маңғыстау облысындағы Қошқар Ата улы көлінде жүргізіледі. Ай сайын экспозициялық мөлшер қуаттылығын аспаптық өлшеу үшін гамма-сәулелену дозиметрлермен жүргізіледі.

Қоршаған ортаның ластануы анықталған жағдайларда қоршаған ортаның жоғары ластану жағдайлары (ЖЛ) мен экстремалды-жоғары ластануы (ЭЖЛ) туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен облыстардағы Экология департаменттеріне жеткізіледі.

Экологиялық ақпараттың жалпы қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін маусым сайын Каспий теңізінің қазақстандық бөлігі мен «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағындағы қоршаған ортаның күйі туралы ақпараттық бюллетень шығарылып, министрлік сайтына орналастырылады.

Қоршаған орта жағдайына бақылау жүргізгенде «Қазгидромет» РМК келесі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады:

Атмосфералық ауа күйі бойынша:

1. БҚ 52.04.186-89 Атмосфераның ластануын бақылау бойынша нұсқаулық.
2. МЕМСТ 17.2.3.01-86 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Елдімекендердегі ауа сапасын бақылау ережелері;

Құрлық бетінде су мен теңіз күйі бойынша:

1. Балық шаруашылығы су қоймалары үшін судың зиянды заттарының мүмкін шектік концентрациясының (МШК) жинақталған тізімі, Мәскеу 1990 ж. (ҚР ҚОҚМ нормативтік құқықтық актілер тізілімін құру туралы 27.10.2006 жылғы № 324-п Бұйрық);
2. Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша беткейлік судың сапасын кешенді бағалау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. Астана 2012;
3. МЕМСТ 17.1.1.02-77 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Су нысандарын жіктеу;
4. МЕМСТ 17.1.3.07-82 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Су қоймалары мен су ағысы сапасын бақылау ережелері;
5. МЕМСТ 17.1.3.08-82 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Теңіз суы сапасын бақылау ережелері;
6. МЕМСТ 17.1.5.05-85. Табиғатты қорғау Гидросфера. Беткейлік және теңіз суларының, мұз бен атмосфералық қалдықтардың сынамасын жинауға жалпы талаптар;
7. МЕМСТ 17.1.5.01-80 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Ластануға талдау жасау үшін су нысанарының түбінде жиналған шөгінділерден сынама алуға қойылатын жалпы талаптар.

44 – 47. Ғылыми зерттеулер мен дайындаулар (Тегеран конвенциясының 20-бабы).

Қазақстанда жыл сайын Каспий теңізі мен оның жағалауларын қорғауға байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстары көптеп жүргізіледі.

Мысалы, республикалық бюджет есебінен келесі зерттеулерге қаржы бөлінді:

- Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы мұзды жағдайды бағалау. Жұмыс 2011-2012 жылдары «ҚазЭКФЗИ» РМК арқылы жүргізілді;

- Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы қоршаған орта жағдайына аэрокосмостық мониторинг жүргізу. Жұмысты 2007 жылы «КАЗГЕОКОСМОС» АҚ орындады;

- Каспий маңының солтүстік-шығыс бөлігіндегі заманауи экологиялық ахуалды Каспий теңізі деңгейінің көтерілуі салдарынан, сондай-ақ, көмірсутек шикізаты кен орындарын қарқынды өңдеумен байланысты орын алған процестерді қосқанда, бағалау мен зерттеу». Жұмысты 2007 жылы «ҚазЭКҒЗИ» РМК қолға алды;

- «Қазақстанның Каспий маңы аймағын экологиялық аймақтандыру». Жұмысты 2007-2009 жылдары «География институты» ЖШС орындады;

- Қазақстанның жеті экожүйе аймағын Орал-Каспий тұрақты даму аймағын негізге ала отырып құруға ғылыми дәлелдемелер». Жұмысты 2009 жылы «Денсаулық сақтау мен экожобалау орталығы» ЖШС орындады;

- Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі биологиялық ресурс жағдайын бағалау бойынша кешенді теңіз зерттеулерін жүргізу. Жұмысты 2007-2011 жылдар аралығында Қазақстандық қолданбалы экология агенттігі жүргізді;

- Каспий теңізі мен жағалаулық бөлігінде (қазақстандық сектор) жағдайды мониторингілеудің интеграцияланған жүйесін құруға ғылыми дәйектер. Жұмыс 2011-2012 жылдары «Еуразиялық су орталығы» АҚ арқылы орындалды;

- Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы мұзды жағдайды бағалау (2011-2012 жылдарға қорытынды есеп). Жұмысты «Қазгидромет» РМК 2011-2012 жылдары орындады.

Соңғы келтірілген ғылыми жұмыстарды мысалға алсақ, нәтижесінде Каспий теңізіндегі мұз жағдайына апта сайын шолу жасалады екен. Мұзды кезең аяқталған соң дереу бақылау материалдарын негізге ала отырып әр теңіз гидрометеорологиялық станциясында жыл сайын Каспий теңізі мұз режимінің негізгі сипаттамасының жиынтық кестесі құрастырылып, ол «Каспий теңізі суы режимінің жыл сайынғы деректері. Қазақстандық жағалауда» жарияланады:

Каспий теңізі мұз режимінің негізгі элементтері туралы деректер.

Атырау және Маңғыстау облысының әкімдіктері сондай-ақ, Каспий теңізі мен оның жағалаулық аймағына ғылыми зерттеу жүргізуге қаражат бөледі. Осылайша, ағымдағы жылы облыстық бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік-экономикалық дамуы мен облыстың экологиялық жағдайын, табиғи-ресурстық әлеуетін геокеңістіктік бағалау бойынша Атырау облысының үш томдық Атласы дайындалып, жарық көрді. Маңғыстау облыстық әкімдігі қаражаты есебінен 2007-ден 2010 жылдар аралығында «Каспий теңізі

шельфі мен жағалаулық аймағында аэроғарыштық қашықтықтық барлауды қолдану арқылы мемлекеттік экологиялық мониторинг» жұмыстары орындалды.

Аймақты ғылыми зерттеу жұмыстары өнеркәсіп қаржысы есебінен де жүргізіледі. 2015 жылы «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС Атырау қаласына жақын орналасқан «Тухлая балка» булану өрісінің экологиялық күйін зерттеуді қолға алды.

48. Ақпаратпен алмасу және оған қол жеткізу (Тегеран конвенциясының 21-бабы, Каспий теңізін жерүсті мен құрлықта жүзеге асырылған қызмет салдарынан ластанудан қорғау бойынша Хаттама жобасы (14 және 15-бап), Биологиялық әртүрлілікті сақтау бойынша Хаттама жобасы (17 және 18-бап), Траншекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалау Хаттамасы мен мұнаймен ластануды тудыратын жағдайлар орын алғанда аймақтық дайындық, әрекет ету мен әріптестік туралы Хаттама (6-бап).

49. Сіздің еліңіздің заңнамасы қоршаған орта туралы ақпаратқа қоғамның еркін қолжетімділігі қағидатын қарастыра ма?

Қоғамның қоршаған орта туралы ақпаратқа қолжетімділігі саясаты (қағидаттары) бар ма?

<i>Жоқ</i>	
<i>Жоқ, заңнама дайындалудың алғашқы сатысында</i>	
<i>Жоқ, алайда заңнама жасалудың жетілген сатысында</i>	
<i>Иә, заңнама бар (нақтырақ төменде мәлімет беріңіз)</i>	<i>Иә</i>

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 160-бабына сәйкес мемлекеттік органдар олардың құзыретіне сай ғаламторда орналастыру құралымен және өзге де жалпыға қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдану арқылы экологиялық ақпараттың келесі түрлерін таратады:

- қоршаған ортаның жай-күйі туралы баяндамаларды;
- қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің және халықаралық шарттардың жобалары мен мәтіндерін;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатқа қатысты құжаттардың жобалары мен мәтіндерін;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау-инспекциялық және құқық қолдану қызметінің нәтижелері жөніндегі есептерді;

- электрондық үкіметтің қоршаған ортаны қорғау саласындағы базалық қызметтерінің тізбесіне жатқызылған ақпаратты.

Қазақстанның Экологиялық кодексінің 163-бабына сәйкес ақпарат Қазақстан Республикасы заңдарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда баршаға қолжетімді болып табылады. Жалпыға қолжетімді экологиялық ақпаратты құрайтын жеке деректер мен мәліметтерге қол жеткізу олар туралы жеке және заңды тұлғалардан сұрау, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, арнайы баспада, ғаламтор арқылы, сондай-ақ, жалпыға қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық құралдармен тарату арқылы жүзеге асырылады.

Жеке және заңды тұлғалар экологиялық ақпараттың жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттық ресурстарды еркін алуға құқылы (ҚР Экологиялық кодексінің 164-бабы).

Мемлекеттік органдар, сондай-ақ, лауазымды тұлғалар экологиялық ақпараттарға еркін қол жеткізу мүмкіндігін, соның ішінде, жеке және заңды тұлғалардың талаптарын орындауға міндетті. Экологиялық ақпаратты ұсынғаны үшін көшіру, іздеу мен ақпаратты дайындауға кеткен нақты шығыннан аспайтын төлем алынады.

Жеке және заңды тұлғаларға экологиялық ақпарат ұсынғанда ҚР Экологиялық кодексінің 167-бабында келтірілген негіздерге байланысты бас тартылуы мүмкін.

Сіздің еліңізде қоғамның ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге сәйкес институционалдық құрылым (а) немесе механизмдер (b) бар ма?

	<i>(а) институционалдық құрылымдар</i>	<i>b) механизмдер</i>
<i>Жоқ</i>		
<i>Жоқ, заңнама дайындалудың алғашқы сатысында</i>		
<i>Жоқ, алайда заңнама жасалудың жетілген сатысында</i>		

<i>Иә, заңнама бар (нақтырақ төменде мәлімет беріңіз)</i>		<i>Иә</i>
---	--	-----------

Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны бекіту туралы Конвенцияны ҚР 2000 жылғы 23 қазандағы №92-ІІ Заңымен бекітті (Орхусс конвенциясы).

Конвенция мемлекеттік органдарға бүкіл негізге алынатын қағидаттар аясында қоғам құқығын жүзеге асыруды қолдау мен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер қатарын ұсынады. Конвенцияны орындаудағы уәкілетті мемлекеттік орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы уәкілетті органы болып табылады. Қазіргі таңда бұл – ҚР Энергетика министрлігі.

Орхусс конвенциясын жүзеге асыру мақсатында 2009 жылдың 20 наурызында Қазақстанда ҚР Энергетика министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдамалық орталығы» РМК базасында келесі қызметтерге Орхусс орталығы құрылып, жұмыс істеуде.

Қазақстанның Каспий маңы аймағында 2009 жылдың 21 қыркүйегінде Атырау қаласында Жайық-Каспийлік Орхусс орталығы құрылды. Орталық сол уақыттағы ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Атырау облысы әкімдігі, Астанадағы ЕҚЫҰ орталығы мен Қазақстан ҰЕҰ Экофорумы арасындағы меморандум негізінде құрылды.

Орталықты құру мақсаты Жайық-Каспий бассейні аумағындағы қоршаған ортаның сұрақтарын шешуге әсер ету болып саналады.

Одан бөлек, ҚР Су кодексінің 43-бабына сәйкес 2007 жылы су ресурстарын қорғау мен пайдалану саласында консультациялық-кеңестік орган болып табылатын Жайық-Каспий бассейні кеңесі құрылды.

Бассейн кеңесі облыстың екі жергілікті өкілетті және атқарушы органдарының жетекшісінен, мемлекеттік органдардың аумақтық органдарының жетекшілері мен суды қолданушылар өкілінен тұрады. Бассейн кеңесі құрамына сонымен қатар, қоғамдық ұйым мен олардың ассоциациясы өкілдері кіреді.

Бассейн кеңесі су қорын пайдалану мен сақтау, сумен қамтамасыз ету мен су ағысы саласындағы өзекті мәселелерді қарастырып, бассейндік келісім қатысушылары үшін ұсыныстар мен нұсқамалар енгізеді.

Бассейн кеңесі отырысында облыстық және республикалық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдары шақырылады.

50. Сіздің еліңіздегі елдегі қоршаған орта жағдайы туралы тұрақты баяндама басылуы жүзеге асырыла ма? Егер иә болса, кезеңділігін көрсетіңіз.

Қазақстанда тұрақты түрде (жыл сайын) республикадағы қоршаған орта жағдайы туралы Ұлтты баяндама жарыққа шығады. Ұлттық баяндама мәтіндері ҚР Энергетика министрлігінің сайтында орналастырылған.

Алайда оны дайындау мен басып шығару заң тұрғысынан әлі бекітілмеген. Қазіргі таңда ҚР Энергетика министрлігі елдің қоршаған орта жағдайы туралы Ұлттық баяндаманы жасау мен жарыққа шығаруды қарастыратын Қазақстанның Экологиялық кодексіне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды жасауда.

3-БӨЛІМ. Жалпы тұжырымдар мен нұсқамалар

51. Аталмыш бөлімде Тараптарға Каспийдің теңіз ортасын ластанудан, соның ішінде, оның биологиялық әртүрлілігін сақтау, қорғау, қалпына келтіру, тұрақты және дұрыс пайдалануды қоса алғанда қызмет тиімділігін арттыру бойынша елдегі Конвенцияны жүзеге асыруға әсер ете ме, соған жалпы баға беру ұсынылады.

Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау туралы шекті конвенция сөзсіз Каспийдің қоршаған ортасын қорғау тиімділігін арттыруға әсер етеді. Каспий теңізі трансшекаралық су қоймасы болып табылатындықтан, әр Каспий маңы мемлекеттерінің күші теңіздің тұрақтылығы мен экологиялық жағдайының жақсаруын қамтамасыз ете алмайды. Бүкіл Каспий маңы мемлекеттерінің бірігуі мен әрекеттерін ұйымдастыруы қажет.

52. Конвенцияны жүзеге асыруды әрі қарай белсендіру үшін ұлттық деңгейде қабылдануы тиіс шара/әрекетті тізу арқылы өз ұсынысыңызды білдіріңіз.

Қазақстанда Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау шаралары кешені қабылданғанына қарамастан, оның экологиялық жағдайын жақсартып, биологиялық ресурстың, әсіресе, бекіре балықтарының саны мен әр түрлілігін қалпына келтіру үшін әлі көп нәрсе жасау қажет. Жекелей алғанда, келесі шараларды орындау керек:

1) Каспий теңізінің экологиялық сыйымдылығын анықтап, Каспий теңізі шельфінде мұнай операцияларының барлық түрін жүргізу бойынша уақыттық шектеу қою;

2) Каспий теңізінің қазақстандық секторының жағдайының толыққанды мемлекеттік экологиялық мониторингін ұйымдастыру;

3) теңіздегі биологиялық ресурсқа кеме жүргізу қарқындылығын есепке ала отырып, барынша көп мүмкін жүктемелерді бекіту;

- 4) мұнай құятын кеме қозғалысының қауіпсіздік жүйесін ұйымдастыру;
- 5) шырақта флюидтер жағуды, соның ішінде, оны мұнай ұнғымасында жасауға толықтай тыйым салу.

Мемлекеттік мониторингті ұйымдастыру кезінде келесі міндетті талаптарды сақтау қажет:

- 1) Бақылау орындарында теңіз ортасының жағдайын анықтау (3 немесе 5 жыл арақашықтықпен жасауға болады);
- 2) Әрбір есеп беру кезеңінде бақыланатын көрсеткіштер бойынша алынған деректерге талдау жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелеріне көз жеткізу және бүкіл зертханалық зерттеулер негізінде Каспий теңізі жағдайы туралы жиынтық талдамалы есеп дайындау;
- 3) Мердігер ұйым қажет болған жағдайда (мемлекеттік мониторингті жүзеге асыратын) мемлекеттік экологиялық қадағалау қызметімен бірге теңіз айдыны сапасының нашарлауы бойынша бар материалдармен танысып, олардың мүмкін себептерін анықтау.

Жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстары шынайы болу мақсатында автоматты өлшеу шаралары мен «On-line» режимінде қоршаған ортаға параметрлер туралы деректер беретін (үздіксіз автоматты режим) шараларымен қамтамасыз ету қажет.

Каспий теңізі шельфіндегі көмірсутек шикізаты кен орнын игеру бойынша ірі көлемді шаралардың жоспарлануына байланысты жұмыс атқарған кезде келесі ерекше жағдайларды еске ұстау ұсынылады.

Жекелей алғанда, Каспий теңізі шельфіндегі жұмыстар теңіз ортасына мұнай құрамдас заттардың түсуін айтарлықтай төмендететін жоғары технологиялы құрылғыларды қолдану арқылы жүргізілуі тиіс. Тек бұл міндеттерді орындағанда, сонымен қатар, теңізге «нөлдік» қалдық ағысы кезінде мұнай өндірісі ауданындағы теңіз суы сапасының жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізуге болады. Сонымен қатар:

- ірі көлемдегі апатты жоюға арналған қосымша базалар құру, МТӘСКЭБ (СКЭБР) бірінші және екінші деңгейде мұнай төгілгенде ғана жояды, ал Қашаған кен орнындағы жоғары құрамды күкіртсутек пен пластылық қысым сәйкес базаны талап етеді;
- теңіздегі мұнай операцияларын қоғамдық бақылауды күшейту үшін билік, бизнес және азаматтық қоғамды біріктіретін Каспий теңізін қорғау мен тұрақты дамыту бойынша Қоғамдық кеңес құру;
- теңізде мұнай операцияларымен айналысатын компаниялар әрекетінен апатты жағдай орын алуынан тұрғындар мен қоршаған ортаны сақтандыру және компенсациялау механизмін заңнамалық тұрғыда бекіту;

- теңізде орналасқан қалдықтардың қайнар көзі үшін атмосферадағы ластанған заттарды шашу есебінің әдістемесін жасау.

Сондай-ақ, мемлекеттік деңгейде келесі құрылымдар және/немесе бөлімшелер құру ұсынылады:

- теңізде апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу және мұнай төгілуіне әрекет ету үшін теңіздік апаттық-құтқару отрядын құру;

- Каспий теңізінің теңіз ортасының экологиялық жағдайын бағалау мен болжау бойынша Бірыңғай орталық құру.